



**АБАЙ ОБЛЫСЫ ӘКІМДІГІ
АБАЙДЫҢ «ЖИДЕБАЙ-БӨРІЛІ» МЕМЛЕКЕТТІК ТАРИХИ-МӘДЕНИ
ЖӘНЕ ӘДЕБИ-МЕМОРИАЛДЫҚ МУЗЕЙ-ҚОРЫҒЫ
SHAKARIM UNIVERSITY**

«ҚҰНАНБАЙ ӨСКЕНБАЙҰЛЫ: ТҰЛҒА, ТАРИХ, ФЕНОМЕН»

халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференциясының

МАТЕРИАЛДАРЫ

Семей, 2024

**АБАЙ ОБЛЫСЫ ӘКІМДІГІ
АБАЙДЫҢ «ЖИДЕБАЙ-БӨРЛІ» МЕМЛЕКЕТТІК ТАРИХИ-МӘДЕНИ
ЖӘНЕ ӘДЕБИ-МЕМОРИАЛДЫҚ МУЗЕЙ-ҚОРЫҒЫ
SHAKARIM UNIVERSITY**

**«ҚҰНАНБАЙ ӨСКЕНБАЙҰЛЫ: ТҰЛҒА, ТАРИХ, ФЕНОМЕН»
халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференциясының
МАТЕРИАЛДАРЫ**

Семей, 2024

УДК 94 (574)
ББК 63.3 (5Қаз)
Қ76

**Жалпы редакциясын басқарған Shakarim University ректоры
Д.Р. Орынбеков**

Редакция алқасы:

Ердембеков Б.А. – филология ғылымдарының докторы, профессор

Кәрімов М.Қ. – тарих ғылымдарының кандидаты, профессор

Смағұлова А.Т. – филология ғылымдарының кандидаты, «Абай және ұлттық руханият» ҒЗО-ның жетекшісі

Қасымова Ә.Ә. – PhD, филология жоғары мектебінің деканы

Құнанбай Өскенбайұлының туғанына 220 жыл толуына арналған **«Құнанбай Өскенбайұлы: тұлға, тарих, феномен»**. – Республикалық ғылыми-тәжірибелік конференциясының (2024 жылы, 14 маусым): материалдары / Бас редакторы: Д.Р.Орынбеков. – Семей: Shakarim University, 2024. – 150 б.

ISBN 978-601-313-192-4

Жинаққа Құнанбай Өскенбайұлының туғанына 220 жыл толуына арналған «Құнанбай Өскенбайұлы: тұлға, тарих, феномен» республикалық ғылыми-тәжірибелік конференциясының материалдары енгізілді.

Жинақ жоғары оқу орындарының профессорлық-оқытушылық құрамына, докторанттарға, магистранттар мен студенттерге және мектеп мұғалімдеріне арналған.

УДК 94 (574)
ББК 63.3 (5Қаз)
Қ76

ISBN 978-601-313-192-4

© Семей қаласының Шәкәрім атындағы университеті, 2024

Қазақстан Республикасы
Ғылым және жоғары білім министрі
Саясат Нұрбектің
ҚҰТТЫҚТАУ СӨЗІ

Қадірлі конференцияға қатысушылар!
Қымбатты қонақтар!



Сіздерді Қазақстан Республикасы Ғылым және Жоғары білім министрлігінің атынан ұлы Абайдың әкесі, данышпан Шәкәрімнің атасы, ХІХ ғасырдың көрнекті қайраткері Құнанбай Өскенбайұлының туғанына 220 жыл толу құрметіне арналған «Құнанбай Өскенбайұлы: тұлға, тарих, феномен» халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференциясының ашылуымен құттықтаймын!

Еліміздің Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев Семей қаласының зиялы қауым өкілдерімен кездесуінде: «Ұлы Абайды ұлықтағанда, оның әкесі Құнанбайдың ел тарихындағы еңбегін ұмытпауымыз қажет. Ол – Семейге ғана емес, тұтас қазақ тарихында өз орны бар тұлға», – деп атап көрсеткеніндей, ойшылдың қалыптасу ортасын жан-жақты зерттеу қашанда өзекті болмақ.

Ұлы Даланың құнарлы бір пұшпағы – Қазақ жерінің әсем де, қатал да табиғаты, өзінің қойнауында дүниеге келген перзенттерін жас күндерінен-ақ тіршіліктің сан алуан қатал сынынан өткізіп, олардың дара тұлғаға тән мінездерін, кісілік қабілеттерін қалыптастыратын. Түбінде көшпелі қоғамның тұлғалы басшыларына айналатын олардың бойларынан табандылықты, әділдікті, көрегендікті, шешендікті, қалыптасқан салт-дәстүрді, әдет-ғұрып заңдарын жетік білу, қиын-қыстауларда жол табу, халықтың сеніміне ие болу және ел басқару сияқты қасиеттерді көруге болатын. Олар сол сияқты қазақ руханиятының да қамқоршылары бола білді.

Сондай дара тұлғалардың бірі – Құнанбай Өскенбайұлы.

Ел ішінде «мырза» атанған Құнанбай қажы «Ескі там» медресесін салдырған. Қазақ балалары шарифат ілімдерімен қоса фольклор, философия, математика сынды дүнияуи пәндерді де оқуы керек деп шешім қылған. Ат үстінде шайқасып, білек күшіне бағынған замана кейпі түс өзгертіп, енді оқу-ғылымның, білімнің заманы келе жатқанын аға сұлтан ерте бағамдаған.

Құнанбай қажының ел түсінігіндегі бейнесінен, оның жүріп өткен жолынан халқымыздың тарихының күрделі кезеңдерін көргендей боласыз. Шынында Құнанбай да өз дәуірінің заманы тұлғасын сомдаған перзенті. Оның іс-әрекеті сол дәуірмен біте қайнаған қазақ өмірінің де көрінісі. Құнанбай

бейнесінің қарама-қайшылықты болуының себебінде де осындай заңдылықтар жатыр.

Ұлы Дала кемеңгерлеріне тән Құнанбай Өскенбайұлының да мағыналы өміріне зер салғанда, оның да халқына адал қызмет етіп, елдік, ұлттық бірегейлікті сақтауда қазақ дәстүрінің негізіне сүйенгенін, оңтайлы шешімдерді қабылдағанын көреміз. Ол қоғам үшін озық білімнің де қажеттігін жақсы түсінген тұлға болды.

Қадірлі қауым! Құнанбай Өскенбайұлының туғанына 220 жыл толуына арналған халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференцияның жұмысына сәттілік тілеймін!

Shakarim University ректоры
Д.Р.Орынбековтің
ҚҰТТЫҚТАУ СӨЗІ



**Қадірлі қонақтар, ұстаздар, зиялы қауым
өкілдері!**

Тарихи тұлға Құнанбай Өскенбайұлының 220 жылдық мерейтойына арналған «Құнанбай Өскенбайұлы: тұлға, тарих, феномен» тақырыбындағы халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференциясына қош келдіңіздер!

Меккеде тәкие салдырып, Еуропа біліміне зор құрмет қылған, ділі мығым, діні берік Құнанбай қажы – қазақ тарихындағы болмысы ерек тұлғалардың бірі. Ел ісіне ғаділет көзімен

қарап, қатаң тәртіппен жүрген, кесек мінезді қажының қасиеті де, өсиеті де – сөзінде. Құнанбай болмысының қаншалықты күрделі, сан салалы, терең екендігін «Арым – жанымның садағасы, жаным – малымның садағасы» деген бір ауыз сөзінен аңғаруға болады. Себебі, ар жолы – шын мәнінде адамшылықтан айнытпас ақиқат жолы. Өкімет указдары мен құран сөздерін жатқа айтатын феноменді жады иесі, дала заңын жетік меңгерген Құнанбай Өскенбайұлы 1831 жылы ел тізгінін қолына алды. Құран ұстап, ант берген аға сұлтанның ел ісінде атқарған қызметі адалдық дейтін ұлы ұғымға кіндік байлады. Бұл сөзімізге тарих парағын өрнектеген шежіре жазбалар мен өткен күннен сыр-сұхбат алған ғалымдарымыздың еңбектері дәлел.

Құнанбай Өскенбайұлы – «Тәте» – деп, жолын кесе көлденең кесіп өтпеген дана Абайдың әкесі ғана емес, ұстазы, тәлімгері һәм сырлас досы. Қарадан шығып, хан атанған ел қадірлісі.

Бүгінгі мерейтой түп төркінінде күллі Алаштың, қазақ руханиятының тойы.

Шәкәрім университетінде Шығыс өңірінің, Құнанбай әулетінің рухтаң басына айналған Абай, Мұхтар, Шәкәрім есімдеріне қатысты біршама зерттеу жобалары жүргізіледі. Сондай-ақ, «Иманигүл», «Толық адам» философиялық ой-тұжырымдарын тәпсірлейтін, моральдық-этикалық нормаларын насихат қылатын, барлық мамандықтарға арналған «Абай әлемі» пәні оқытылады. Бұл пәннің модульдық бағдарламасында Құнанбай Өскенбайұлының өмірі, қайраткерлік қызметі, Абай шығармашылығына әсері сынды мағыналы тұстары жас шәкірттердің санасына әке мен бала, ұстаз бен шәкірт, ел мен ер қатынастарының мысалы негізінде түсіндіріледі.

Қадірлі ағайын, бүгінгі конференциямызға Құнанбай әулетінің ұрпақтары, Түркия, Өзбекстан мемлекеттерінен, сондай-ақ, қазақ жерінің түкпір-түкпірінен келген ғалымдар қатысып отыр. Абай ауданы әкімдігінің бастамасымен Шәкәрім университеті және Абай музейінің ұйымдастырылуымен өтіп жатқан

конференцияның пленарлық мәжілісі бүгін түске дейін Шәкәрім университетінде, түстен кейін Абай музейінде жалғасады.

Қадірлі зиялы қауым, пленарлық мәжілісімізді бастауға рұқсат етіңіздер!
Ойымыз өрелі, кеңесіміз келелі болсын!

ҒТАХР: 17.71.07

ҚҰНАНБАЙ – ТАРИХИ ТҰЛҒА

Еспенбетов А.С., ф.ғ.д., профессор,
Шәкәрім университеті
(ҚР, Семей қ.)

Ұлы Абайдың 175 жыл мерейтойы қарсаңында бұл мәселе жаңаша, басқаша реңк алды. ҚР Президенті Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаев Семейде болған кездесуде: «Алдағы жылы Абай Құнанбаевтың туғанына 175 жыл толады. Осы айтулы датаны біз тұтас ел болып мемлекеттік деңгейде атап өтуіміз керек. Біз үшін бұл мерейтойдың маңызы ерекше, тарихи датаны ақыл-парасатпен салиқалы деңгейде өткізуге баса мән беру керек. Негізгі мақсат – дана Абайдың тағылымын жастардың санасына сіңіру, ұлы тұлғаның ой-толғамдарын кеңінен дәріптеу», – деп атап көрсеткен болатын. Зиялы қауым өкілдерімен болған кездесуде: «Ұлы Абайды ұлықтағанда оның әкесі Құнанбайдың ел тарихындағы еңбегін ұмытпауымыз қажет. Ол – Семейде ғана емес, тұтас қазақ тарихында өз орны бар тұлға. Оны халқымыз жақсы біледі, қадір тұтады», – деп Құнанбайдың есімін ұлықтауға да айрықша мән берді. Мерейтой аясында ауқымды істер атқарылды, жұрт көңілінен шығатын дүниелер бүгінде мен мұндалап тұр.

«Ол сыпатты қазақтан, дүниеге ешкім келмепті». Бұл – Абайдың 1885 жылы жазған өлеңі. 1895 жылы 15 қарашада Алматыда 27 жасында сүйікті ұлы Әбдірахман қайтыс болады. «Кешегі Оспан ағасы», «Кешегі өткен ер Әбіш», «Әбдірахман өлгенде», «Әбдірахман өліміне», «Әбдірахманның әйелі Мағышқа Абайдың айтқан жұбатуы», «Әбдірахманның әйелі Мағышқа Абайдың шығарып берген жоқтауы» тағы басқа шығармалары сүйікті ұлының қазасына тебіренген, күйзелген ақынның жан дүниесінде өрнек тапқан. Қатты қайғырған және өзінің көптеген шығармаларын арнаған. «Әбдірахман өлгенде» деп аталатын өлеңінде Абай Құнанбайдың қоғамдағы орны, қадір-қасиеті, қайталанбас кесек бейнесін суреттеген. Ауыр қаза үстіндегі тебіреніс, өмір, өлім философиясы, Абайдың әкесіне берген бағасы, міне, осының барлығы бір өлеңде көрініс тапқан. Құнанбай сынды адамда бұл дүниеден өткен. Дүние жалғанның кімге болса да тартар бір сыбағасы өлім деген нәрсені айтқысы келген.

Арғы атасы қажы еді.
Пейіштен татқай шәрбатты.
Жарықтықтың өнері,
Айтуға тілді тербетті...
Мұңлы-шерлі жоқ-жітік,
Аңсап алдын кернепті,
Бәрінің көңілін тындырып,
Біреуін ала көрмепті.

Абайдың Құнанбайға беріп отырған бағасы осындай.

Әділ мырза ер болып,
Әлемге жайған өрнекті.
Тәубасын еске түсіріп,
Тентекті тиып, жерлепті.
Ол сыпатты қазақтан,
Дүниеге ешкім келмепті.
Өлмейтін атақ қалдырып,
Дүниеге көңілін бөлмепті.
Жарлығына Алланың,
Ерте ойлаған көнбекті,
Оларда тірі қалған жоқ,
Тірлік арты өлмекті.
Оны да алды бұл өлім,
Сабырлық қылсақ керекті, –

дейді. Міне, өлім философиясы. Әкесіне Абайдың өзі осындай жоғары баға беріп кетсе, Мұхтар Омарханұлы Құнанбайды бағалауда өзгеше тәсілге келген. Құбылмалы заман салқынын тигізгенімен, Әуезов Құнанбайын асқақтата суреттеген. Басқаша баға беруі мүмкін де емес еді. Романда ел ісіне ерте араласқан Абай іс-әрекетін жете бейнелеген. Түрлі тапсырмалар, сәлемді жеткізу, жауабын, бір сөзін өзгертпей баяндап беру сықылды нәрсеге үйреткен. Абай он жасында үш жыл Ахмет-Риза медресесінде болады да, үш жыл оқығаннан кейін ерте оянған, есейген, талапты, ақылды баласын ел билеу ісіне салмақ ойда болады, солайша тәрбиелейді. «Әке балаға сыншы» демекші, Құнанбай баласына түрлі тапсырмалар беріп, ел арасындағы сөзге, дау-дамайға, билікке араластыра бастайды. Қарапайым ғана бір адамдарға менің сәлемімді жеткіз дейді. Сәлемін жеткізіп, қайта емтихан тапсырған сияқты, ал менің сәлеміме ол қалай жауап берді? – деп бір сөзін өзгертпей, қайталап, қадағалап, айтуды үнемі талап етіп отырған. Бұл – үлкен нәрсе. Халықтық демократиядағы үлкен дүние. Сәлемді және оның жауабын өзгертпей жеткізу бұл тек санасы таза, жүрегі ояу жандардың қолынан ғана келетін нәрсе. Мұхтар Әуезов Құнанбай бейнесін әртүрлі іс-әрекеттермен, қимылдармен аша түседі.

Мұхтар Омарханұлы Абай өмірбаянының төрт нұсқасын жазғаны белгілі. Төрт нұсқада Құнанбай туралы деректер мен ордалы ойлар үнемі жаңартылып, үнемі жетілдіріліп отырған. Тек қана Абайдың өмірбаянын жазып қоймаған, соның ішінде Абайдың әкесі, Абайға өмір сабағын берген Құнанбайдың өмір деректері мен іс-әрекетін өзгертіп отырған. Мысалы, бірінші нұсқа 1933 жылы толық жинақ жарық көргенде пайда болды, екінші нұсқа 1940 жылы 95 жылдығына орай, үшінші нұсқа 1944 жылы жазылды, төртінші нұсқа 1950 жылы жазылған.

Елдің арасында жиын болып отырғанда Абайды үнемі қатыстырған. Ақсақалдар, әр рудың басшылары отыр, солармен әңгімелесіп болғаннан кейін,

«Балам, сен қала тұршы. Айтатын бір сөзім бар» дейді. Сонда мынадай сын айтады: «Кез келген жерде айтпақ болып жүрген сөзім бар еді соны айтайын дейді. Ең әуелі, сен жұрттың бәріне күліп сөйлейсің, жайдақ су сияқтысың. Жайдақ суды ит те, құс та жалайды. Кісіге қадірің болмайды. Екінші, көрінгенмен жақын боласың, кісі талғамайтын, делбегей жүрген кісінің басына ел үйірілмейді. Ел алатын қылық ол емес. Үшінші мінің – орысшылсың» дейді. Қарап отырсаңыздар, 1940 жылы жазған «Абай өмірбаянының» екінші нұсқасында, Құнанбайдың жаңағы айтқан үш сынының үшіншісін жазбай қалдырып кеткен. Өйткені халықтар достығы бар және т.б. дүниелердің барлығын ескере келіп, «орысшылсың» деген сөздің өзі ұлтшыл деп бағаланып келген Мұхтар Әуезовтің өзіне қайта оқ боп тиетіндігін түсінгендіктен алып тастайды. Ал 1944 жылы жазған үшінші нұсқада жаңағы мінді айтып көрсеткен. Бірақ сол міннің аяғы жоқ. Оны біз М. Әуезовтің басқа еңбегінен оқимыз. Жаңағы екеуі қайталаанады, «сен әлгі жайдақ су сияқтысың» деген нәрсені, «елдің бәрімен жақын ұстайсың» деген, үшінші «орысшылсың» деген сөзді толықтырып айтады: «Орысшылсың дегенге заман орыстікі. Ол – жеңген, біз – жеңілген елміз. Ендігі күнде алысатын дұшпанның айласы мен әдісін білмесең, алысқа шығудан мағына жоқ. Мен орыстың өзін сүймесем де, өнері мен ебінен үлгі алуға керек деп білемін», – дейді Абай әкесі Құнанбайға. Құнанбай бұл жауабына қанағат қылып тоқтап, «Ақыры не болса да бетіңнен жарылқасын. Өзің білген бетіңмен жүріп көрерсің» деген екен.

Біздің зерттеушілердің Құнанбай туралы айтқан пікірлері сан алуан. Құнанбайдың образын «былай жасау керек пе еді», «былай жасау керек пе еді» деп әртүрлі пікір айтады, әртүрлі ой тастайды. Тіпті кейбір сәуегейлер төрт томдық романның өзін қысқартып екі том қылуға да, бір том жасауға да болар еді дейді. Оның барлығы сөз емес, бөз деп айтуымызға болады. Бұл шығарма өзінің бағасын алған, Мемлекеттік сыйлыққа, Лениндік сыйлыққа ие болған. Әлемдегі жауһар дүниелердің қатарынан орын алған. Сондықтан оны өзгертуге біздің ешқандай құқымыз жоқ.

Поляктың саяхатшысы Адольф Янушкевич бір жарым ғасыр бұрын өте әділ бағасын берген. Янушкевич пен Құнанбай 1846 жылы 11 маусым күні кездескен. Бұл туралы саяхатшының күнделігінде анық жазылған. Құнанбайға берген бағасы ғажап: «Дала атақтыларының бірі Құнанбай бидің жасы Барақтан шамалы ғана үлкен. Қарапайым қазақтың баласы – Құнанбай. Табиғат оған кесек ақыл, ғажайып ес, және жүйрік тіл берген. Іскер, өз аталастарының, елі туралы қам жейді. Дала заңдары мен құран қағидаларының баянды білгірі. Қазақтарға қатысты Ресей заңдарын жатқа біледі. Қара қылды қақ жарған би және өнегелі мұсылман. Қарапайым Құнанбай әулиенің даңқына бөленген. Одан ақыл сұрауға жас та, кәрі де, кедей де, бай да қиырдағы ауылдардан келіп жатады». Құнанбайдың көзін көріп сөйлескен жан болғандықтан, Янушкевичтің бұл пікірі терең мағыналы деп бағалай аламыз.

Құнанбай – аға сұлтан, дүйім жұртты, халықты аузына қаратқан көреген басшы, қайраткер. Құнанбай – қазақтың шешімді биі, кесек сөйлейтін, кесіп айтатын, не іс әрекетке барса да, ұстанған жолына берік, әділдік ауылынан

алыстамайтын тұлға. Өзі оқымағанмен, кейінгі ұрпақтың тәрбиелі, өнегелі, білімді болуын қолдаған зиялы жан. Білім құдіретін жан-жақты түсінген жан. Бұған дерек ретінде XIX ғасырдың ортасында, мөлшермен 1850 жылдары Абай елінде, Шыңғыстауда, Ескітам деген жерде мектеп ашқан. Оған Ғабитхан молданы, білімді адамдарды жинақтап оқытқан және өзінің баласы Абайды Ахмет Риза медресесіне оқуға жіберген.

Ахмет Риза медресесі қазіргі абайтанушылардың пікіріне қарағанда озық үлгідегі, биік мұраттағы, биік мақсаттағы оқу орны болған. Ахмет Риза медресесінде қызмет жасағандардың көбі Қазандағы, Стамбулдағы, Уфадағы, Троицкдегі медреселерден үлгілі білім алған, жан-жақты білімді жандар. Ендеше Ахмет Риза медресесіндегі үш жыл Абайға зор нәр берген. Әрине, Ахмет Риза медресесіні кітаптарын, бағдарламаларын тауып, оны зерттеу – болашақтың ісі.

Құнанбай дінді терең түсінген. Кеңестік кезеңде Құнанбайды жай тақуа, діндар, Меккеге барған жан ретінде түсіндіргісі келді. Ал Құнанбай, шын мәнінде, түсініп оқыған, түйсініп қабылдаған, діннің қағидаларына бойлай енген адам. Қарқаралыда мешіт салғызған, ол жайдан жай нәрсе емес. 1874-1875 жылдары Меккеге қажылық сапарға барған.

Қазақтың белгілі ауыз әдебиетін жинаушы, ақын, әулие бабамыз Мәшһүр Жүсіптің айтуына қарағанда, Құнанбайдың өзі қазақтардан Меккеге барған жандардың ішінде үшінші лекте барған сияқты. «Құнанбай қажының қажыға барған жылы 1874 жыл, өзінің өлген жылы 1881 жылы 81 жасында тауық жылы өлді». Өлген жылы жөнінде сәл дәлсіздіктер бар. «Бұл Меккедегі тәкие әуел Құнанбай атына жазылған. Арғын атында болғандықтан, Орманшыдан барған Хасен шайхы даулап алған. Онан кейін тоқал Арғыннан барған Ешмұхаммед даулап алған. Бұл күнде кіші жүз Досжан қалпе атына жазылып қалды» деп сол кездің дерегін береді. Ал бұл тәкие Құнанбайдың халыққа жасаған бір жақсылығы деу керек. Арып-шаршап қаншама ай жүріп, біресе жаяу, біресе кемемен, біресе көлікпен әрең жеткен адамдардың тынығатын, демалатын жері, қонақ үй тәкиені салуы бұл тегіннен-тегін нәрсе емес.

Ел арасында бірде тәкие, бірде тақиа деп аталып жүр. Дұрысы қайсы? Абай тәкие демей «уақып үй» деген.

Меккеде уақып үй салып,
Пәтер қып, жаққан шырақты,
Бір Құдайдың жолына,
Малды аямай бұлапты.

Енді осыларды тарқатып көрсек, «тәкие» араб сөзі. Бұл бірінші дәруіштер жатағы, пақырлар баспанасы дейтін ұғым берсе, екіншіден қарттар үйі дейтін мағынаны береді. Парсы тіліндегі «тәкие» деген сөз «текие» тірек, сүйеніш деген мағыналары бар. Тәкие – хақ паналайтын, жан сақтайтын жер деген сөз. Тәкиені тұрғызуы – Құнанбайдың көрегенділігі, білімдарлығы, халыққа жасап отырған жақсылығы.

Ақшоқыдағы қорым жөнделді, бұл да үлкен шаруа, әрі Құнанбайға деген зор құрмет. Қазақтың белгілі тарихшысы Ерлан Бәтташұлы Сыдықовтың «Жизнь замечательных людей» деп аталатын сериядан «Құнанбай» кітабы жарық көрді. Біз Бейбіт Сапаралының «Құнанбай қажы», Тұрсын Жұртбайдың «Құнанбайы», Рысхан Мусиннің т.б. еңбектерін білеміз. Бірақ мына еңбектің ерекшелігі жаңа заманның, жаңа уақыттың сөзін айтып отырғандығында. Орыс тілінде жазылғандықтан, елдің баршасы оқитын дүние. Құнанбай есімін насихаттауға көп септігін тигізери сөзсіз. Құнанбай туралы аңыз-ақиқат сарапталып, ғылыми жүйеге түскен. Құнанбай тұлғасын тануда түйінді ой, салмақты толғам ұсынған, сипаты, келбеті ерек туынды.

Қазақ тарихының сан ғасырлық өткеніне үнілгенде, халқына пана болған ел қорғаған батырлар, екі ауыз сөзбен талайдың тағдырын шешкен билер, ділмарлықпен аузына дүйім жұртты қаратқан ақпа шешендер, ел-жұртының тағдыр шешті кезеңдерінде өлең-толғауларымен қалың көпке жол көрсетіп, бағдар нұсқаған ақын-жыраулар көпке аян. Жасыратындығы жоқ, көптеген тұлғалы тұлғаларымыздың есімін естігенімізбен тарих алдындағы еңбегін жіліктеп көрсетуге кеңестік кезеңде шарасыз едік. Кейбір елге тұтқа болған хандарымыз, батырларымыз, билеріміз жөнінде жадағай түсініктер қалыптасып, тарихымыз бұрмаланып келді. Айтылған олқылықтарды орын-орнына қоюға, тарихи еңбектеріне әділ баға беруге, шындықтың бетіне түзу қарап ой толғасақ, егемендіктің арқасында ғана қол жеткіздік.

Егемендіктің көк туы желбірегелі бері өткенімізді саралап, қазақ тарихындағы біртуар тұлғалармен табыстық. Алаш ақиықтарының алтын есімі халқымен қауышты. Тарихтағы көптеген әділетсіздіктер, орын алған астамшыл көзқарастар біртіндеп өзгеріп келеді. Бірақ, бәрі де орнына келді. Шешімін таппаған мәселелер жоқ десек, асығыстыққа ұрынарымыз хақ.

Біз әңгіме ауанына тартқалы отырған бірегей де күрделі тұлға – Құнанбай. Қазақ әдебиетінің әлемдік классикаға қосқан аса зор үлесінен саналатын академик-жазушы Мұхтар Омарханұлы Әуезовтің «Абай жолы» роман-эпопеясындағы орталық кейіпкер Құнанбайды кім білмейді дерсіз?! Рас, Мұхтар Әуезов өзінің суреткерлік құдыретінің арқасында Құнанбайдың сан қырлы бейнесін қазақ оқырманының көкейінен кетпестей етіп бейнелеп берді. Одан бері де дүниеге келген ірілі-ұсақты көркем шығармаларда, тарихи еңбектерде Құнанбай тұлғасы өрнегін тапты.

Өткен ғасырдың бас шенінде Алаш ардақтылары Абай және Абайды туғызған Құнанбай жайында әділ де биік пікірлерін ұсынған еді. Әлихан Бөкейханов: «Абай әке жағынан алғанда Тобықты руының белгілі шонжары мен биінен тарайды. Ақынның бабасы, Тобықтының батыр биі Ырғызбай... ат төбеліндей көсемнің бірі ретінде ол тобықты руын Түркістаннан аса құнарлы, жайылымы мол Шыңғыстауына көшіріп әкеледі. Абайдың атасы Өскенбай дала халқына әділ би ретінде танылды. Оған басқа рулардың қазақтары да жүгініп дауларын шешкізді. Абайдың әкесі Құнанбай да басқа рудың қазақтарына өктемдік жүргізген, оны тек қана төре тұқымдарының сұлтандарына ғана тән лауазым Қарқаралы округінің аға сұлтаны болып сайлануы дәлелдейді» десе,

Ахмет Байтұрсынов: «Абай Семей облысының қазағы, руы тобықты... Өз әкесі Құнанбай жұрт аузына қараған қазақтың бас адамдарының бірі болған. Қазақты төрелер билеп, сұлтандар төрелерден қойылып тұрған заманда солармен таласып, қарадан сұлтан болған адам екен», – деп тиянақтай түседі. Өткен ғасырдың бас шенінде берілген баға Құнанбай тұлғасының даралығын сол уақытта танытты. Амал не, кеңестік кезеңдегі қиянатшыл, жауыздық саясат Алаш ардақтыларының өзін де, сөзін де халық жадынан тасалауға тырысты. Алмас пышақ қын түбінде жатпады. Тұмшаланған шырқыраған шындық елімен сағына қауышты.

ҒТАХР: 17.79.08

ҚҰНАНБАЙ ӨСКЕНБАЕВ ІСІ

Дулатбеков Н.О., заң ғылымдарының докторы, профессор

Академик Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды университеті
(ҚР, Қарағанды қ.)

Семей қаласына жасаған сапары барысында, мемлекет басшысы Қ.К. Тоқаев зиялы қауым өкілдерімен кездесуінде ұлы Абай әлемі, айналасы, өскен жері, ортасы туралы айта келіп, оның әкесі, даланың кемеңгер ұлы Құнанбай Өскенбайұлына: «Ұлы Абайды ұлықтағанда, оның әкесі – Құнанбайдың ел тарихындағы еңбегін ұмытпауымыз қажет. Ол – Семейде ғана емес, тұтас қазақ тарихында өз орны бар тұлға. Оны халқымыз жақсы біледі, қадір тұтады», – деп баға берген болатын.

Тарихи тұлға, би, аға сұлтан, өз дәуірінің көрнекті қайраткері Құнанбай Өскенбайұлы туралы айтқанда алдымен абайтану ілімінің негізін салушы классик жазушымыз Мұхтар Әуезовтің мына сөздеріне тоқтала кеткен жөн: «Құнанбайдың кім екенін білмесек, Абайдың кім болғанын білу қиын, бұлар заманның туындысы...» Классик жазушымыз «Абай жолы» эпопеясында Құнанбай бейнесін жан-жақты сипаттап, аса шебер сомдады.

Құнанбай Өскенбайұлы, Құнанбай қажы (1804, бұрынғы Семей облысы Шыңғыстау, Ақшоқы қыстауы – 1886, сонда) – би, аға сұлтан, Абайдың әкесі, көрнекті қайраткер. Құнанбай жасынан палуан, найзагер болған, қатал да әділдігімен ерекшеленіп, әкесі Өскенбайдың тәрбиесінде ел билігіне араласады. 1834 жылы әкесінің орнына Күшік-Тобықты болысының старшындығына (басшылығына) сайланады. Осыдан 1856 жылға дейін билік тізгінін қолынан шығармаған.

Құнанбай – аса күрделі тұлға, ұзақ жылдар бойы билік тізгінін ұстаған кезеңіндегі қайраткерлігі қарама-қайшылықтарға толы. Ол би, болыс, аға сұлтан кезінде биліктің үш тұтқасын – қазақтың дәстүрлі заңын, патша өкіметінің «Сібір қазақтарына арналған Жарғысын», қазақ «Жаңа низам» атайтын ережелерін, шарифат жолын қатар ұстанды. Қазақ дәстүрінің негізіне сүйене отырып, бірқатар оңтайлы шешімдерді жүзеге асырды.

Жастайынан әкесінің жанында жүріп ел билеу ісіне араласып жөн-жосық көріп қалған Құнанбай билік жұмысын тез игеріп ілгері алып кетеді. Оның ел билеу әдістері әкесінен ерекшелену болады. Кейбір мінез, билік кесімдері әкесінен асып түседі. Әрдайым алған бетінен қайтпайтын, алысқанын алып жықпай қоймайтын Құнанбай, жер дауы, жесір дауы, құн дауы және сондай ел арасындағы дау-жанжалдарға билік айтарда бұлтартмай, жалтақтамай билікті кесе-кесе батыл айтатын адуынды да қатал би болады.

Кейінгі тәуелсіздік жылдары Құнанбай қажы туралы көптеген мақалалар жарық көрді. Тіпті жекелеген кітаптар басылып шықты. Олардың арасынан Бейбіт Сапаралының «Құнанбай қажы», Тұрсын Жұртбайдың «Құнанбай» кітаптарын ерекше айтып өткен жөн. «Өнегелі адамдар өмірі» (ЖЗЛ) сериясымен тарихшы ғалым Ерлан Сыдықовтың «Құнанбай» монографиясы жарық көрді.

Құнанбай Өскенбайұлының өмірбаянына қатысты барынша бай дерек көздері – архив құжаттары. Солардың ішінде Омбы облыстық тарихи архивінде сақталған құжаттардың маңызы зор. Қарағанды университетінің ғалым-мамандары 1999-2004 жж. аралығында осы Омбы облыстық мемлекеттік архивіне тұрақты түрде экспедиция ұйымдастырды.

Омбы облыстық мемлекеттік архивіне жасалған экспедиция барысында қолымызға түскен материалдар арасында әйгілі «Құнанбай Өскенбаев ісінің» маңызы да, салмағы да ерекше болды. Іс «айрықша құпия» белгісімен сақтаулы екен. Оның өзіндік қиындықтары бар. Сол себепті біз бұл істі ең алдымен тауып, екінші барыста танысып, тек үшінші барғанда ғана көшірмесін жасап алудың сәті түсті. Бұл орайда бірқатар әкімшілік, ұйымдастырушылық шаралармен шұғылдануға тура келді. Істің көшірмесін жасауға рұқсат алу үшін тікелей архив басшылығына жүгіндік. Содан соң барып бірнеше томнан тұратын істің «шаңын қағып», ретке келтіріп, көшірмесін жасатып алдық. Сөз арасында айта кетелік, бас-аяғы мыңға жуық бетті көшірмеден өткізу едәуір уақыт алды. Бұл тарихи құжаттарды біздің алдымызда біраз адамдар қарап шыққан екен. Қылмыстық істің формулярлық тізімінде біраз ғалым-мамандардың бұл құжаттарды зерделегеніне куә болдық. Академиктер Әлкей Марғұлан, Салық Зиманов, Ләйлә Әуезова, әдебиет зерттеушілері, ғалым, жазушылар Мұздыбай Бейсенбаев, Тұрсын Жұртбаев, заңгер-ғалым Қабылсаят Әбішев, еліміз тәуелсіздік алғаннан кейінгі кезеңде тарихшы ғалымдар Жанұзақ Қасымбаев, Зияда Қабылдинов, О.Жүнісов деген азамат, т.б. танысыпты. Кейбір адамдардың аты-жөнін архив құжаттарының тозып, көнеріп кетуіне байланысты анықтау мүмкін болмады. Бас-аяғы 10-12 адамның есімі тұр.

Кейін елге оралған соң Тұрсын Жұртбай, Қабылсаят Әбішевпен кездескенімізде осы ауқымды жұмыстың мән-маңызы жайында әңгімелей келіп, онымен танысу барысында біраз қиналғандарын – шаң басып жатқан архив құжаттарын оқудағы, анықтаудағы, жүйелеудегі қиындықтар туралы айтқан болатын. Біздің осы жұмысты барынша толық көлемде көшіріп, елге жеткізген еңбегімізге қуаныш білдіріп, ісімізге сәттілік тілеген еді.

Осынау бағалы құжат қолымызға түскен соң, оны жоғарыда аталған жинақтардай бірден өңдеп, бастырып, ғылыми айналымға салып жіберуде

бірқатар қиындықтарға, кедергілерге тап болдық. Оның өзіндік бірнеше себеп-салдарлары бар еді. Алдымен, бұрнағы еңбектердей емес, бұл құжат тұтастай бір адамның ғана ісіне қатысты қағаздардан құралған. Екіншіден, бір жарым ғасырға жуық уақыттан бері шаң басып жатып қалған құжаттар мейлінше көнерген, ескірген, көптеген тұстары түсініксіз – мүлдем оқуға, анықтауға келмейді. Үшіншіден, ең бастысы – ондағы адамдардың, тіпті бұрынғы әдебиеттерден, зерттеулерден белгілі тарихи тұлғалардың есімдері, жөн-жосықтары іс барысында барынша ала-құла берілген. Міне, осындай-осындай қадау-қадау қиындықтар аталған істі жарыққа шығару жұмысын кешеуілдете беруімізге себепші болды.

Дегенмен біз істі «жылы жауып» қойғанымыз жоқ, оны өңдеу, қарау, зерттеу жұмыстары тыңғылықты жүргізіле берді. Қаншалықты қиын болса да, ең алдымен істі қайта теріп шығуға бел байладық. Сөйтіп, қомақты құжат жансыз қағаз тілінен компьютерге көшірілді. Мұнымен қанаттас осы іске қатысты басқа да мәліметтерді жинақтау, оларды архив ісімен салыстыру, талдау жұмыстарымен жүйелі шұғылдандық. Нәтижесінде еңбек біраз ширатылып, бір қалыпқа келтірілді.

Құнанбай Өскенбайұлының өмірі мен қызметіндегі ең бір күрделі кезең оның үстінен іс қозғалып, ұзақ уақыт тергеуде болатыны, соның зардабынан Омбы қаласына дейін шақырылып, мырзақамақта отыратыны, ықтиярсыз тергеу астында жүретіні. Бұл қилы оқиға «Абай жолы» дәуірнамасында шынайы суреттелген: «...Құнанбайдың Омбыға жүруі даусыз болды. Алшынбай, Майыр, Чернов және Тінібек төртеуі Омбы бұйрығы келген соң, ең әуелі Құнанбайды сол Омбыға жөнелту қажет деп тапты. «Жібердік» деп Омбыға «үкілі пошта» жіберіп, Майыр өзі де қағаздарды алып ілесе шықпақ. Содан арғысының есебі жолда табылмақ. Жолдан қалса Омбының өзінде бітпек. Сонымен Құнанбай жүріп кетті...».

Одан әрі романда Құнанбай мен жанына ерген серігі Мырзаханның Керекуде (Павлодар) Майырды тосып алатыны, өзін қаралайтын том-том іс қағаздарымен танысып отырып, асқан айламен Майырды масайтып, ақырында қағаздардың барлығын өртетіп жіберетіні, содан соң Майыр екеуі екі жолмен Омбыға баратыны, онда он шақты күндей қысқа-қысқа тергеуде болып, ақырында ақталып шығатыны, сондай жолмен Қарқаралыға қайтып оралып, өзінің ұлықтығын қайта қуатыны, Майбасар інісін старшындықтан түсіріп, орнына өзі сайланып, елге абыроймен оралатыны, оны туған-туыс, ағайын-жегжаттың зор қошеметпен қарсы алатыны сөз болады.

Бұл – ұлы жазушы жасаған көркемдік шындық. Бір айта кетерлігі, М.Әуезов дәуірнамасы көркем шығарма, ал біз қарастырып отырған жұмыс нақтылы архивтік деректер дегенмен, екеуінде, әлбетте, едәуір ұқсастықтар бар. Оның ең бастысы – романда Құнанбаймен айтысып-тартысып, тіпті жанжалдасып, ашық соғысуға (Мұсақұл соғысы, естеріңізге сала кетейік, осы жанжалдан соң ел ішіне арнайы жасақпен тергеу шығып, Құнанбай дуанға шақырылып, арты шиеленісіп келіп, қылмыстық іске тартылып, Омбыға жөнелтілген) дейін барысып жүретін, кейінде көрпіске оның үстінен үлкен-үлкен арыз-шағымдар жазған, сөйтіп істі

болуына себепші болған адамдардың барлығы дерлік қылмыстық істің өн бойында өріп жүр. Олардың арасынан Құнанбайдың үзеңгілес жолдастары, руластары – Бөжей, Байсал, Қаратай, Түсіп, Сүйіндік, Құлыншақ, Майбасар т.б. бастап, Тобықты елінің есті-басты азаматтары – Пұшарбай, Қареке, Қаумен т.б., сондай-ақ кейінгі сойыл соғар жас буын өкілдері – Құдайберді, Балағаз, Базаралы, Құлыншақтың «Бес қасқасы» т.б. атап айтуға болар.

Осы жерде айта кететін бір жайт, Құнанбайдың асқан айлакерлікпен «істің» бір бөлігін өртетіп жіберетіні жөнінде. «Абай жолы» романында ол әрекет Кереку қаласында жүзеге асырылады. Ал Ахат Шәкәрімұлының «Құнанбай туралы» жазбасында дәл сол Омбының өзінде орындалады.

Бұл жайында зерттеушілердің бір жақты пікірі жоқ. Бірақ Құнанбайдың қалайда «істің» бір бөлігін амалын тауып құртып жібергені анық болса керек. Қанша дегенмен, Құнанбай үшін Омбы сапары үлкен сын болғаны аян. Тергеу жұмыстары ұзаққа созылған. Ол Омбыда жарты жылдан астам тергеуде жүрген. Мырзақамакта отырған. Осындағы өзі сияқты істі болып жүрген қазақ азаматтарымен бірге тұрған. Жүріс-тұрыс, тұрмыс-тіршілік қамымен ағайындар ақылдаса келіп, осыған ұйғарғанда, Құнанбай сол жақта жүріп кішілікке әйел де алған. Бұл жөнінде кезінде мерзімді басылымдарда жазылды.

«Құнанбай Өскенбаев ісі», міне, осы кезеңдегі оқиғаларды суреттейді. Құнанбай Өскенбаев пен оның інісі Майбасардың қылмыстық ісіне қатысты мән-жайларды анықтап беретін тарихи деректер негізінен Омбы облыстық мемлекеттік архивінде сақталған.

Омбы облыстық мемлекеттік архивінің 3-қорының 3-тізбесінде көрсетілген көлемі 413 парақ – 826 беттік тергеу ісін полковник Спиридонов ретке келтіріп, тіркеуге алып, сақтауға өткізіпті. Ол он бес жылға (1846-1862) созылған тергеу ісінің жай-жапсарын түгел баяндап, қағазға түсірген. Материалдың үлгісі үкім шығару үшін дайындаған айыптау анықтамасына келеді. Алайда сотқа берілмеген. Екінші бір томда Генерал-губернатордың кеңсесіндегі ресми нұсқаулар, хабарлар, Құнанбайды ұстау, түрмеге жабу туралы бұйрықтар сақталған. Ал «Сұлтан Өскенбаев туралы» – деп аталатын дербес істе 15 жылдан астам уақытқа созылған тергеу ісінің неге сотқа берілмегені және ол істі жылдамдату жөніндегі Санкт-Петербургтегі патша әкімшілігі мен Семей губернаторының арасындағы қатынас құжаттары тіркелген.

Омбы архивіндегі тергеу ісі бойынша Тобықты ішіндегі, Құнанбай-Бөжей арасындағы оқиғалар 1846 жылы басталған. Мұнда жер дауы ғана емес, Құнанбайға басқа да қылмыстық айыптар тағылған. Істің асқынып кеткені соншалық, оған Омбыдағы Генерал-губернатормен қоса Санкт-Петербургтағы Юстиция министрі де араласып, тиісті жарлық берген.

Құнанбай-Бөжей арасындағы қақтығыс, дау 1854 жылға дейін созылған. 1846 жылы тілмәш Николай Крутков Тобықты руының болысы Құнанбайдың ауылына келіп, тергеу жүргізеді. Бірақ ол кезде Құнанбай мен Бөжей өзара бітiскен болып шығады. Сөйтіп, тергеу ісі аяқталмай қалады. Алайда арада үш жыл өткен соң, Құнанбай аға сұлтан боп сайланған тұста «Мұсақұл соғысы» болады. Тағы да тергеу жұмыстары жүргізіледі.

Жалпы, Омбы Батыс-Сібір генерал-губернаторы, «Абай жолы» романында айтылатындай, Құнанбайды жай ғана «шолақ-шолақ тергемеген», қылмысты іс қозғалған кезде-ақ аға сұлтандықтан шеттеткен. Ал 1853 жылы заңды түрде жауапқа тартылған. Екіншіден, соттағы іс бойынша Құнанбай 7 ай Қарқаралыда емес, Омбыда мырзақамақта болған. Тергеу аяғы ұзаққа созылып, сиырқұйымшақтанып кеткен соң оны Шоқан Уәлихановтың әкесі Шыңғыс Уәлиханов кепілдікке алып, Қарқаралыға айдауылмен жеткізіп салған.

Құнанбайдың тергеу ісінің ұзаққа созылуы және оның ақталып шығуға әрекеттенуі арттағы дау иелерін де тыныш жатқызбаған. Олар генерал-губернаторға 68 адамның мөрі басылған арыз жолдайды. Сөйтіп, ел іші Қоныр-Көкше және Күшік Тобықты болысы болып екіге бөлінсе де, өзара шарпысулары тоқтамайды. Бұрын қол жиып, майданда қақтығысса, ендігі тартыс қағаз бен қаламға көшеді. Бір арыз тексеріліп біткен кезде алдыңғы адамға қоса, сол істі тергеген шенеуніктің өзінің үстінен домалақ арызды жарыстыра жөнелтеді. Бұл арада Омбының Генерал-губернаторы ауысады. Гасфордтың міндетін генерал-майор Фридрихс атқарады. Ол Құнанбайдың ісін жабу туралы пәрмен береді.

Міне, осымен Омбы облыстық мемлекеттік архивіндегі Құнанбай Өскенбайұлы туралы тергеу ісінің бірінші томы аяқталады. Бірақта Құнанбайға әлі де заңды түрде сот үкімі шықпағандықтан да, «Сұлтан Өскенбаев туралы іс» деген екінші шағын іс басталады. Мұндағы оқиғалар негізінен Семей қаласында өтеді. Онда Санкт-Петербургтағы Юстиция министрі Құнанбайдың неге жазаға тартылмағаны туралы түсініктеме сұрайды. Іс 1855 жылы 24 қарашада Тұрысов деген шенеунікке тапсырылады. Ол бұл тапсырманы кешігіп естігендіктен де оны орындаудан бас тартқан. 1856-1857 жылдары Санкт-Петербург-Омбы-Семей арасында әрі-бері жүргізілген ресми қатынастардан соң, бұл іс 1859 жылы Аягөз округіне табыс етілген. Онда да біраз тергеу жүргізіледі. Алайда ол кезде қылмысты іске қатысты куәлардың біразы қайтыс болып кеткен еді. Ал тірілері дұрыс жауап бермейді. Сондықтан да Семейдегі істің арты созылып, сұйыла береді.

Тергеушілер әртүрлі нұсқаулар мен бұйрықтар келген кезде ғана шаң басқан істі бір сілкіп тастап отырады. Сонымен, 1861 жылы 24 наурызда Семейдің бас басқармасы іске: «тиісті адамдар табылмады» – деген белгі қояды. Ал 1864 жылы 15 ақпанда Генерал-майор Попов Юстиция министріне: «Тергеу ісі аяқталды, енді үкім орындалады», – деген қатынас жолдаған. Бұл үкім де орындалмаған. Ол кезде Құнанбай да қартайып, құдай жолын қуып, ел билігінен бойын тартқан. Сөйтіп, тура 15 жылға созылған тергеу ісі еш нәтижесіз аяқталған.

Құнанбай арада біраз уақыт өткенде өкіл бауыры Ызғұттыны алып, Қарқаралыдан қасына Өндірбай қалпені ертіп қажылыққа сапар шегеді. Құнанбай Меккеден қайтып оралғанша тергеу ұмыт болып, ескіреді. Осымен Шыңғыс өңірінен бастау алып, Петербургке дейін дүрліктірген «Сұлтан Өскенбаевтың ісі» тыным табады.

«Құнанбай Өскенбаев ісінің» осыншалық созылып, аяқталмай, тиянақталмай қоюының бір, мүмкін басты себебі патша өкіметі өкілдерінің қазақ қоғамын ішкі алауыздық жағдайында ұстауға деген ниетімен сабақтас. Ел ішінде

ерекше беделді, би, шонжар Құнанбай Өскенбайұлын да, тұзаққа бір іліккен соң, бірден босатпай, ұзын арқан, кең тұсауда, кіріптар жағдайда ұстағанды жөн көрген. Бұл да болса қырық қатпар орыс империясының бұратана халықты басқарудағы жымсықы саясатының бір көрінісі.

Енді архивтік деректердің, істің мән-маңызы, мазмұны жайында бірер сөз. Әуеліде айтқанымыздай, біз әбден тозған, кейбір тұстары тіптен түсініксіз кере қарыс істі қайта теріп шықтық. Сол орайда біраз қиындық көрдік. Ұзын сонар істің барысында көптеген қиыспайтын тұстар, сол кездің тәртібіне сәйкес қолдан толтырылған құжаттарда стильдік, әріп қателері өте көп.

Жоғарыда біз істің мазмұнын қысқаша баян еттік. Іске тартылған, заңға жүгінген, куәлікке жүрген адамдардың арыздары, мәлімдемелері, түсініктемелері өте мол. Іс барысында шамамен 500-ден астам адамдардың есімдері аталады. Осы жердегі бір қиындық – бірқатар адамдардың аты-жөндері істің әр тұсында әр қилы беріледі. Біз архив материалдарымен жұмыс істеу үрдісіне сай оларды сол құжат бетіндегі күйінде, өзгеріссіз қалдырдық. Тек Бөжей, Қаратай, Сүйіндік, Құлыншақ, Базаралы, Пұшарбай т.б. сынды тарихтан белгілі адамдардың аты-жөндеріне ғана болмашы түзету енгіздік. Сондай-ақ стильдік тұрғыда да редакциялағанымыз жоқ. Түсініксіз, басы бар, аяғы жоқ, керісінше аяғы бар, басы бұлдыр жерлерді де сол күйі бердік. Бұл жұмыстың мазмұнымен жақын танысуға соншалықты әсер етпейтінін ескердік.

Іс барысында 500-ден астам адамның аты-жөні аталады дедік. Солардың басым көпшілігінің бүгінгі ұрпақтары жинақпен таныса келіп, өздерінің ата-бабаларын танып-түстеп жатса, құба-құп. Бұл да болса – зерттеушілер еңбегінің бір мақсаты.

Осы жерде біз мына бір мәселеге айрықша назар аударғымыз келеді. Кешегі кеңестік кезеңде кемеңгер Абайды тануда данышпан ақынды өз ортасынан, айналасынан бөліп алып, жеке дара зерттеуге ұмтылыс болды. Абайды қоршаған тұрмыс-тіршілік ортасы, әдеби, рухани айналасы туралы сөзге тыйым салынды. Басқасын былай қойғанда әке Құнанбай мен бала Абай арасына сына қағылды. Ал, айналып келгенде, жоғарыда аталған 500 адам – Құнанбай, Абайдың туып-өскен ортасы, бірге тіршілік кешкен замандастары, өмірлік көзқарастарының қалыптасуына үлкенді-кішілі дәрежеде септігін тигізген жандар.

Бұл арада орыс әдебиетінің үлгі етер тұстары жетерлік. Басқасын айтпағанда, Абайдың «аталас ағайыны» сынды орыс ақыны А.Пушкин мұрасының зерттелуіне, яғни пушкинтану ғылымының дәл осы тұсына көз жүгіртелікші. Белгілі орыс ғалымы Л.А.Черейский «Пушкин и его окружение» деген еңбегінде бұл тақырыпқа қатысты мәліметтердің жиналуы 1930 жылдардан басталғанын айтады. 1975 жылы Пушкинге қатысты 2500 кісі аты тіркелсе, кейінгі еңбекке тағы 200 адамның есімі қосылған. Пушкиннің ортасы төңірегіндегі ізденулер – абайтану үшін, соның ішінде Абай ортасы деген мәселелерді айқындау үшін үлгі болатын құбылыс.

Мәселен, бір ғана Оразбайды алайықшы. Әлбетте, Оразбай – Құнанбай, Абайға үнемі қарсы тарапта болып, тіпті болашақ ақынға қамшы үйіріп, сағын сындыруға дейін барған адам. Дегенмен Абаймен өмір бойы жауласып өткен

Оразбайды және ақынға қастық қылып, қамшы жұмсаған топты айналып өтсек, ақынның өскен, жасаған ортасын жартылай ғана таныған болар едік. Сол Оразбайға қатысты мына бір деректі келтірсек пе дейміз.

Бірде алыс Жетісу Жалайыр елінен Абайдың даңқына тәнті болған Жәменке деген келіп, қайтарында ақынның өлеңінде сипатталатын қамыс құлақ атты қалапты. Күллі Тобықтыдан таппаған атты Оразбай тауып беріп:

– Ағайын ащы, мал тұщы десем мен Оразбай боламын ба?! Жаттан сағы сынбасын, – депті де, өңкей сәйгүлік бөлек бағылатын бес қос жылқы үйірлерін аралатып жүріп үш ат ұстатыпты.

– Абайға айт, қонағы үшеу екен, осы үш атты да берсін. Өзіне қарсы болсам да, ақылы мен ажарына қарсы емеспін, – депті. Үш аттың біреуін көріп тұрып Жәменке: «Мынау – нақ сол өлеңде айтылған ат екен», – деп ризалығын білдіріпті» (Жанболатұлы М. Тобықты-Шыңғыстау шежіресі. Т.1. – Алматы, 2004. 241-б.).

Осыдан кейін Оразбайдың кісілігіне, кемелдігіне қалай тәнті болмассың?! Қалай дегенде, ол да – өз заманының тұғыры биік тұлғаларының бірі. Оның Құнанбайға қатысты «Абай жолы» роман-эпопеясында айтылатын «жаулықты Құнанбай сияқты ұстау керек» деген ішкі монологының өзі көп жайды аңғартса керек.

Тағы бір мысал. Бір тойда жаяу жарыс болып, әйелдер арасынан Абайларға көрші отыратын, Әнет бабаның ұрпағы болып келетін Өмірбек деген жалшының әйелі озып келеді. Өмірбек жалма-жан әйелін топтан алып шығып, үйіне әкеліп тығып, шығармай отырып алады. «Мұның не?» дегендерге, «Шықпаймыз да, бәйгең де керек емес, аулақ жүріңдер!» деп жолатпайды. Бұл шетін ісінің мәнісін сұрағандарға: «Пәле болды десеңші! Мұны естіген соң Абай мен Оспанның бірі қағып әкетеді ғой...» дейді. Жұрт күледі. Бірақ бұл сөз Абайға жеткенде ол бұл істің күлкі емес, сынау екенін айтып: «Етімнен өтіп, сүйегіме жетті ғой мынасы. Елге жүйрік ат, қыран бүркіт, алғыр тазы дегенді қоймайтын болыппыз... Бізді сынарлық іс екен. Мен қойдым, енді Оспан да қойсын» деп, содан бастап елден жүйрік ат, қыран бүркіт, ұшқыр тазы қалап та, сұрап та, сатып та алмайтын болыпты.

«Құнанбай Өскенбаев ісін» архивтен толықтай көшіріп алғаннан бергі арада 15 жыл өткенде, ұлы Абайдың 175 жылдық мерейтойы қарсаңында осы материалдарды кітап етіп шығарудың сәті түсті. Л.Н.Гумилев атындағы ұлттық университет жанынан құрылған «Абай академиясы» дайындаған кітаптар сериясы санатында «Құнанбай Өскенбаев ісі» атты дерекнамалық зерттеуіміз жарық көрді. Сол тұрғыда осы істің маңызына жете мән беріп, басып шығаруға бастамашы болған, ынта танытқан университет ректоры Е.Б. Сыдықов мырзаға, «Абай академиясының» қызметкерлеріне зор алғыс білдіремін. Ризашылығымыздың белгісі ретінде «Құнанбай ісінің» көшірме нұсқасын «Отырар кітапханасына» табыстадым. Ондағы ойым – мен заңгер болғандықтан, «істің» осы жағына ғана мән бердім – ендігі жерде жас буын ғалымдар, оның ішінде тарихшы, әдебиетші мамандар өз салалары бойынша зерттеу жұмыстарын жүргізсе, нұр үстіне нұр болар еді. Қарағанды университетінің ғалым-мамандары

Абай Құнанбайұлының өмірі мен шығармашылығын зерттеу мақсатында арнайы жобамен шұғылдануға дайындық жұмыстарын бастап кетті. Бұл жобаның өзектілігі: ұлт тарихында ерекше орны бар тұлға, халқымыздың ұлы ақыны, данышпан Абай Құнанбайұлының өмірі мен шығармашылығына байланысты мағлұматтардың барынша толық болуы үшін оның анажұрты – нағашылары мен қайын жұрты жөніндегі деректерді де молынан қамту айрықша маңызды. Халқымызда «Жігіттің ірік болмағы – нағашыдан» деген, орныққан тәмсіл бар. Осы орайда «Қарадан шығып хан болған» дала данышпаны, кемеңгер Құнанбайдың ұлы, «мен адамның ұлымын» деп жар салған Ибраһим есімді қазақтың нағашысы кім екен деген сауал әркімнің көкірегінде тұратыны сөзсіз. Қалың ел Абайдың нағашы жұрты Шаншар елі екенін біледі. Дегенмен одан бері кімдер өсіп-өнгені көп жұртқа беймәлім. Сол тұрғыда, архив құжаттарын, баспасөз материалдарын негізге ала, ұлы ақынның нағашы һәм қайын жұрты жөнінде сөз ете отырып, ХІХ ғасырдағы қазақ халқының әлеуметтік-саяси өмірін, тұрмыс-тіршілігін, әдет-ғұрып, салт-санасын тануға ұмтылу, қайшылықты заманда өмір сүрген ойшыл ақынның дара тұлғасын халқымызға тән туыстық – бала, әке, нағашы, жиен т.б. қарым-қатынастар аясында таныту бүгінгі күн үшін аса қажет. Осыған байланысты алда атқарылатын жұмыстың өзектілігін осы тұрғыда сипаттауға болады. Мақсаты Абай Құнанбайұлы ғұмырнамасын ақынның нағашы һәм қайын жұртына қатысты архив құжаттарына, баспасөз материалдарына сүйене отырып талдап, таныту, сол арқылы ақынның азаматтық болмысын, ата-баба тарихын, тегін танып, терең білу. Абай ғұмырнамасының ақпараттық-мәліметтік аясын кеңейту болмақ.

Айтатын негізгі ұсыныстарымыз:

– Абай Құнанбайұлының нағашы һәм қайын жұртына қатысты құжаттарды жүйелеп, реттеу, саралау;

– А.Құнанбайұлың нағашы һәм қайын жұртына қатысты материалдардың мазмұнымен танысып, оларды ғұмырнамалық, зерттеу, ғылыми-көпшілік еңбектердегі мәліметтермен салыстыру;

– Абайтанушы ғалымдар еңбектерінен Абай Құнанбайұлының нағашы һәм қайын жұртына қатысты ақпараттарды жинақтап, архив құжаттарымен салыстырып, танымдық тұрғыда қарастыру;

– Абайдың анасы – Ұлжан Тұрпанқызы, бәйбішесі – Ділдә Түсіпқызына, одан туған Абай балалары – Әкімбай, Ақылбай, Әбдірахман, Мағауияға қатысты деректі, көркем әдебиет туындыларын жинау, жүйелеу, талдау;

– А.Құнанбайұлының нағашы жұрты – Шаншар еліне, Қу (Егіндібұлақ), Қарқаралы өңіріне, осы елдің, өңірдің белгілі тұлғаларына (Бертіс, Тәттімбет, Тонтай т.с.с.) қатысты материалдарды жинау, жүйелеу, бір ізге түсіру;

– А.Құнанбайұлының қайын жұртына, сол елдің, өңірдің белгілі тұлғаларына (Қаз дауысты Қазыбек би, Бекболат би, Алшынбай би, Мәди Бәпиұлы, т.с.с.) қатысты материалдарды жинау, жүйелеу, бір ізге түсіру;

– осы өңірден шыққан басқа да тарихи тұлғалар (Ақайдың Хасені, Ақбайдың Жақыбы, т.б.) туралы қысқаша мағлұмат беру;

– өмірлік деректердің көркем туындыға арқау болуы, архивтік деректердің қаламгерлер шығармаларындағы көрінісі тұрғысында салыстырулар, талдаулар жасау.

Келешекте жұмыс барысында жасалатын талдаулар, жүйелеулер мен зерттеулер негізінде «Ұлы Абайдың нағашы һәм қайын жұрты» деген кітап түзіліп, Абайтану ғылымына үлес болып қосылады. Жинақ әдебиеттанушы, өлкетанушы мамандар, тарихшылар мен архивтанушылар, жалпы қалың оқырман үшін қажет болмақ. Осы жұмысты бірлесіп жүзеге асыруға шақырамыз.

Қорыта келгенде, Құнанбай қажы өмірінің қауіп-қатерге толы кезеңінен мол мағлұмат беретін бұл жинақ белгілі бір дәрежеде өз міндетін атқаратынына сенеміз. Жинақтың өзіндік танымдық, тағылымдық мән-маңызы бар. Абайдай дара тұлғаның әкесі, ұлттық руханиятымыз бен тарихымызда орны айрықша қайраткер Құнанбай Өскенбайұлына қатысты кез келген дерек-дәйек құнды деп білеміз. Президентіміз Қ.К. Тоқаев айтқандай, Құнанбайды толық танып-білу Абайды да мұқият оқып-зерттеуімізге септігін тигізеді.

ҒТАХР: 17.71.07

ҚҰНАНБАЙ: ТАРИХИ ЖӘНЕ КӨРКЕМДІК ШЫНДЫҚ

Жұртбай Т.Қ., ф.ғ.д., профессор

Л. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті
(ҚР, Астана қ.)

Көшпелі қоғамның соңғы көкжалдарының бірі, «қарадан шыққан хан» атанған Құнанбайға әдеби кейіпкер ретінде бұйырылған баға – оның өз өміріндегі іс-әрекетіне, ақыл-ойына, қол қайратына көрсетілген құрметтен көрі әлде қайда пәс әрі екіұшты. Күрделі оқиғалармен күрмелеген көркем бейнеге орай айтылатын пікірлердің қарама-қайшы келетін, тіпті, әділетсіз көрінетін де тұстары бар. Ол әділетсіздіктің кілті – «Абай жолы» роман-эпопеясының: «Қайтқанда», «Қат-қабатта», «Шытырманда», «Бел-белесте», «Өрде», «Қияда» деген әрбір бөлімінің аттарында жатыр.

Оған жалғанда, жазмышта, жазушыда кінәлі емес. Құнанбайдың атын көркем шындық арқылы әлемдік және мәңгілік тұлғаға айналдырған басты «айыпкер» Мұхтар Әуезовтікін аға тартудыңда ешқандай қисыны жоқ. Ол – көркем ойдың иірімі иіп әкелген өмір заңдылығы. Егерде жазушы, етек басты өмірдің сүрлеуіне түсіп, ықылым заманның иініне көнсе, онда «Абай жолы» роман-эпопеясының еңсесі осыншама биікке көтерілмес еді.

Ал, көркем әдебиеттің Мәңгілік категориясы болып табылатын көркем шындықтың әсерінен арыла алмаған біз үшін әкелі-балалы екеуінің бірі – қатыгездіктің, бірі – адамгершіліктің нышаны болып қалды.

Бұл арадағы тартыс – әке мен баланың, яғни, Құнанбай мен Абайдың арасындағы, тіпті, адам мен адамның арасындағы пендешілік мүдде қайшылығы

емес, қоғамдық коллизия – қоғам мен қоғам арасындағы жанталасқан шарпысулар.

Әдебиет қисынының қағидасы бойынша, көркем кеңістік – кәдімгі уақытқа тәуелсіз. Сондықтан да, көркемдік шындық – абсолютті шындыққа жақын.

Мұхтар Әуезовтің таңдаған уақыты – «тарихи мүмкіндіктердің ауысқан кезеңі», «қазақ халқының жүз жылдық тіршілігі» [1.51, 312], яғни, ол көшпелілер әлемінің заман талқысына түскен, мәңгіліктің тұңғығына батуға бет алған тұяқ серпер дәуіріндегі барлық қайшылықты құбылыстарды қамтуға салауат алды. Осынау тарихи кеңістік жазушының құзырына несиесіз көшті. Енді сол құзырындағы уақыттың шекарасын анықтап, оған шартты фабулалық сыпат беріп, тарихи оқиғаға деректік дәлел ұсынып, өлі уақытты тірілтетін рухани қуаттың көзін табуы тиіс. Бұл ретте Мұхтар өзінің алдына: «өзінің романдарында Абай арқылы қазақ халқының жарты ғасырлық өмірін көркем сүзгіден өткізуді» [1.51, 316], «оның өмірін, күресін, өскен ортасын, өз басынан кешкен өмір тіршілігінің нақтылы деректері арқылы тарихи жағынан дәл, дұрыс суреттеуді, деректердің ішінде қоғамдық мәні бар ірілерін де, жеке басқа, отбасына ғана тән ұсақтарын да кейіпкердің жан дүниесіне жинап, ой-сезімінен, ақыл сарабынан өтіп, соның бәрі ақынның шығармасында сәулеленіп, оның дәуірін бейнелеуі шарт» [2.2, 308].

Ал өмірлік шындық – көркем шындықтың құрбандығы. Осы уақытқа дейін солай болып келді. Қазір де солай. Солай болып қалады да.

Міне, осы арадан бастап тарихи дәлел мен тарихи тұлға толықтай жазушының еркіне көшеді. Мұхтар Әуезов бұл мүмкіндікті барынша толық және даналық пайыммен қапысыз пайдаланды.

Ал Құнанбай бейнесін сомдағанда М.Әуезов өзін қалай сезінген?

Алғаусыз, бірақ астары терең мәселе. Өйткені, Мұхтардың Құнанбайға көзқарасы – жай жазушының жағымсыз кейіпкеріне көзқарасы емес, ол Әуезовтің – Абайға, тіпті Әуезовтің – Әуезге көзқарасы. Сондықтан да, Құнанбайға Мұхтардың да «неғылайыны» болуы шарт. Жоғарыдағыдай қатал да әділетсіз тұжырымға бірден келсе – шығарманың тағдырына деген сүйініш-күйініштен жүрек қуатын суытып алар еді. Жазушы үшін одан өткен тоқырау, өзін-өзі жоғалту табыла қоймайды. Ол өз үкімінің тарихи шындықпен сәйкеспейтінін терең сезінген. Сезіне отырып:

«Тарихи романдардан оқушы көбіне көрсетілген шындықтардың өмірлік дерегін, типтердің прототиптерін, искусство шындығының арқауы болған өмір шындығын іздейтіні бар. Бұл тұрғыдан келгенде, өзі әр түрлі жасанды қылықтармен жақсы адам ретінде көрсетпек болған дала феодалы Құнанбай жөнінде нағыз шындықты табуым қиындау болды, басқаша айтқанда, оның жеке әріптері арқылы өз бейнесін дәл елестету қиын еді» [3, 12, 113] – деп тұлға Құнанбай мен оқырманның алдында ақталғандай болды.

Оған мәжбүр етіп отырған: тарихи не өмірлік шындық біткен жерден көркем шындық басталады – деген талмауытты әдеби талап, яғни, шығармашылық қағидат.

Бұл орайдан алғанда, әділетті қалпына келтіру үшін айта кететін бір үлкен шындық бар. Біз, Мұхтар Әуезовтің «Абай жолы» роман эпопеясының басты кейіпкерлері Құнанбай мен Абайдың көркем шындық арқылы бейнеленген кейіпкерлер басынан кешкен тауқыметті, тіршіліктегі нақты адамдар – Құнанбай Өскенбай ұлы мен Абай Құнанбай ұлының өмірімен байланыстыра түсіндіреміз. Бұл – екеуіне де қиянат. Мысалы, Абайдың қалыптасқан ғылыми өмірбаяндарда Құнанбайға үш үлкен «заңдық айып» тағылады және Құнанбайдың Абайға таққан үш мінін – Құнанбайдың өзінің бойындағы міні ретінде түсіндіреді. Шындығында, бәрі де өмірдегі болған тосын оқиғаларға дәстүрлі заң баптарына орай қолданылған қатал жазалау шаралары еді. Тар заманның тар қыспағында тап болған бір оқиға – екінші, одан үшінші оқиғаға жалғасып, салмағына орай оның көтерер жазасын да ауырлатып, алғысынан гөрі қарғысын қоюлатып, Құнанбайды шыңырауға батыра бергені анық еді. Біз соның ішінде, Құнанбайдың қаталдығы мен әділеті араласқан негізгі үш тосын оқиғаға ғана тоқталамыз.

Қодар: «Абай жолындағы» көшпелілердің тіршілік коллизиясы Қодар-Қамқа қасіретінен басталады. Ол өзі өмірде шын болған күнәһарлардың қазасы ма? Жоқ, Мұхтардың қиялдан тудырған хикаясы ма?

Құнанбайдың мойнына отыз жас мөлшерінде адам құнын арқалатқан, зұлым да қатыгез оқиға – Құнанбайдың Қодар мен Қамқаны түйенің өркешіне дарға асқызуы. Иә, бұл өмірде болған оқиға, жазаны шарифат жолымен жүзеге асырған – Құнанбай [4.1; 2.]. Өте қатал да тосын үкім. Бірақ, жалғыз ұлы өлген соң жесір қалған келінінің қойнына барып, ақыры елсізге алып қашып кетіп, әуейі болған Қодардың қылмысын қалай ақтауға болады? Солардың соңынан ере кетіп, әуейілік құрған бозөкпелер мен бойжеткен қыздарға кім тиым салады. Атасы мен келінінің арасындағы қасиетті сыйласымдықты зинақорлыққа айналдырған Қодар мен Қамқаға қандай сот кешу береді? Егер мұндай бейбастаққа үкім кеспесе, қазақ жұрты азып, тозып, ар-ұяттан айрылмай ма? Бір елдің тізгінін ұстаған Құнанбай оны билер келесіне салып, ашық сот жүргізіп, жазаға тартуын қандай заң жоққа шығара алады. Бұл – қасиетсіздікке үкім, ұрпаққа ескерту, ұлттың ұятын қорғау. Ел иесі ретінде сондай шешімге барғаны үшін де Құнанбай жазықты ма?

Үрім-бұтақтың жүзіқаралық індетке ұшырамауы үшін жасалған қатал да әділетті кесім. Егер Құнанбай өзінің қатаң қимылы арқылы жастардың жүрегін тітіркендірмесе, дарға асылардың алдында қымсынудың орнына: «Соңғы тілегім – Қодарды бір иіскетіндерші» [5, 136], – деп қылымсыған Қамқа сияқты қарлардың көбеймесіне кім кепіл.

Бұл оқиға мөлшермен 1835-1843 жылдардың аралығында, Абай тұмай тұрған кезде өткен. Мұхтар Әуезов өзінің қойын дәптеріне: «Қодар-Қамқа әңгімесін Абайдың естуі мүмкін» [6; 7], – деп жазуы да сондықтан.

Қодар-Қамқа трагедиясындағы тіршілік коллизиясында, міне, осындай шындық шыңырауы жатыр.

Жан ашуын шақыратын екінші бір ең бір дертті оқиғаны сұрақ қоюдан бастайық: ата мен келіннің, әке мен баланың ар ұятын, қыршында кеткен

әруақтың ар-ұятын айғыздатпағаны үшін де Құнанбай жазықты ма? Бұл – қарғайтын емес, алғайтын қасиет. Үмітей мен Әмір туралы қысқа қайырайық. Қазақ жеті атаға толмай өзара қыз алыспайды. Ал Әмір мен Үмітей бір әкеден туған ағайынды екі кісінің ұлы мен қызы, Құнанбайдың өз немерелері. Бірғызбайлылығынан сескенген жұрт олардың бұл «серілігін» Құнанбайдан жасырады. Екі әйелі, бала-шағасы бар Әмірдің астамсып кеткені сондай, Үмітейдің ұзатылып барған жеріндегі шымылдықтың ішін босатпайды. Бұл – басыну ғана емес, қанша Бірғызбай тұқымы, сал-сері болса да арсыздық еді. Сүйекке таңба! Бұл оқиғаны махаббат хикаясы ретінде суреттеген М.Әуезовтің өзі: «Абай Әмір мен Үмітей үшін мына жұрт өсегінен қысылып кетті... Мыналарға да, өзіне де ауыр болады-ау деп қысылу үстіне ұялып та барады», «Шолақтеректегі ел бұл келіске сұмдықтай қарады. Сол ауылдардың аталық, елдік абыройын таптағандай көрді», «Үмітей болса бұған сіңлі (анығында қызы – Т.Ж.) есепті еді. Айғыз сол өз төркінінің тойынан ашуланып қайтты» [8, 2, 233-234], – деп емеуірін танытады. Тіпті Құнанбайдың ата жауының өзі Қаратай да: «Сені мен менің өлер күнімізде бетке таңба түсті. Сені аяғанмен, айтпай тына алмадым. Өзге кімге айтушы ем!» – деп қипақтайды. Абайдың өзі: «Бұларды шарифат та қосады» [8, 2, 236],– деп арабтардың немерелес туыстарына үйлене беретінін меңзейді.

Ендеше, Құнанбайдың: «Менен туған арам қан, бәдбақыт нәсілдерім мына екеуі. Жаратқан ием, я Кәрім Алла, менің қолымнан өлтіртпедің. Бендең болған бар тілегім сол болсын. Ал мына екеуін! Жібер өзіңнің ақ бұйрықты ажалыңды. Уын, зәрін өзгеге жаймай тұрғанда, жой көздерін, жоғалғырлардың!» – деп, қолының сыртымен теріс батасын беруі [8, 2, 237] – сауап! Осы үшін де Құнанбай ақ некелі махаббатты қорғағаны қатыгез боп шыға ма?! Егер атасы мен келінінің, ағасы мен қарындасының әуейілігіне тыйым салмаса – Құнанбай – Құнанбай бола ма, ел билей ме? Үрім-бұтағының азғындық жолына түсуіне қалай жол беріп қояды. Құнанбайдың бұл қаталдығы – қатыгездік емес, қатал да әділ үкім!

Құнанбайға тағылған үшінші айып – «дін жолындағы құлшынысы». Абайға қарата: «Үшінші мінің – орысшылсың» – деген ескертудің зілі де ауыр, мағынасы да терең, тектік-діни намысты қозғайтын мәселе. Құнанбайдың дүние ісінен бет бұруға ұмтылғаны шындық. М.Әуезовтің қатирасында Құнанбайдың Меккеде қалып қою ниеті болғанын, тек орыс-түрік соғысы басталып кеткеннен кейін кешіккені үшін Ресей консулы айып-пұл салып, ырықсыз қайтарған деген жазу бар. Әке мен бала арасындағы суысуды, яғни, Құнанбай мен Абай арасындағы қатқыл сөздердің тамырын олардың өмірге деген көзқарастарының қайшылығынан іздеу ең сенімді себеп сияқты көрінеді.

Сондай бір әкелік айбатты Құнанбай қажыдан қайтып келген соң, Абайдың мына мінездері үшін көрсетсе керек. Құнанбай қажыдан келгенде, ауылының маңынан шошақ найзалы мылтықты солдаттарды, шұрқырасқан үйір-үйір жылқы мен қора-қора қойды көреді. Себебін сұрағанда, Абай: Орыс пен түрік соғысын ескерте келіп, мына жылқыны – орыс әскеріне көлік ретінде, қойды – азық-түлік, қаражат ретінде жиып жатқанын, сонымен қатар қалың қазақтың Русияны қолдап, түріктерге қарсы шығуы туралы үндеу хат жазып

жатқандықтарын – айтады. Сол арада Құнанбай қатты ашуланып, Абайға ауыр-ауыр кінә тағып, істеп жатқан әрекетін дереу тоқтаттырады.

Бұған, архивте сақталып қалған «Хатқа (хаттың мәтіні орысша және араб әрпімен қазақ тілінде жазылған) қол қойған болыстардың тізімінде Абайдың, інісі Ысқақтың, құдасы Мүсірәлі Алыбаевтың аты-жөні атап көрсетілген» [9.1; 2; 3] – деген хаты дәлел.

Меккеден жаңа келген, жолай Станболдағы, Қырымдағы, ішкі Ресейдегі саяси жағдайды, Ресей қол астына жаугершілікке түскен мұсылман жұртының қайғы-қасіретін көріп келген Құнанбай Абайдың бұл қадамын қолдамағаны түсінікті. Өйткені мұсылман дүниесін өз көзімен көрген, түркі елінің мақсат-мүддесіне қанық Құнанбай үшін ислам дүниесіне қарсы қаракетке бару – қияметтік қиянат еді. Сонымен қатар, Абай соңғы жылдары қазақтың дәстүрлі заңы мен әдетін «орыс заңына» жығып беріп, ұлықтарға иек сүйеген тәсіліне де қарсы шығады. Бұл, оның Абайға айтқан үшінші ескертуіне, яғни, «мініне» тікелей қатысты және әкенің баласына айтқан соңғы өсиетті тапсырмасы еді. Оны тыңдамасқа Абайдың еш лажы да жоқ еді. Әке сөзінен кейінгі өзінің көңіл-күйін Абай:

Ойға түстім, толғандым,
Өз мінімді қолға алдым.
Мінезіме көз салдым,
Өзіме – өзім жақпадым.
Енді қайда сыия алдым.
Қалап алған көп мінез,
Қалайша қып тыия алдым? [10, 302], –

деп білдірді. Расында да, Абайдың «ойланатын да, қолға алатын да» жөні де және оның себебі бар еді.

Сонымен қатар, Құнанбайды «діншіл» атандырған бір қатал әрекеті – немересі Әмірді «салалы саусақтарымен шеңгелдей қылқындыруы». Жазушы М.Әуезов бұл оқиғаны Әмір мен Үмітейдің әуейлігі тұсындағы теріс батамен қабаттаса суреттейді. Рас, Құнанбайдың «діндарлығы мен ел билеу жөніндегі ірілік, мықтылығы, алысты болжағыш ақылдылығы, мінезінің суықтығы, қаттылығы, сонымен бірге мырзалығы, намаз оқушы кедейлерге ат, киім беруі, әншейін орта қалыптағы қазақтан кесек болғандығы», «ақыл мен сөзге, келелі кеңеске билік, байлауға келгенде көпті тоқтатып, орта жүздің басты билерінің қатарындағы кісі боп саналғаны» ақиқат жайлар. Бірақ Меккеден келген соң «дүние ісіне араласпай тек жатқан», Алладан ақ өлім мен иман ғана тілеп, фәниден уаз кешкен тірі әулие Құнанбай, жат емес, туған атасы Құнанбайдың намазын бұзу үшін таңғы мінәжатқа ұйып отырғанда жынды емес – әумесер, салсері емес – сайтан, бала емес – қос қатыны, үш баласы бар әке – Әмір жайнамазды аяғымен баса отырып ап, «Жалаңбұт» атты көргенсіз күйді тартып, саусағын, тілін шығарып, бет-аузын қисандатып:

Сыпыра бойдақ, сылқылдақ,
Буыны жоқ – былқылдақ.
Сұлу келіншек, сұлу қыз,
Кез келсе – Әмір сылқылдат.
Сылқылдат, Әмір сылқылдат! [11], –

деп ән айтқан есерсоқ немересінің «алқымынан, жалаңаш мойнынан сығымдап қысып кеп буындырып, өзіне қарай сілке тартып, қинамағанда» Құнанбай не істейді!

Тарихи дерекке жүгінсек бұл арада да Құнанбай күнәдан сыртқары. Оның екі машайықтың алдында да, елдің алдында да, заңның алдында да жазығы жоқ. Мұны М.Әуезов жақсы білген және «Қаракөз» пьесасында бояуын сіңіре суреттеген. Өзінің бұл қадамын ақтаған сыңай танытып:

«Енді ол (Құнанбай) мораль сақтағансып: Әмірді, оны сүйген Үмітейді сол ниетіне құрбан етпек болады» [3.12, 121], – дейді сенімсіздеу желеумен.

Міне, осы үш оқиға үшін Құнанбайға қарғыс қамыты кигізілді.

Дүние аударылып-төңкеріліп түсіп отырған осы оқиғалардың барлығы да Абайдың ер жетуіне, көзқарасын қалыптастыруға тікелей әсер етті. Тарихи шындық пен уақыттың ақиқаты осы. Ал бұл оқиғаларды алып тастасаңыз, не оның барлығы Абайдың қатысуынсыз өтсе – «Абай» романы қандай күйге түсер еді? Әлем әдебиеті, оның ішінде қазақ руханияты ұлы Абай бейнесінсіз қалатыны сөзсіз. Даналардың уақытқа бағына бермейтіні, өз «заманына сыймайтыны», «замананың ақыры оны илейтіні» (Абай) сондықтан. Өйткені уақыт мәңгілік, адам фәнилік. Тек көркем уақыт пен көркем шындық қана оны тірілге алады. Қалпына келтіреді. Екінші өмір береді. Көркем уақыттың шекарасын дәл анықтап, уақыт шындығын сара санамен белгілей білгендіктен де Мұхтар Әуезов Абайдың көркем өмірін ұзартты.

Әдебиеттер

1. Әуезов М.О. Абайтанудан жарияланбаған материалдар / Құрастырғандар: Л.М. Әуезова, М. Мырзахметов. – А.: Ғылым, 1988.
2. Әуезов М.О. Абайды білмек парыз ойлы адамға. Құрастырған: М.Мырзахметов. – А.: Санат, 1997.
3. Әуезов М.О. Он екі томдық шығармалар жинағы. – А.: Жазушы, 1967 – 1968.12 т. – 308 б.
4. Бөжеев М.М., Әуезов О. библиографиялық көрсеткіш. – А.: Мектеп, 1966; 2. Бөжеев М. Замана кейіпкерлері. Ғылыми зерттеулер. Құрастырушылар Г. және Бөжеевалар А. // – А.: – М-АРИ, 2013. – 312 б. Б. 118-200.
5. Шәкәрім. Шығармалары // – А.: Жазушы, 1988; 2. Шәкәрім. Түрік, қазақ-қырғыз һам ханлар шежіресі. – А., 1991.
6. «Әуезов үйі» ғылыми-мәдени орталығы, Қолжазба қоры, КП, 382-папка; 74 папка; к. 1. № 29.
7. Әкімов Т. Даналық мәйегі (М.Әуезов туралы деректер) // Ана тілі, 1997. – 189 б.

8. Әуезов М. Абай жолы. Роман-эпопея. Екінші кітап. – А.: Жазушы, 2013. – 432 б. Б 430.

9. Бейсенбаев М. Абай және оның заманы. – А.: Жазушы, 1988; 2. Байғалиев Б. Абай өмірбаяны архив деректерінде. – А.: Арыс, 2001.

10. Абай. Шығармаларының бір томдық толық жинағы. Редакциясын қарап, түсініктерді, жаңа материалдарды толықтырып баспаға дайындаған Жиреншин Ә. // – А.: Қазмеем көркем әдеббас, 1961. – 694 б..

11. Өмірдің «Сыпыра бойдағы»: [«Абай жолындағы» бір эпизод тарихы] // Қазақ әдебиеті. – 1979. – 14 желт.

12. Тақырыпқа қатысты авторлық басылымдар: 1. Көркемдік және тарихи шындық. «Абай жолы» роман-эпопеясындағы тарихи деректер туралы. // Жұлдыз. – 1979. – №11; 2. Құнанбай туралы өмірлік дерек және образдың тууы туралы // Жұлдыз.– 1996. – №5. – 127-174 б.; 3. М. Әуезовтен Құнанбайды арашалаудың қажеттігі неде? // Қазақ әдебиеті. – 2000.–7 сәуір (№ 14). – 7-10 б.; 4. Тағы да М. Әуезов пен Құнанбай хақында... // Қазақ әдебиеті.– 2000. – 5 мамыр.; 5. Тағы да М.Әуезов пен Құнанбай хақында... // Қазақ әдебиеті. – 2000. – 7 шілде (№ 27). – 7 б. жалғасы 10 б.; 6. Құнанбай. Тарихи және әдеби тұлға / Пікір жазғандар Қирабаев С.С., Нұрғали Р. – Алматы: Алаш, 2004. – 400 б.; 7. «Кешегі өткен би Құнанбай... («...Қандай еді: тарихи және әдеби тұлға»). Монография // Нұр-Сұлтан: Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ баспаханасы. – 2020. б.

ҒТАХР: 17.71.07

ҚҰНАНБАЙ ЖӘНЕ ОНЫҢ ДӘУІРІ ТУРАЛЫ ОЙЛАР

Сөмунжүоглы Б.Т., PhD, қауымдастырылған профессор

Анкара Хажы Байрам Вели Университеті

(Түркия, Анкара)

Бұл конференцияның негізгі тақырыбы болып отырған Қазақ халқының ұлы тұлғаларының бірі Абай Құнанбайұлының әкесі Құнанбай Өскенбайұлы Түркияда жеткілікті түрде танылған және ол туралы дербес академиялық зерттеулер жүргізілді деп айта алмаймыз. Тіпті Абайдың өзі Түркияда жеткілікті түрде танымал болуы 1991 жылдан кейін Кеңес Одағы ыдырап, Қазақстан тәуелсіздік алуынан кейін болған болатын. Академиялық тұрғыдан Түркиядағы шығыс түрікшілдік тарихы Ататүрік бастаған ұлттық тарихты түсінуден басталды. Бұл дәстүрді ХХ ғасырдың басында Түркістаннан келген зиялы қауым, олардың шәкірттері және Түрік академиясы тарапынан жалғастырылған болатын. Абай туралы көптеген жалпы мәліметтер 1991 жылға дейін белгілі еді. Алайда, дербес зерттеулер мен қазақ тілінен аудармалар тәуелсіздік алғаннан кейін жүргізілді. Бұл зерттеулер Абайды ғылыми ортада танымал ете түсті. Расында, Түркиядағы қазақтар туралы зерттеулердің өрлеуі де Қазақстан тәуелсіздік алғаннан кейін болды десек қателеспейміз. Бұл арақатынас академиялық зерттеулер мен егеменді мемлекет арасындағы байланысты

көрсету үшін маңызды. Тарихта болған, бірақ бүгінде саяси егемендікке ие болмаған Сібір түріктері, ноғай түріктері, қараим түріктері, т.б. топтар туралы зерттеулер тәуелсіз Түрік мемлекеттерінің тарихына қатысты зерттеулерден әлдеқайда аз. Тарихи оқиғаның болуымен қатар, оны зерттеуде көптеген әртүрлі мотивациялық дереккөздер де рөл атқарады. Тәуелсіз егемен елдер тарапынан көрсетіліп жатқан қолдау тарихи зерттеулерді ынталандырудың негізгі көздерінің бірі болып табылады.

Тарихи зерттеулердегі ең үлкен мәселе – дереккөздерге қол жеткізу, дереккөздердің тілін үйрену, тарихи оқиғалардың қай кезеңде болғаны туралы білім алу. Осы тұрғыдан келгенде, әдіснамалық тәсілдердің артықшылығын былай қойғанда, дереккөздерге қол жеткізу және кезең ерекшеліктерін меңгеру жағынан әр жердің жергілікті тарихшыларының және зерттеушілерінің, тақырыпты сырттан зерттейтіндерге қарағанда жолы басымырақ деп айтуға болады. Ауызша дереккөздер, әсіресе, соңғы кездегі жазба дереккөздер жетіспейтін кейбір мәселелерде бірінші орынға шығып жатыр. Қазақстанда оларды жинақтау мен бағалауды қазақ зерттеушілері жақсы жұмыс жасап жатыр.

Қазақстанның тәуелсіздік алуы Қазақстан тарихына деген қызығушылық пен ынтаны арттырып, социалистік режимнің тарих туралы түсінігін қайта қарауға жол ашты. Таптық күрес пен жаңа режимді заңдастыруға негізделген, тарихты социалистік тұрғыдан түсіну, өткен оқиғаларды режимнің дүниетанымы мен өз мүддесіне сәйкес түсіндіруге әкелген еді. Кеңес өкіметінің қоғамға бірден-бір көзқарас ретінде таңған тарих түсінігін өзгерту және өзгертуге кірісу – өте оңды қадам.

Құнанбай Өскенбайұлы туралы зерттеулер кеңестік мұраны өзгерту мен қайта қарауда үлгі боларлық өзекті мәселелердің бірі болып табылады. Құнанбайға деген қызығушылықтың артуы өте жақсы жағдай. Оның дәуірін түсінбей, әрі толық зерттеуден бұрын ол туралы пайымдау қате болар еді, осыған байланысты ХІХ ғасырдағы қазақ тарихына қатысты зерттеулер көбейе түсіп, Құнанбай туралы тың деректер пайда болып жатыр. Бұл тұрғыда Құнанбай зерттеулерінің артуы қазақ тарихына өте оңды болды. Абайдың туған жерінде Семей қаласының әкімдігі мен Абайдың туған Шәкерім Университетінің осы тақырыпта симпозиум ұйымдастырып зерттеулерге қолдау көрсеткені өте тиімді болып отыр.

Құнанбайға қатысты кеңестік идеологиялық көзқарасты өзгерту оңды, бірақ оның орнын қандай тәсілмен өзгерту керектігі – пікірталас. Қазақстанда бұл мәселеге қатысты әртүрлі пікірлердің болуы, бірін-бірі сынайтын басылымдардың болуы да, біздің ойымызша, оңды болып табылады. Өйткені сын ғылыми ой үшін таптырмас нәрсе. Кеңестік кезеңдегідей біркелкі ойды қоғамға таңу дұрыс емес. Құнанбайдың қызметін толық әрі терең білмей тұрып, оның қызметіне баға беру дұрыс болмайтындықтан, Құнанбай тұсындағы орталық-жергілікті қарым-қатынастарды, басқа да аймақтық әкімдердің қызметін, Қазақ басқаруындағы, экономикасындағы, құндылықтарындағы, біліміндегі, дүниетанымы мен құқықтық жүйесіндегі өзгерістерді білу өте

маңызды. Жоғарыда айтылған факторлар кезеңге байланысты бағалауға негіз жасау үшін тұрғысынан қажет.

Кеңестік кезеңде Құнанбайға қатысты қалыптасқан стереотиптік қате пікірлерге күмән келтірумен қатар, сол кезеңнің жалпы көзқарасына да күмән келтірген жөн. Мысалы, кеңестік мұра болып қалған патшалық кезеңдегі қазақтың қоғамдық құрылысын феодализммен түсіндіру – тоталистік және жалпылама көзқарас. Тіпті еуропалық тарихта қолданылған бұл термин кейбір аспектілері бойынша әлемнің әртүрлі бөліктеріндегі әлеуметтік құрылымға ұқсас болса да, бұл терминді және осы ұғымды импорттау арқылы пайдалану түсініспеушіліктерге әкелуі мүмкін. Еуропада немесе Кеңес Одағында жасалған терминология мен көзқарастың орнына қазақ тарихнамасының өзіндік көзқарасы қалыптаса бастағаны өте оң болып табылады. Сондай-ақ, тарихи шындыққа сәйкес келетін түрлі көзқарастардың сақталып, тарихи шындыққа сәйкес келмейтін көтерме, жалпылау және идеологиялық көзқарастардың қайта қаралуы көңілге қуаныш ұялатады. Ежелгі дала дәстүрінің жалғасы саналатын қазақтың әкімшілік басқару мәдениеті біртіндеп өзгергенімен, билеуші мен билеуші арасындағы қарым-қатынасты феодализм тәсілі арқылы түсіндіруге тырысу пікірталас тудырады. Біздің білуімізше, түрік даласын басқару дәстүріндегі өзгерістер мен түрлендірулерді анықтау арқылы XIX ғасыр тарихына жаңа көзқарастар туғызу жұмыстары Қазақстанда нәтижелі жүргізілуде.

Кеңестік тарих түсінігін «өз заңдылығын орнықтыру үшін өткенді жан-жақты бейнелеп, жаман жағына қаралау қажеттілігінің әсерінен қалыптасқан» деген көзқарасты бүгінде талқылау қалыпты жағдай. Бір-бірінің жалғасы болып табылатын немесе тіпті революциядан кейін қалыптасқан жүйелердің бір-біріне қарама-қарсы құрылуы міндетті емес. Әлеуметтік өмірдегі сабақтастықты назардан тыс қалдыруға болмайды. Тіпті Кеңес өкіметі де жаңа қоғам құруға талпыну барысында өткеннің көптеген мәдени факторларын қабылдап, үйлестіруге мәжбүр болды. Жапон тарихында Тогукава мен Мэйдзи кезеңіндегі үлкен өзгерістерге қарамастан, бір-бірімен саяси күрескен тұлғалардың өз кезеңдерінің оқиғаларына қарсылық тұрғысынан оқуға емес, ол кезеңдегі тұлғалардың оқиғаларға байланысты шешімдерін түсінуге назар аударуы сияқты, Қазақстан тарихында бір кезеңдегі оқиғаларда әр түрлі жақта болған тұлғалар мен шешім қабылдаушыларды түсінуге тырысқан тиімдірек болар еді. Қазақ хандығының біртұтастығы үшін және одан кейінгі Ресей билігіне қарсы тәуелсіздік үшін күрескен немесе күреспеген тараптардың себептерін анықтау өте маңызды. Бұл күрес жолындағы кісілердің бір біріне ұқсайтын немесе ұқсамайтын мүдделері болғанында ескерген жөн. Құнанбай туралы тарихнаманың өзгеруі тек Құнанбайдың өзіне ғана қатысты емес, сонымен қатар кезеңді жақсырақ түсінуге қосымша түрткі болғанын айта кету керек.

Құнанбай билігі тұсында Қазан татарлары мен Өзбектерде орыс тілін үйренуге немқұрайлы қараса, орыс тілін оқу жүйесіне енгізуі арқылы оның заманауи білім беруді мақұлдауы, балаларына орыс тілін үйрету арқылы, тіпті жоғары оқу орнын жалғастыру үшін орыс оқу орындарында оқуын қолдау оның

кезеңімен қарағанда басқа көзқарасты білдіреді. Бұл өлкедегі орыс билігінің мәңгі болатынын түсінген Құнанбай орыс тілінің жаңа ұрпаққа жан-жақты пайдасын тигізетініне сенсе керек. Бірақ Құнанбайдың саясатын сол кездегі өлкедегі басқа қазақ әкімшілері мақұлдап, жүзеге асырғанын, оны Құнанбайдың өзімен байланыстырмай, қазақ даласы әкімдерінің жалпы ұстанымы деп қабылдауға да болмайды. Алайда Құнанбаймен қатар біраз қазақ билеушілерінің де орысша білім алуға қадам жасағанын көруге болады. Оның оқу-ағарту туралы түсінігін басқа өлкедегі басқа билеушілердің, татар мен өзбектердің білім беру жүйесімен салыстыру тиімді болар еді. Құнанбайдың мектепте ұстаздық ету үшін атақты, тәжірибелі ұстаздарды шақыртуы да оның білімге қаншалықты мән бергенін, мектеп білім сапасын арттыруға тырысқанын көрсетеді.

Оның билігі кезеңінде Жәдидтік қозғалыс әлі қалыптаса қоймаған еді. Бірақ ол өз заманының озық ойлы зиялыларының бірі Қазан татары Шихабеттин Мержани т.б шәкірттерін арнайы әкеліп, өзі құрған оқу орнында білім беруге ықпал жасады. Құнанбайдың ағартушылық қызметіне қатысты бұл көзқарасын бүкіл Түркістан үшін жаңа бағдар деуге болады. Қазақ билеушілерінің арасында мұндай мектептерді ашқандардың саны онша көп емес еді. Ол орыс тілінің, орысша білім берудің, ол кезеңдік көзқарас бойынша модернизацияның маңыздылығын алдын ала білді деп ойлауға болады. Өзінің аяулы перзенті болған, аудармашылыққа жетерліктей орысша үйреніп, басқару мұрасын жалғастырған Абайдың жолы осының ең үлкен дәлелі болса керек.

Мұсылман аймақтарын басып алғаннан кейін Ресей құрған жүйе және Ресей билігінде өмір сүріп жатқан мұсылмандардың реакциясы:

1. көтеріліс (алғашында қарқынды, бірте-бірте басылатын);
2. эмиграция (Ресейдің шетіне, негізінен Қырым мен Кавказдан);
3. изоляционизм (Ресейге қатысты көптеген нәрселерден оқшаулану саясаты);
4. компромис (орыс билігінің бар екенін мойындау саясаты және онымен ымыраға келу);
5. модернизация (Жедит қозғалысы және одан кейінгі басқа модернизация қозғалыстары);
6. Саяси қозғалысты (1905 жылғы конституциялық үкіметтен кейін барлық дерлік аймақтарда басталған Ресейдегі мұсылмандардың жалпы және жергілікті саяси қозғалыстары) алты кезеңге бөлуге болады.

Бұл кезеңдердің көпшілігін қоғамның әртүрлі топтары бір мезгілде ішінара болса да жүзеге асырды деп айта аламыз. Құнанбайдың қайраткерлігі мен басқарушы болған кезеңін компромисс ымыраға келу саясаты кезеңіне қою керек шығар. Дегенмен, орыс әкімшілігімен ымыраға келуді таңдаған жергілікті әкімдер, зиялы қауым, дін басылары, саудагерлер және басқа топтардың мүдделері бірдей болды деп айту қиын. Кейбір билеушілер мен тұлғалар өздерінің жеке мүдделерін қорғау үшін Ресей әкімшілігімен ымыраға келсе, кейбір билеушілермен тұлғалар өз халқының пайдасына саясат жүргізу үшін Ресей әкімшілігімен ымыраға келді. Мысалыға Ресей мұсылмандары арасындағы ең қуатты және жан-жақты модернизациялық қозғалыс – жәдидшілдіктің негізін

қалаушы саналатын Гаспыралыны бітімгерде, жаңару кезеңіне де жататын тұлға ретінде қарастыруға болады. Гаспыралы орыс әкімшілігін заңды деп танып, әкімшілік қызметін атқарды, сонымен бірге өз билігін бүкіл Ресей мұсылмандарына/түріктеріне қызмет ету үшін пайдаланған болатын. Сол секілді көптеген әртүрлі идеялар қоғамның әртүрлі қабаттарында әсер еткен болуы керек. Бұларды жіктеуге арналған академиялық зерттеулер мен талдаулар кезеңнің құрылымын да, Құнанбайды да түсінуге өте пайдалы болады. Құнанбай мұрасын тануға бағытталған зерттеулер қазақ тарихын да, Түркістан тарихын да тереңірек танып-білуге серпін береді деп айта аламыз.

Құнанбайды да өз қоғамына қызмет ету үшін орыс әкімшілігімен ымыраға келген басқарушылар тобына жатқызуға болады. Оның мешіттер салып, орыс тілі арқылы заман талабына сай білім есігін ашу, сонымен қатар аса ғұлама ұстаздар дәріс беретін оқу орындарын ашу, Сұлтан Кенесарының тәуелсіздік жолындағы күресіне барлық стратегиялық қолдау көрсетуі оның діни өмірді қорғауға деген талпынысы бұл көзқарасты растайды.

Орыс басқыншылығынан кейінгі патшалық кезеңді тарихи Түркістан өлкесі үшін өтпелі кезең деуге болады. Бұл кезеңдегі кеңестік көзқарастың догмаларынан арылу керек. Бұл ретте академиялық бағалау процестері алдыңғы қатарда болуы керек. Қазақстанда кеңестік тарихнаманы қалпына келтіру процесі өте тиімді жүргізілуде. Жаңа зерттеулердің көптігі және жаңа дереккөздер осы кең тақырып бойынша әдебиетті байытып жатыр деп айтуға болады.

ҒТАХР: 17.71.07

ҚҰНАНБАЙ ӨСКЕНБАЙҰЛЫ

Жеменей И., ф.ғ.д., профессор

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті

(ҚР, Алматы қ.)

Абай отыз сегізінші сөзінде дұрыс тәрбие адами құндылықтарға негіздеу керектігін айтады, сонымен бірге адамның табиғатымен қабысқан балалардың сезім мүшесі мен тән саулығын басты назарда ұстайды. Адамның генетикалық факторы деп танылған биологиялық және табиғи негіздерінен тыс оның туған, өскен ортасы өте маңызды факторлар қатарына жатады. Мәселен: жақсы әке, жақсы ана, жақсы ұстаз бала тәрбиесінде аса зәру факторлар болып табылады. Генетика, орта білім мен ғылымға жету үшін аса қажет себептер бола тұра, үйренушінің ілімге құштарлық пен махаббаты да маңызға ие факторлар есептеледі. Баланың бойында білім мен ғылымға махаббат өз-өздігімен пайда болмайды. Оған екі әдіс қолдану қажет болады. Бірі – мәжбүрлеу, екіншісі түрлі психологиялық тәрбиелеу әдіс-тәсілдерін қолдануды мақсатты межеге пайдалану керек. Бала тәрбиесінде ең маңыздысы адами құндылықтар мен

баланың ілімге махаббатын нақты бір мақсатқа бейімдеу қажет. Сондықтан бала тәрбиесінде оның күнкөріс ортасын, отбасы тәрбиесін және қоғамдық ортасын терең зерттеп ұққан жөн. Абай қазақтың саяси тарихының өле-ара дәуірі мен отбасылық тіршіліктің де қоғамдық ортасымен қайшылықтарға толы заманда туып, өсті. Қазақ жұрты дәл осындай қайшылыққа толы саяси-қоғамдық жағдайында Абайдың әкесі Құнанбай қазақ елінің саяси-мәдени майданының бер ортасында белсенді болып, ұрпақ тәрбиелеу мен қоғамдағы өрлеу мәдениеті мен күйреу мәдениетінің арасында тепе-теңдікті сақтап қалуға бар күшін жұмсады. Соның арқасында Абай, Шәкәрім, Әбдіраһман сынды озық ойлы тұлғалардың қазақ елінің өркендеуіне, ой өрбітуінің негіздерін қалай білді. Олар өз кезегінде қазақтың мәдени, рухани, саяси өркендеу жолына түскен алаш қайраткерлеріне өнегелі тұлғаларға айналды. Сондықтан Құнанбайды тану арқылы сол заманғы қазақ қоғамын және сол қоғамда өсіп, өнген Абай мен одан кейінгі қазақтың саяси-қоғамдық қайраткерлерін етене жақын тани білеуге септігін тигізеді.

Құнанбай Өскенбайұлының баласы Абайдың әкесі 1804 жылы дүниеге келді, жетпіс алтыжыл өмір сүріп, 1882 жылы дүниеден өтті. Өмірінің күрделі саяси, қоғамдық, мәдени кезеңдерінде талай өрлеу мен сүрең сәттерді бастан кешірді. Бірақ қазақ тағдырының келешекте мәдени және саяси кеңістігіне ықпал жасай алатын тарихының елеулі тұлғалы ұрпағын халқына рухани тарту ретінде мұра қалдырды. Абайдан басталған ұрпақ рухани биіктері үшін Құнанбайдың әкелік бақыты, халқының рухани мәңгілік мәдени-әдеби табысы іспеттес. Сол үшін Құнанбайтану негіздері сол заманның қазақтарының тұлғалы, қоғамдық, саяси психологиясын зерттеп, зерделеуге мол мүмкіндік береді. Өйткені Құнанбай қазақ тарихының хандық және саяси өлара екі дәуіріне куәлік еткен саяси – қоғам қайраткері.

Құнанбай өмірінің қырық үш жылын қазақтың хандық дәуірінде өткізді. Сол жылдарда болып жатқан қазақ даласындағы саяси-әскери оқиғалары және Кенесары ханның өмірмен өлім кешкен орыс патшалығына қарсы ұлт-азаттық қозғалысына замандас ретінде куә болды. Сондай-ақ отыз тоғыз жылын қазақтың саяси өліара саяси дәуінде көптеген соқпақты-соқпақсыз жолынан өтті. Сондықтан Құнанбайдың тұлғасын, ішіндегі алай-дүлей психологиясын сарапқа салу, оның екі дәуірге көзқарасын нақтылау аса маңызды һәм қиын жұмыс. Әсіресе зерттеуші, қаламгер Мұхтар Әуезовтың өткен зерттеу жолы көлденең алдымызда тұрған жағдайда Құнанбай өміріне жаңалық ашу қиынның қиыны болмақ. Сондықтан Мұханның мұрағаты мен оның шығармалары әлі де болса да талай сырдың құпиясын аша алады деп сенеміз.

Құнанбай өмір сүрген екі дәуір яғни «Қазақтың хандық дәуірі» және «Қазақ тарихының саяси өліара дәуірінде» кең байтақ қазақ даласы түрлі ақпарат құралдары, соғыс саймандары, қару-жарақтары, жүріп-тұру көлігі, азық-түлігі жағынан әлсіз тіпті мақрұм күй кешіп жатқан заманы болды. Ендігісі патшалық ресей үкіметінің жүйелі мәдени-әскери, саяси-экономикалық шабуылдары оқудан мақрұм, саяси санасы әбден тозған, тіршілігі жұпыны тартқан, ел басқару ісі орталықтан емес бөлінген аймақтық басқаруға көшкен екі дәуірдің

зардабының ортасында Құнанбай тәрізді белсенді қайраткердің ойы мен мақсаты бір-бірімен қабысуы өте қиын болды. Өйткені Құнанбайда ел қамын жеп, елдің тұтастығын, қуатты болуына іштей тілектес болса да, замана шындығы оның ел ісіне араласуына ресей патшалығының саясатынан, ұстанымынан алыстапкете алмай жүрді. Сол үшін өзінің ортасы мен өз отбасы мүшелерін мәдениет пен өркениеттің өкілдері болып қызмет жасауларын көздеді.

Құнанбайдың ата тегі – Құнанбай мәдениет пен ұлттық құндылыққа берік текті отбасының ұрпағы. Елдің есінде қалған немесе тарихқа тіркелген мәліметтерге қарағанда: бабалары турашыл, таза, әділетшіл, ер мінезді, білім мен ғылымға құштар, шешен, төрелікте адал, көркем мінезді, елінің сүйіктісі, келешек ұрпаққа үлгілі болған екен. Оның бабасы Әнет баба (1618-1711) ел арасында әулие мәртебесіне дейін танылып, тілге тиек болған. Ол әулиелік мәртебеге, текті кісілік, тазалық, діндар, халықшыл, адал төрелікке танымал болған екен. Әнет бабаның ұрпағы сөзшең болуда, қоғамдық білімге ие болғандығына, ұлттық салт-дәстүрді сақтай білуде, дін мен адами мінезге мән беруде берік болғандықтары айтылады.

Әнет баба Кішікұлы (1626-1723) қазақ тарихының сөзшең атанған әулие адам болған. Ол Бұхара медресесінде оқып өз заманының діни ғалымы атанған. Оның мәйіті Қожа Аһмет Йәсеуи кесенесінде Түркістанда жерленген. Шәкәрім Құдайбердінің айтуынша Тәуке хан (1680-1718) билік құрған жылдары қазақ хандығының жеті жарғы заңнамасын дайындау барысында белсенді түрде қатысып төрелер тобына мүше болған екен. Сондай-ақ ойраттардың жорығында бес бірдей баласы елін қорғау жолында шейіт болған. Бірақ Әнет бабаның шейіт болған балалары Құнанбай, Абай, Шәкәрімнің қорғау мен қолдауының арқасында тіршіліктің қиындығына тап болмай өмір сүрген.

Ырғызбай Айдосұлы (1744-1785). Айдостың төрт ұлы болды. Олар: Торғай, Топай, Кәтібақ, Ырғызбай. Тобықты руының Сырдария бойынан көшу барысында Айдостың кенже баласы болған Ырғызбай қазіргі Ақтөбе облысының Ырғыз өзенінің жағалауында дүниеге келгені үшін Ырғызбай атын иемденген. Кейінгі жылдары Тобықты руының басшылары тыныш және қауісіздеу мекенге көшуде Шыңғыс тауының бөктерінде қоныс тебуді таңдап көш басын сол жаққа бұрған. Ырғызбай бала кезінен зерек, ақылды және тілмар болғандықтан сол кездегі танымал би Кеңгірбай Жандосұлы оны өз жанына алып, көптеген қоғамдық айтыс-тартыстарға қатыстырып, оның өмірлік тәжірибесін арттырып, жетілдіреді. Соның арқасында Ырғызбай қоғамдық келіспеушілікте адамдардың дау-дамайында төрелік істей бастап, өзінің алғырлығы мен адал шешімдерімен көзге түсіп жүреді. Әрине Кеңгірбайдың қолдауы Ырғызбайды қоғамдық санасының жетілуіне оң ықпал еткендіктен ол дала мектебінің озық дәрежелі шешен һәм төресіне айналды. Оның төрелік істері адалдықпен өтіп, ел ризалығына бөленіп, өзінің әділетті ата жолын жалғастыра білген тұлға болды. Ырғызбайдың өмірі аса қиындық пен игілікке толы болды. Бірақ ел-жұртына адал қызмет жасағаны үшін қазақ тарихында айтарлықтай өнегелі тұлғаға айналып үлгерді. Ол қоғам ортасында өзінің абырой мен беделінің биігінде 1785 жылы бар-жоғы қырық бір жасында дүниеден өтті. Оның мәйіті Шыңғыс

тауының Бөкенші өзенінің жағасында жерленді. Оның Ермек атты әйелінен төрт бала болды. Олар: Өсер, Мырзатай, Көртар, Өскенбай. Өскенбай болса Құнанбайдың әкесі. Шәкәрім 1911 жылы Орынбург қаласында жарық көрген «түрік, қырғыз және хандар шежіресі» кітабында арғы атасы болған Ырғызбай туралы мәліметтер беріп, оны аса құрметпен еске алып жазған.

Өскенбай Ырғызұлы (1778-1850) Құнанбайдың әкесі, Абайдың атасы. Өскенбай туып, өсіп ер жеткен заманда ресей патшалығы қазақ даласының бір бөлігін өзіне қаратып, билеп-төстеп тұрған заман еді. Сондай ұлттық сананың қапасқа түсіп, шыр-пыры шығып, тіршіліктің ауыртпалығын жан-тәнімен сезіп жүрген халықтың үміті қазақтың біртуар перзентін күтумен еді. Сондай ауыр жылдарда алғыр да парасатты Өскенбай тобықты руын тауқымет тіршілігінен құтқарар үміт көзіне айналды. Алайда ол кезеңде қазақ хандығының басқару жүйесі әлсізденіп, халықты орталық билікке бағындыра алмай жатқан кезі болды, сондықтан қазақ елі феодалдық аймақтарға бөлініп, түрлі атаулармен басқарыла бастаған еді. Мәселен қазақтың шығыс аймақтарындағы ру-тайпаларды ресей патшасының мақұлдауымен «аға сұлтан» атауымен басқарма бастығы басқарды. Сол кезде қазақ тарихында екі көзқарастағы саяси ағым жүріп жатты. Бірі – Кенесары Қасымұлы хан басқарған ұлт азаттық күресшілері бартұғын. Екінші жағында біртіндеп бағынған қазақтың ру-тайпалық басшыларының басқару жүйесі болған. Өскенбай қаншама қазақшыл болса да ең әуелі тобықтыға бас болып оларды қиын-қыстау саяси-тіршілік тар жол-тайғақ кешуден алып шығуды жөн көріп, елінің ықыласына бағынып руының аға сұлтаны атанды. Оның көрегенділігі қазақ ру-тайпаға бөлінген болып көрінсе де ұлттық тірегі мен құндылықтары бір жүйеге бағындырған халық болатын еді. Сондықтан қазақтың арасынан бір руының ғылымға, мәдениет пен өнерге бейім өсіп, даңқы шыққан тұлға бар қазаққа ортақ болатын еді. Қазақтың тілі, діні және ділі оның руының, тайпасының өзгеше атауына қарамастан бір болған. Сол үшін қазақ атауы рулар кең байтақ қазақ даласында Каспийден Алтай тауларына, Алал мен Балхаш көлінен солтүстік Сібірге дейін, тіпті Моңғолия мен Шығыс Түркістан қазақтарының бір тілде диалектісіз сөйлесіп тілдесуі, бір дін мен мәзһабты ұстануы, бір салт-дәстүрмен күнделікті тіршілігін өткізуі ғажап құбылыс ретінде әрбір қазақтың өсу мен өшу тағдырын бір-біріне мекем байланыстырып қойған еді. Қазақтың өзінің кең байтақ жерінде көшіп-жүріп өмір сүріп келе жақтандықтан жыраулар мен күйшілер олардың жан дүниесінің жетілуіне ерекше үлес қосып келді. Қазақ халқы тойдуман, үлестің өзгеше күндерін мерекелеуге, бай мен билердің айтулы той өткізулерін өткізуде халықтың басы қосылатын еді. Сондай той-думан, мерекелерде қазақтың «құда мың жылдық, күйеу жүз жылдық», «ағайын бір өліде, бір тіріде керек», «ғалымның бір күні – наданның мың күніне татиды», «Ел үмітін ер ақтар, Ер атағын ел сақтар», «адал дос алтыннан қымбат» деген мақал-мәтелдер қазақ халқының өмірлік философиясы болғандықтан айтулы той-мерекелерді аты шыққан қазақ әр руынан алыс-жақыннан құрметті құдалар, ағайын-туыс, жекжаттар, танымал ойшыл, билер, аты шулы батырлар шақырылады. Сонда өнер адамдары, жыраулар, шешендер мен ғұлама-ғалымдардың өнері мен

әңгімесін жиналған халық қаныға тындайды. Көрген-естігендерін аңызға бергісіз етіп ауыздан ауызға халық арасына таратады. Соның арқасында қазақтың мәдениеті бір мәйекке ортақтасып, дамып, жетіліп тұрады. Демек Өскенбайдың руына жасаған қызметі қазақтың дәстүрі мәдениет пен өнері негізінде қазақ үшін жасаған игілік. Өйткені қазақ «Біздер қарға тамырлы қазақпыз ғой, сұраса келе қарын бөле болып шығамыз» дегені оның өмірлік қарым-қатынас, тіршілік қажеттігінен туындағаны анық.

Өскенбай саяси парасаты, тілмарлығы арқасында өз руының арасында ерекше атаққа ие бола білді. Тағы бір артықшылығы – ол ел арасында туындаған дау-дамайда әділ төре болған және халқының салт-дәстүрі, әдет-ғұрпына айырықша көңіл бөліп келген. Осындай өзгешелігі үшін халқы оны ата жолын жалғастырған лайықты адал перзенті деп баға берген. Қазақтар бір-бірімен өте шиеленісті дауға түскенде Өскенбайды қазылық төріне шақыратын еді. Арғын, найман тағы басқа рулар арасынан сол кезде екі атақты би болған. Олар: Өскенбай және Ерәлі еді. Осы екі төреші арасындағы айырмашылық ел аузына мақалға айналған еді. Онда: «Ісің адал болса, Өскенбайға бар, арам болса, Ерәліге бар», – деген ұрымтал сөз пайда болған.

Өскенбайдың әкесі Ырғызбай қырық бір жасында қайтыс болды, әкесі дүниеден озған соң Кеңгірбай биді өз қамқорлығына алып, қарттық шағын жайбарақат өмір суруін қамтамасыз етті. Сонымен қатар Кеңгірбайдың бедел мен абыройы оныңқоғамның қазысы болуына сеп болды, әрі төрелікте мол тәжірибесі Өскенбайдың қоғамдық санасын өсірді. Үлкенін сыйлаған оның да қазақтың салты болған. «Үлкенге құрмет, кішіге ізет», – деп дәстүріне ұран еткен қазақ.

Ресей патшалығы 1822 жылы Сібір қазақтарын өзінің бодандық қарауына алғандығы жайлы жарлық жариялайды. Тобықты руы да амалсыз оның билігін мойындайды. Сол кезде Өскенбай өз руының таңдаған төреші биі болғандықтан цезарьдың саяси ресми өкілі Сан Петербургтен келген Иван Семеновичтен (1777-1836) цезарьдың өкілі болудың ресми өкілет хатын алады. Содан 1826 жылдың он алтыншы қазанында патшалықтың уақытша шекара бастығы Бруновскийден «аға сұлтан» дәрежесіне биіктейді. Өскенбай жасы келген соң аймақтың басқару міндетін баласы Құнанбайға тапсырады, өзі болса оның кеңесшісі ретінде жұмыстарына кеңесін беріп, көмектесіп жүреді.

Өскенбай бәйбішесі Зереден екі ұлы болды. Олар: Құттымұхаммед, Құнанбай және бір қызы – Тайбала болған. Ал кейінгі төрт әйелінен тоғыз ұл баласы болған екен. 1850 жылдың мамыр айында қайтыс болғанда оның асына қазақ даласының ығайы мен сығайы жиналды. Оның асы арғын тайпасының қамбар руына тиісті Көк Жайдақ жайлауында өткен еді. Сол кезде Абай бес жасында әжесі Зеремен бірге атасының асына қатысқан.

Құнанбайдың балалық-жастық шағы – Құнанбай әкесі Өскенбай тобықты руының төрешісі, аға сұлтаны болып тұрған кезде танымал бір отбасында 1804 жылы дүниеге келді. Оның анасы ел арасында «Зере» атымен мәшһүр болған. Әкесі Бектемір найман тайпасының матай руы, қойгел тармағынан шыққан атақты отбасының қызы еді. Оның азан шақырып қойған аты «Тоқбала» болған.

Оның құлағында алтын сырғасы болған, қазақтың ырымы бойынша көз тимесін деп ел ішінде Зере атанып кеткен. Зере ақылды және қазақтың салт-дәстүрін терең білген, қазақтың дастандар, хикаялар, мақал-мәтелдерін жақсы жатқа айтатын шешен болған екен. Абай балалық шағында әжесінің тәлімінен сусындаған, сондықтан Абайдың кісілігінің қалыптасуына әжесінің ықпалы мол болған. Қазақ халқының білімге сусындауын екі топқа бөліп қараған жөн. Бірі – жалпы жаппай халықтың білім алу ортасы. Олар қазақ арасында өтіп жатқан той-думан қатысатын жыраулардың жыр дастандарын, сөзуар қариялар, ақылгөй ақсақалдардың қиссалары мен әңгімелерін тыңдап есту арқылы сауатын ашатын еді, бұл дәстүр жаппай қазақтың ауыз әдебиетке құмарлығынан қалыптасқан үйрену мен үйрету жүйесі іспеттес еді. Ауыз әдебиеті халықтың білім алу бұлағы болған. Күй өнері қазақтың жан дүниесіне серпін беретін негізгі құрал болған. Сондай-ақ айтыскер ақындар елдің қоғамдық, мәдени және саяси ахуалдың хабаршысы болғанын айтуға болады. Сондықтан қазақ өзінің жайлау мен қыстауында көшіп-қонып жүрсе де білім алудан махрұм емес еді. Қазақтың екінші тобы – байлар мен билер болған. Олардың арасында өнер мен ғылымға құштар тобы балаларын молдаға беріп, арнайы мұғалім жалдап, күй сабағына қатыстырып, жанына ертіп жүріп сауда ісіне, елді басқару ісіне үйрететін еді. Олардың арасынан ұлттық құндылықтарға, халықтың әдебиет пен мәдениетке баулып өскен ұрпақ қазақтың келешек өскелең ұрпағына ұлттық әдебиет пен мәдениетті мол мұра етіп қалдырды, ұлттық саяси сананың қалыптасып, алаш қайраткерлерінің пайда болып, қалыптасуына негіз қалады. Осы екінші топта Абай сынды дара, халықшыл тұлғалар өсіп, өнді. Құнанбай осындай екінші топтың пайда болып, жетілуіне, қанат жайып, қоғамның жетекші тұлғаларына айналуына, қазақтың ұлттық саяси санасының жалындауына ерекше үлес қосқан қайраткер екенін айта аламыз. Қазақтың дәстүрлі тәрбие беру жүйесінің мықтылығының арқасында алаш қайраткерлері қалыптасты. Олар қазақтың тілі арқылы, әдет-ғұрпы, ән мен күйі арқылы тарихының тұңғышына сүңги білді, елін сүйе білді. Сондықтан жауыз отаршыл коммунист режимінің жалғыз шарасы қазақты жасанды ашаршылық, қуғын-сүргін, атумен үрей тудыру, кемсіту тәсілімен оның асқақ рухын басу болды. Әрине жаудың үрей мен кемсіту әдісі өз жемісін бергенін өз тілінен, өз болмысынан безіп жүрген аты қазақ бауырлардың теріс қылықтарынан көре аламыз. Сондықтан еңкейген еңсеміз, езілген рухымыз, күңгірт тартқан ұлттық санамыз табиғи қалпына келмейінша талай қор күйімізге күйініп күн кешеміз.

Құнанбай сәбилік шағынан белсенді, сергек, алғыр болды. Жасы ұлғайған сайын дене бітімі мығым, көрікті, бойшаң, нұрлы жүзді, бадырайған қара көздері, кең маңдайы, созылған мұрны, палуан денесі, өткір жанары, салмақты қимылы, парасатты көзқарасы оған төңіректегі жандардың еріксіз назарын аудырады екен. Оның құрдастарынан өзгеше болмыс бітімі мен жүріс-тұрысы отбасына, ағайын-туысына, ру-тайпасына елдің саяси, қоғамдық, мәдени кеңістігіне жаңаша, ұтымды өзгерістер алып келе алатын, елдің даму жолына түсіп, жақсылықтарға негіз қалайтын тұлға ретінде үмітпен қарайтұғын болған

екен. Құнанбай жайлы анасы Зеренің де көрген түсі елдің үмітін одан әрі арттыра түсті.

Құнанбай есімі Құнан өзеннің жағасында туғаны үшін бе, әлде кәдімгі Құнан атына қатысты қойылды ма? Нақ бір болжам жоқ. Құнанбайдың алғыр болғандығынан әкесі әу-бастан мұғалім арнап, оған оқу-жазуды үйретті. Ол жастық шағында тілмар және палуан болуымен елдің ауызына ілінген еді. Құнанбай он төрт жасынан еларасында болып жатқан дау-дамай, айтыс-тартыстарға қатысып жүрді. Өзінің табиғи дарындылығы мен қоғамдық ортада әкесінің жанында жүріп, көп тәжірибе жинады. Сонымен бірге жастар арасындағы ауызекі айтыстарда басты орынды иеленіп жүргені оны келешек таңдаулы төре сатысына көтерді.

Құнанбай он бес жасынан күрес алаңына қадам басты. Көпке ұзамай ел ішінде «палуан» атағын иеленді. Ол кезде қазақтар арасында ат жарыстары мәселен бәйге, күрес, қол күресі, арқан тарту сынды түрлі ауыр да, жеңіл спорт түрлері кеңінен қолданылып келді. Бұл жарыстар құдайдың құтты күні болып жататын еді. Жастар шаруадан қолдары босай салысымен белгілі алаңдарға жиналып тиісті жарыстарын өткізіп тұратын. Бір жағынан ұлттық ойындар жасөспірім ұл-қыздар өткізіп жатса, енді бір топ жиналып жыраулардың жырына қанығуға құшырланып бас қосып жататын. Бүгінде қазақтың ән-күй, жыр дастан, айтыс, күрес сынды айтулы өнері өз орнын сақтап, әлемге әйгілі болып келеді.

Құнанбайдың мінезі мен басқару қабілеті: Құнанбай өзіндік мінез бен көзқарасқа ие болған. Соның бірі – төрелікте барынша адал болуға тырысатыны еді. Енді бірі – төрелікте тайпалық-ұлттық құндылықтар оның үкім шығару таразысының өлшем тасы болған. Тағы бірі – төрелік істерінің өлшемі ислам шарифаты мен қағидалары еді. қоғамды басқару ісінде өте салмақты болуының арқасында ағайын, достық байланысқа жол бермейтін. Сондықтан ағайын-туыс оны қатал, бір беткей басшы деп бағалайтын. Өз ісіне адал болғандықтан дастан көп жауы болған. Әсіресе үкіметтің шенеуніктері арасында шенге таласушылар қатарынан дұшпаны жетерлік еді. Осыған орай Омбыдағы цезарь өкілдеріне оған қарсы қаптап шағым хат жолдап тұратын. Бұндай ішкі тартыс пен алауыздық олар үшін өте қуанышты жайыт болатын. Өйткені арызқойлардың Құнанбайға қарсы шағым хаттарды сылтауратып оны Омбыға шақырып, керекті мәліметті алу үшін тергеуге алатын. Соның арқасында Құнанбайдың ұлттық және саяси көзқарасына қанық болып қалатын еді. Әсіресе сол жылдары Кенесары ханның ұлт азаттық көтерілісі оңтүстікте жүріп жатқан болатын. Сондай тексеруде қажет деп санаса, оны қамауға алатын кездерде болды. Түйін сөз Құнанбай саяси, қоғамдық, мәдени, экономикалық психологияның ең шырманған кезеңінде өмір сүріп, ел басқаруы өте ауыр салмақты иығына жүктеген еді.

Қазақ қоғамы байларды екі топқа бөлген. Бірі – жомарт бай, ендігісі – сасық бай. Құнанбай жомарт бай қатарына жатады. Ол бүркіт сияқты жегенін шашып жейді. Оның Абай сынды ұрпағы қазақ тарихының саяси-мәдени сабақтастығын жалғастыра білді. Сасық байдың сандық түбіне тыққан ақшасы тышқанға жем болды. Ол құзғын сияқты тығыш жеп, ұрпағын дүниеден түк көрмегендей аш көз етіп тәрбиеледі.

Мемлекеттік қызметі ресей патшалығының өкілі

Мемлекеттік құжаттар бойынша Құнанбай жас кезінен парасаттылық, белсенді болу, қоғамдық қатынастары тығыз болуына байланысты аймақта цезарь өкілі болып тағайындалған. Ол осы өкілеттіктен кейін 1831 жылы аға сұлтандық мансапқа жеткен. Құнанбай құдайдан бақыт, байлық, билік сұраған. Бірақ сол үшеуін елімнің бақытына лайықты жұмсай алмасам мені адамзаттың ең қоры, ең сорлысы ете гөр деп тілеген. Алайда халыққа би, бай, оқымысты керек екенін сезген ол. Аталған үштік елінің бағы немесе соры бола алатынын нақ ұққан дана қазақ болғаны айдан анық.

1. Ресей патшалығы заманының архивында қазақтың қайраткер және танымал тұлғалары жайында айтарлықтай құжаттар бар болуы анық. Сондай құжаттардың бірінде Құнанбай жайлы былай жазған: «Құнанбай тобықты руы, кішік тармағынан жарым ғасыр саяси өмірі болған», – деп анықтама берген.

Адольф Янушкевич (1802-1856) Польша саяхатшысы қазақ даласына жасалған саяхатында «күнделіктер мен хаттар», – атты кітабында Құнанбай туралы былай: «Құнанбай бидің жасы Барақ сұлтаннан біраз үлкен. Бұл да – дала өңіріне аты кең жайылған адам. Қарапайым қазақтың баласы. Табиғат оған кесек ақыл, ғажайып ес және жүйрік тіл берген. Іскер, өз аталастарының игілігі туралы қам жейді, дала заңдары мен құран қағидаларының жетік білгірі, қазақтарға қатысты россиялық уставтарды бес саусағындай біледі, қара қылды қақ жарған би және өнегелі мұсылман. Қарапайым Құнанбай әулиенің даңқына бөленген. Одан ақыл сұрауға жас та, кәрі де, кедей де, бай да шалғай-шалғай ауылдардан келіп жатады.

Тобықты руының сеніміне ие болып, ол ел билеушінің қызметіне сайланған. Ол өз қызметін бақайшағына дейін біліп, бар қайрат-жігерін сарқа төгіп атқарады, иегін көтерсе болды, әр бұйрығы, әр сөзі орындалады. Кезінде ол көрікті еркек болған. Бұдан бірнеше жыл бұрын шешек оны Мирабо секілді көрден бір-ақ шығара жаздаған, қазір оның бетінде содан қалған іздер бар. Ол көсіліп сөйлеп кеткенде, тыңдаушылар оның сиқы қашып, реңі тайған жүзін мүлде ұмытады. Қатерлі дерттің табы жерлестерінің мүсіркеп, оның жолында бәйек болғанын Құнанбайдың есіне әлсін-әлсін түсіріп отырады. Осының өзі оның қызметі мен маңызының дәлелі.

– Мен жанымды қайда қоярымды білмей жатқанымда, – деді ол маған тебірене және мақтана, – адамдар күні-түні менің киіз үйімді апыр-топыр болып қоршап тұратын. Олардың көз жасы мені шыжғырып әкетіп бара жатқан отты сөндіріп, менің тірлігімді алламнан жалбарынып сұрап алып қалды.

Европаның білімге сусындаған елдерінің бірінде көз жұмып бара жатқан от тілді, орақ ауызды шешенді ақтық сәтте халық осылай мүсіркемеп пе еді. Ол да Құнанбай сықылды әділетсіздік пен дәулеттілердің зорлық-зомбылығына қарсы қалқан болған еді. Цивилизациядан кенже қалған халыққа қарағанда мандайының соры қалыңырақ бұл халық өзіне пана болған адамның өмірін құдайдан сұрап алып қала ма, алғыс сезімі тасқындаған олар өлген адамға Пантеон орнатты.

Бір топ сұлтан мен бес мырза біздің үйде болып, шай ішті. Басқаларға ықпал ететін осы рулық аристократия жөнінде: «Сарай-Пацка, Пац сарайға татиды» деген біздің поляк мақалын айтса болар еді. Барақтың қасында ақсүйектер (сұлтандар), ақсүйек емес, сұр сүйек боп көрінеді, ал барлық байлар Құнанбайдың кебісін кигізуге жарамайды.», – деп жазған.

Құнанбайдың қажылық сапары туралы: Құнанбай ел арасында сөзшен, төре, саяси, қоғам, мәдени қайраткер ретінде танымал болған. Сонымен бірге ол ұлттық салт-дәстүрін ұстауда берік болған. Сондай-ақ ислам қағидарын толық ұстанған. Сондықтан қажылыққа бару ол үшін діни арман болатын еді. сапардың сәті түсіп екі рет Мекке, Мәдинаға сапар шеккен. Бірінші қажылық сапары – 1869 жылдың көктемінен 1570 жылдың күз маусымына дейін созылған. Екінші қажылық сапары – 1873-1874 жылдар аралығында жүзеге асқан.

Әдебиеттер

1. Абай энциклопедиясы. – Алматы: Атамұра, 1995. – 720 б.
2. Мұхтар Әуезов энциклопедиясы. – Алматы: Атамұра, 2011. – 688 б. және 48 бет қосымша суреттер.
3. Шәкәрім. Энциклопедия. – Семей, 2008. – 680 бет.
4. Мырзахметұлы М. Абай және шығыстық әлемі. – Алматы: Ғылым, 2020. – 680 б.
5. Янушкевич А. Қазақ даласына жасалған саяхат туралы жазбалар, күнделіктер мен хаттар, аударған: Мұқаш Сәрсекее. – Алматы: Жалын, 1979, – 272 б.
6. Сапарәлі Б. Құнанбай қажы. – Алматы: Ер дәулет, 1995. – 288 б.

ҒТАХР: 17.71.07

ҚҰНАНБАЙ ҚАЖЫНЫҢ ҚЫТАЙ ЖЕРІНДЕГІ ЖӘДІГЕРЛЕРІ

Тоқтабай А.У., т.ғ.д., профессор

Ш.Ш.Уәлиханов атындағы тарих және этнология институты
(ҚР, Алматы қ.)

Бала кезімде әке-шешем малда, жаздың басында ел жайлауға көшіп бара жатқанда, күзде ел жайлаудан түскенде Сайхан тауының солтүстігіндегі Қарой ауылында отыратынбыз сонда есімде қалғаны ауылдың шығыс бетінде Өтеудің бейіті деп аталатын шикі кірпіштен қаланған үлкен дөңгелек көне зират тұратын. Шілінгір ыстықта атты қамтарып қойып, көлеңкесінде дем алатынбыз. Мидай жазық даланың ортасында мен мұңдалап көрінетін үлкен мазар жолаушылар, малшылар, шопырлар үшін бейне бір маяк сияқты болатын. «Өтеу бейітінің ар жағында», «бер жағында», «батысында – шығысында», деген секілді сөздер әлі күнге дейін құлағыма сіңісті болып қалған еді.

2012 жылы августың басында Қытай Ғылым академиясы ұйымдастырған «Дала жібек жолы және Алтай аймағындағы халқаралық экономикалық байланыстар» атты халқаралық конференцияға қатыстым. Конференцияның

мәдени бағдарламасы бойынша Алтайдың көрікті жерлерін, мәдени орындарын, тарихи ескерткіштерін араладық. Алтай қаласының қазақ мұражайымен танысып жүргенде экскурсовод қыз «Бізде Абайдың әкесі Құнанбайдың ері мен шапаны бар деп айтып қалды. Мен елең етіп көрсетуін өтіндім». Ердің ағаш қаңқасы ғана сақталған екен, көненің көзі екені көрініп тұр. Оған қарағанда шапанның сақталуы жақсы. Жасыл түсі көне тозданғанымен сырлаяқтың сыры кетсе де, сыны кетпес дегендей кезінде бағалы киім екені бірден байқалады. Құнанбайдыкі екеніне қандай дәлелдеріңіз бар дегенімде нақты мен мәнжайын білмеймін, мұражайдың басшысы біледі, ол кісінің қолында бұл заттардың мәліметтері бар деп жауап берді экскурсовод. Құнанбайдың Алтайға барғаны белгілі факт, бұл оқиға туралы Шыңжаңдағы қазақ тарихшысы Асқар Татанай, жазушылар Оқап Қыдырқан, Бейбіт Сапаралы жазған және ел аузында тараған ауызекі әңгімелерден белгілі. Сондықтан Қүнекеннің Алтай сапарынан қалған шығар деп ойладым. Уақыттың аздығынан ешқандай тексере алмадым. Осы оқиғадан соң арғы беттегі таныстарға, әріптестерге Алтайдағы мұражайға телефон шалып, хат жазып іздестірген болып едім, мардымды еш нәрсе өндіре алмадым. Ақыры осы жылдың ақпан айында жолым түсіп Алтай қаласына барып біраз нәрсенің басын ашып қайттым.

Бәрі бір хаттан шықты деп әңгімесін бастады Құнанбай жайында зерттеп жүрген Алтай қаласының тұрғыны Мұрат Әбілқасымұлы: «Мұра» журналының 2013 жылғы № 1 санының 5-бетінде жарияланған Семейдегі Шәкәрім атындағы Университеттің профессоры Мұхтарбек Кәрімовтің жазған бір-екі сөзіне көзім түсті. Хатта: «Аса құрметті Мұхтарбек Қарпықұлы Кәрімов мырзаға: өздерің берген шабыттан ой түсіп, «Шинжиан газетіне» «Шыңжаңда Абай ұрпағы бар ма» деген мақала жаздым, жариялап жатса – ел құлағы елу хабар келіп қалуы да ғажап емес, талай бауырларым іздестіріп жатыр тек хабар келіп жатса тағы да айтармын. Сұлтан Жанболатов» делінген. Сұлтан Жанболатов ағаның осы сөзінен мен де шабыт алып, қарап жатпайын деп өзім танитын адамдармен хабардар болып, Алтай қаласы көлемінде Абай ұрпағы бар ма деген сұрау салдым және арнайы іздедім. Жолым болып Алтай қаласының Шірікши ауылындағы бір тойда аға сұлтан Құнанбайдың жиеншары Өмірбек Баймұқамбетұлымен жолығып, бетпе-бет сөйлесіп, аға сұлтан Құнанбайдың қарындасы Айбала, ал Айбаладан туған кейінгі ұрпақтары жөнінде нақты мәлімет алдым.

Құнанбайдың әкесі Өскенбай би мен Өтеудің құдалығы туралы Өтеудің Намаз деген ұлынан туатын Әубәкір Халитұлы (1903 жылы Қазақстанның Зайсан өңірінде туып, 1987 жылы Алтайдың Шірікши ауылында қайтыс болған) былай деп кейінгі ұрпақтарына аманаттап айтып кеткен екен. Осыдан шамамен 180 жылдың алды-артында Жантекейден тараған Сүйінбай одан Есіргеп одан тараған Өтеу әулиеттері кезінде аға сұлтан Құнанбай тіпті оның арғы атасы Өскенбай би мекен еткен қазіргі Қазақстанның Семей, Шыңғыстау, Жидебайлардың маңында көшіп-қонып жүріп, аға сұлтан Құнанбайдың әкесі Өскенбай би ауылмен құдай десіп құдаласып, Өскенбай бидің Айбала деген қызын Өтеу өзінің Шомақ деген ұлына айттырып алып береді. Өтеу мен Өскенбай би ортасында міне осылайша құдалық қатынас орнайды.

Өтеу әулиеті өз кезінде сол дәуірдің ауқатты байларының бірі екен. Ұрпақтарының айтуына қарағанда өтеуге 10 мың жылқы, 5 мың қой бітіп, елі мен жұртына байлығымен де, адамгершілігімен де жаққан адам екен. Елі мен жұрты өтеуге: «Сіз би болыңыз» деген талапты қойған. Сонда ол кісі мен би болмаймын, би түсетін үй боламын деп отырып алыпты. Кейін ол кісінің айтқаны келіп, Өтеу әулиеті қазіргі Қазақстанның Зайсан өңірін мекен еткен. Өтеудің бүкіл өмірі де осы арада өтіпті. Өтеу өз заманында көріпкелі бар қасиетті адам болғаны шындық. Күнбатыстан бір шу шығады, сол шу күншығысқа да жетеді, шудың алдында өңшең сарышаш жирен сақалдылар жүреді, бай – бағылан, би – батыр сияқты елдің қаймақтарының бәрін құртып, өңшең құл – құтан, зәһәр – залым, дінсіз – бетсіз, қағылған – соғылған екі жүзді үш жүзділер ел басқарып, халықты қан қақсатады зардабы ұзаққа кетіп, ақырында алла тағаланың қаһарына ұшырап, күні бітеді екен деп айтып отырған. Жылына бір-екі рет шүлен таратып тұрыпты (шүлен деп бай малын, кедей-кепшіктерге жарлы-жақыбайларға тарату рәсімі).

Өтеу қайтыс болғаннан кейін, сол маңдағы ауыл адамдары Өтеу зиратына барып ауық-ауық құран оқып, зират маңынан өткен жолаушылар аттарынан түсіп, жаяулап барып құран оқып, бет сипап аттанады екен. Бұл қазірге дейін дағдыға айналыпты. Өтеу қоныс еткен ауылдардың малына түрлі індет тигенде, мал иелері малдарын қоралап айдап, Өтеудің зиратының маңына бір күн түнетеді екен. Ғажабы сол түні апарған малға қасқыр шауып, ертесінде ауырған малдар ада-күде жазылатын болыпты. Бұл іс бертінге дейін жалғасыпты. Бәлкім ол кезде мал шипагері болмағандықтан осылай істеген де шығар. Алайда, бір қасиеттіліктің жіп ұшы көрініп тұрғандай.

Өтеудің Ораз, Намаз, Шомақ, Абыз, Әби есімді бес ұлының ортаншысы Шомақ. Осы Шомақ Өскенбай бидің күйеу баласы. Шомақ сөзге шешен, еліне беделді болып, Есіргеп руының биі болып, билік тасын қолына ұстаған әділ-турашыл адам болған. Шомақ пен Айбала Тұрғанбай атты ұл, Бейілқан атты қыз сүйеді. Шомақ пен Айбала Алтай жеріне келмеген, қазіргі Қазақстанның Зайсан өңірінде жасап, сол жерде дүниеден өткен, аталары Өтеудің жанына жерленген.

2009 жылы Құнанбайдың жиеншары Өмірбек Баймұхамедұлы Қазақстанның Зайсан ауданына өтіп, бабасы Өтеудің басына құран оқытып қайтты. Өтеудің зираты өзінің ата-мекені Сайқан тауының терістік бетіндегі Қарой ауылының жанында орналасқан. Жылқының қылымен араластырып саздан дөңгелек қорған іспетті жинапты. Қорғанның қалыңдығы құлаштай, бір ғасыр уақыт өтсе де әлі бұзылмаған. Енді Өмірбек нағашысы Құнанбайдың басына барыптәу етіп қайтпақшы.

1860 жылдың орта шенінде Шомақ пен Айбала баласы Тұрғанбайды нағашысы аға сұлтан Құнанбайдікіне нағашылатып апарады (Тұрғанбай 1860 жылы қазіргі Қазақстанның Зайсан жерінде туып, 1929 жылы Зайсаннан қоныс аударып, Алтайдың Шірікши жеріне келіп қоныс теуіп, кейінгі өмірін осы жерде өткізіп, 1946 жылы 86 жасында қайтыс болады). Тұрғанбай нағашысына барғанда, ашамайлы ерге мінетін кезі екен.

Шомақтар қайтарында Құнанбай: «Жиеніме ат мінгізіп қайтарамын» деп, екі құлағының үстінде теңгедей қарасы бар мөлдір ақбоз атқа, көксәуір

былғарымен шыбарланып қапталған, алдыңғы-артқы қасына күміс жалатып, бұршақ басты алтын жалатылған жез шегемен шегеленген ер тоқымды ат мінгізіп, жиеніне шапан кигізеді. Тұрғанбай осы мөлдір ақбоз атты көп жыл мініп жүреді. Кейін осы ат ақ патшаның әскерлері жағынан қолды болады. Тұрғанбайдың нағашысынан киген шапаны бірнеше ата аралап, Тұрғанбайдың кенже ұлы Баймұқамбетке одан немересі Кәмелқанға одан шөбересі Өмірбекке жетеді. Осы шапанның тысы жасыл түсті мәуті торғын болып, астары үш қабат шүберекпен астарланған. Ойма жағалы, қаусырмалы (түймесіз) жең ұшы, жағасы және өңірі бес елі мөлшерінде сырылып тасталған, шапанның етегі мен жеңі бір тектілеу ұзындықта (осы шапанды киіп көргенімде, бейне бала іспетті болып, ішіне кіріп кеткендей болдым дейді – Өмірбек Баймұқамбетұлы. Ал, ер тоқым алды биік, арты аласа бір адамдық ер тоқым екен. Көзі ашық, көкірегі ояу ұлы қариялардан сұрағанымызда арғын ер тоқым болып шықты. Осы ер тоқым елімізде жүргізілген «Мәдениет зор төңкерісі» кезінде төрт көне ретінде қызыл қорғаушылардың (хунвейвиндердің) қолына түсіп, айшықты оюлары мен алтын жалатылған жез шегелерінің басы мұжырайып орны ғана қалған, құйысқан өмілдірік, айыл, тебінгі, үзеңгі сияқты ертоқым әбзелдері әркімнің қолында кетіп, «Мәдениет зор төңкерісі» аяқтап, байлардың мал-мүлкі өздеріне қайтарылған да, ертоқымның қаңқа басы мұра иелерінің қолына келеді.

Арасы үш жүзге, берісі алты алашқа аты мәлім Өскенбай бидің қызы Айбала өз аталығында ат мініп, атан жетелеп сол дәуірдің сәнді салтанатымен келгені айтпасақта жалпақ жұртқа мәлім. Айбаланың төркінінен мініп келген күміс ер тоқымның басқа әбзелдері тозғаны тозып, жоғалғаны жоғалып, қазір сол ер тоқымның қос табанды күміс үзеңгісі кейінгі ұрпақтарында сақталып қалады. Осы әулиеттің қазіргі ұрпақтары ақылдаса келе, Тұрғанбай мен Айбала апасынан қалған мұра – ер тоқым, шапан, қос табанды күміс үзеңгі осыларды Алтай қаласының мұражайына қолекі табыстап, кейінгі ұрпақтардың бейзаттық мұра ретінде тамашалауына береді.

Енді бірер сөз Құнанбайдың Алтайға келуі жөнінде «...Құнанбай аға сұлтан, Барақ төре оның орынбасары боп сайланған кезде патша әкімшілігі әпербақандарымен қандары қата өштескен қазақ азаматтары – ақсақ Қиян, Табылды дегендер уезд бастығын өлтіріп кетіп, Алтайдағы Абақ Керейлер арасына келіп паналайды. Оларды қолына түсіре алмай қапы қалған жандарал қатты ашуға бөгеді. Сөйтіп Қиян мен Табылдың Алтай асып кеткенін естіп – біліп, Керейдің ел билеушісі Ажы төреге аталас туысы Барақ төре арқылы хат жаздырып, екі қылмыскер қашқынды ұстап беруді талап етеді. Осы мақсатта аға сұлтан Құнанбайды арнайы тапсырмамен Абақ еліне атандырды...» – деп көрсетеді. Құнанбай өмірі мен қызметін зерттеуші Б.Сапаралы (Б. Сапаралы. Құнанбай қажы. – А., 1995.– 192 бет)

«Оқиға Барақ төре Солтабайұлы басқарып отырған Найман – Сыбан елінде өткен, Ақсақ Қиян мен Табылды Сыбан елінің азаматтары, ақсақ Қиян жасы алпыстан асқан белгілі барымташы қарашекпендерімен (ішкі Ресейден келген қоныс аударушылар) жерге таласып жүргенде орыстың оғы тиіп сол аяғы кем болып қалады. Сыбанның елбасылары мен билері кеңесіп: орыстың құрығы ұзын қазақтың қай жерінде барсандар да ұстап алады. Ежелден бізге ел болған кең

балақ Керей ішіне кетіндер деп шекарадан өткізіп салады. Барақ білмеген болып қала береді» (Айтушы Ісләмшайых Рахымжанов. Жарма ауданы, Үшбиік ауылы). Бұдан біз орыстың қаһары қандай күшті болса да, елбасыларының басына күн туған ерлерін ұстап бермей ажал аузынан алып қалғанын көреміз.

Қазір орыстың қолшоқтары болды деп Құнанбайды, Жәңгір ханды орынсыз кінәлау бар. Шын мәнінде Құнанбайда Жәңгір де Ресей империясының қазіргі тілмен айтсақ әкімдері, ол өз елдерінде қандай бүлік, бұзақылық, кісі өлтірушілік керуен тонаушылық т.с.с. губернатордың алдында басымен жауап беріп, тәртіп орнатуға міндетті болған. Финляндия, Польшадан бастап Порт – Артурға дейінгі Еуразияның жартысын билеп тұрған империяның уезд бастығын подполковник, шенді қайдағы бір бұратаналардың өлтіруі губернаторға аспаннан жай түскендей болады. Сондықтан аға сұлтан Құнанбайдың өзін жұмсап «қылмыстыларды тірідей, өлсе басыналып кел» – деп қатал зілді бұйрық беріп жұмсайды. Ресей табиғаты азиялық деспотиялық империя деп баға береді шетел зерттеушілері. Олар ата жауларының жауларының басын алдырып, кек қайтару (Кенесарының, Кейкі батырдың, Хаджымұраттың т.б. бастары) мемлекеттік рәсім дәрежесіне көтерілген.

Құнанбай келеді дегенде керей елі ақпатшаның аға сұлтаннан көрі көптен көрмеген алыстан туысымыз келе жатыр деп барынша дайындық жасайды (Жоңғарға қарсы ұлт-азаттық соғыстың қаһарманы еліне ұран болған. Ер Жәнібек Бердәулетұлының қарындасы Ермекана Өскенбайдың жұбайы болған). Қаба өзенінің бойына 50 үйтік тіріп ел басылары Әжітөре, Шәужырау, Шегебай батыр, Көкен би, Жетібай би, Бейсенбі би қатарлылар қарсы алады.

– Аға баласы сіз сөйлеңіз дегенде бір сөзін артық-кем айтпайтын Құнанбай істің мән-жайын Керейдің игі жақсыларының бүге-шігесіне дейтін біліп отырғанын сезіп: Сөз өздеріңізде деп жауап күтеді.

– Бірінші болып сөзді Шәу жырау, (кейбір әңгімелерде Бейсенбі би делінеді) бастайды: Жігіттерің ата жауымыз кәпірдің желкесін қиып бізді ел санап қорған болады деп қашып келгені рас. Қырғидан қорыққан торғай да бұтаны қорғалап аман қалады. Бұта құрлы жоқпыз ба? Кешегі өткен ханымыз Ер Абылай қалың қытай құмырысқадай әскерін қаптатып қойып Әмір Сананы ұстап бер, ақысына жер береміз дегенде, Абылай берді ме? Берген жоқ. Әлсіздерді қолдап күштілерді қайыратын ата-салтымыз емес пе? Ақсақ Қиян бір жыл арамызда тұрып өз ажалынан дүние салды. Табылды табылмайды, келмеске кетті. Бас десеңіз бас тауып, қағаз десеңіз қағаз жазып мөрімізді басып берейік деп, сөзін аяқтайды (Табылдыны Шыңжаңның ішкертін Баркөл жағына өткізіп жібергенін айтып отыр. Қазір ұрпақтары сол жақта деген ел аузында дерек бар).

Әу баста екі жігіттің ерлігіне іш тартқан Құнанбай: өлгендерінің тіріліп, келмеске кеткендерің қайта келіп жүрмесін деп сөзін қайырады. Ақыры екі жағы келісіп Ақсақ Қияның өлгенін куәландіріп билер бармақтарын басып мөрлерін қояды.

Алтай елінде айтылатын тағы бір әңгіме Шәкубайдың Құнанбайды қарсы алғандағы қонағасы жайында. Құртайды сойып барлық етін түгел асып, бір табаққа салады, шетін қазымен айналдыра көмкеріп ортасына тайдың басын қойып төрт жігіт тай табақтың төрт жағынан ұстап Құнанбайдың алдына алып

келіпті. Құнанбай осы сапарын еске алғанда Алты Алаштың талай жерінде болып, ел аралап, дәмін татып жүргенде мұндайды көрген жоқ едім, түбінде қазақтың салт-дәстүрінің қалатын жері осы болар деп еске алады екен.

Әжітөре, Шәужырау, Бейсенбі би, Шәкубайдың Құнанбайды қарсы алған Қаба өзенінің жағасы қалың қарағай қайың араласалаң қайда – қазір Қытайдың саяхат мекемесінің мейрамханасы орналасыпты, нағыз жердің жанаты екен. Тайтабаққа келетін болсақ 1966 жылғы мәлениреволюцияға дейін сақталыпты, хунвейлиндер бай феодалдардың ыдысы деп отқа жағыпты. Көне көз қариялардан сұрастыра жүріп тай табақтың пошымын қайтадан қалпына келтіріп, сұлбасын сыздық. «Керейден ұл туса, ағашқа күн туады» – дегендей, менің ұсынысым бойынша, Шыңжаңдағы қазақ мәдениеті мен өнеріне жанашыр болып жүрген Рахат мырзаның демеушілігімен тай табақ қазір қайтадан жасалып жатыр. Құнанбай өмірінің бір қыры осындай.

Сөз соңында айтарымыз, Зере әжеміден тараған ұрпақтардың саны Шыңжаң өлкесінде 60-тан асады екен



Құнанбайдың туған құдасы Өтеудің бейіті. ШҚО, Зайсан ауданы, Зайсан-Майқапшағай жолындағы Қараой елді мекені.



Құнанбайдың жиеніне берген күміс ері. 1966 жылы мәдениет төңкерісі кезінде күміс әшекейлерінің барлығы отқа жағылып, ердің құр қаңқасы ғана қалған. Хүнбейбіндердің ұстанымы бойынша кедейдің мінетін ері қалпына келген. ҚХР, Алтай қаласының музейі



Құнанбайдың жиеніне кигізген шапаны, түсі жасыл оңа бастаған. ҚХР, Алтай қалалық музейі.

QUNANBAY O'SKANBAY O'G'LI FAOLIYATINING O'ZBEKISTONDA O'RGANILISHI

Jovliye J., filologiya fanlari bo'yicha falsafa doktori PhD

O'zbekiston Fanlar Akademiyasi, Alisher Navoiy nomidagi, Davlat Adabiyot
muzeyi, Ilmiy xodimi
(O'zbekiston, Toshkent)

Rus istibdodning 150 yillik ta'siri natijasida azaldan bir baxt va bir dard bilan umr kechirgan Turkiston xalqlari bir-biridan uzoqlashdi, aniqroq aytadigan bo'lsak uzoqlashtirildi. Biz ayniqsa, qondoshlik va birlikni mustahkamlab turadigan kuch bir-birimizning madaniyatimizdan, tarix va adabiyotimizdan yiroqlashdik. Shuning uchun bizda olislashish, unutish va bilmaslikdan qayg'urmaslik ko'lankasi paydo bo'ldi. Bu ko'lankada bir necha avlod ulg'aydi ham.

Mustamlaka tuzim qozoqni o'zbek, o'zbekni qozoqning madaniyati va tilidan uzoqlashishga sabab bo'ladigan bor ishni qildi. Vaholangki, alash-jadidlar davrida til to'sig'I, til ayirmasi haqida gap ham bo'lishi mumkin emasdi. Afsuski, buning ta'siri yurtlarimiz mustaqil bo'lganiga o'ttiz yil oshgan bo'lsa ham hali hamon bor.

Muxtor Avezov Toshkentda 1922 yilda kelganda bu yerdagi qozoq ma'rifatparvarlarini, jadidlarini mahalliy xalq ziyolilari bilan bir g'oya va bir maslakdaligini ko'rib, barchasini erta anglagandi. Toshkentda qozoq tilida ham nashrlar chiqar va butun Turkistonga tarqalardi¹.

O'zbek xalqi azaldan Abayni o'zining bobolari kabi biladi va e'zozlaydi, uning qozoq ruhi va tafakkurining manzarasi bo'lgan ijodini qayta-qayta o'qiydi, lekin Abayning otasi Qunonbay O'skanbay o'gli haqida juda kam ma'lumotlarga ega.

Abayni o'rganish va anglash, jadidlar davridan boshlandi. Chunki millatni erk va mustaqillikka boshlash uchun Abaydek yaqin tarixda yashagan qahramonlar kerak edi. Jadidlar, alashlar Abayning kuyinib, millatiga tanqidiy nigoh tashlab aytgan so'z va hikmatlaridan o'rnak oldilar, uni amalda davom ettirdilar. 1922-yilda «Tanlangan she'rlari» Toshkentda nashr qilingan².

Qozoq adabiyotining yirik vakili abayshunoslik fanining asoschisi Muxtor Avezovning «Agar biz Qunanbayning kimligini bilmasak, Abayning kimligini bilish qiyin, ular zamon mahsuli...» degan fikrlari o'rinlidir. Ammo biz o'zbeklar Qunanbay haqida ko'p ham ma'lumot yoq. Men bu ulug' shaxs Abayning shunchaki otasi emas, balki butun turkiy elning katta bir siymosi bo'lganligini endi anglab yetyapman.

Professor Maven Xamzin shunday yozadi: «Qunanbay O'skanbay o'g'li o'z davrining farzandi sifatida Qozog'istonning o'tmishdagi ijtimoiy-ijtimoiy, tarixiy va siyosiy sharoitlarini o'z qo'li bilan shakllantirgan. Totalitar tuzum davrida Abayni «oqlash» uchun Qunanbayni qurbon qilgan Avezovni tanqid qiluvchilar ko'p bo'lgan, biroq ba'zi odamlar «adun» Qunanbay va Abayni ziddiyatga olib kelgan, deb

¹ https://uz.wikipedia.org/wiki/Muxtor_Avezov

² <https://oz.sputniknews.uz/20230925/abay-qononboev-biografiya-39140283.html>

hisoblagan va muallif nafaqat Abayni, balki Qunanboyning o'zini ham baland ko'targan³.

Men ko'plab o'zbek arxiv va kutubxonalarini titib ko'rdim, ustozlar bilan suhbat qurdim, afsuski ularning ko'pida Abayning otasi haqida ma'lumotlar deyarli uchramaydi. Bizning o'zbek jamiyati bilishicha Abayning otasi Qunanbay boy va amaldor bo'lgan, Abay shu oilada turli ziddiyatlar chida katta bo'lgan (bu fikrga ham Avezovning «Abay yo'li» romanini o'qish orqali kelingan), bo'lgani shu, lekin bu Avezovning asaridan kelib chiqqan birlamchi xulosadir.

So'ngra men Qunanbay haqida qozoq do'stlarimizning kitoblaridan ko'plab ma'lumotlar oldim va bu borada fikrlarim qisman shakllandi.

Qunanbay O'skenbay o'g'li to'g'risida ba'zi ma'lumotlarni Polshaning taniqli demokrati Adolf Yanushkevichda uchrashi aytiladi va unda: «Qunanboy viloyatdagi mashhur odam, oddiy qozoqning o'g'li. Ajoyib aql va kuchli so'z egasi. U tadbirkor, qarindosh-urug'larining farovonligi haqida qayg'uradigan, soha qonunlari va Qur'on tamoyillarini mukammal biluvchi, qozoqlarga oid rus nizomlarini besh barmoqdek biladi, qora sochli oqin va axloqli musulmon. Odamlar uni payg'ambardek hurmat qilishadi. Yosh-u qari, kambag'al-u boy olis qishloqlardan maslahat so'rab kelishadi. Tobkiti urug'ining ishonchini qozonib, mansabga saylandi..., adolatsizlikka, boylarning zo'ravonligiga qalqon bo'ldi».

Avezov uni salbay qahramon qilib ko'rsatdi, xudiki Oybek «Navoiy» romanida Husayn Boyqaroni o'ta qora bo'yoqlarda ko'rsatganiday. Davrning qattol siyosati natijasida yuqori tabaqa vakillarining barchasi yomon, faqrlar yaxshi edi, bu yozuvchilarning ijodiy maslagiga aralashish, kerak bo'lsa, buni boshqarishning bir yo'li bo'lgan deya olamiz.

XIX asr Turkistonga qora libos bichilgan davr, bu libosni bizga o'ris emas, afsuski o'zimiz tikdik. Turkiston bosqini va uning o'gir ahvoli mintaqa hayotini butkul o'zgartirib yubordi. Shunday o'gir sharoitlarga qaramay millatning oriyatni yo'qotmagan er yigitlari bor edi. Ular nima bo'lganda bu xalqni omon saqlab qolish uchun harakat qildilar. Qunanbay shunday shaxs edi.

Ahat Shakarimuliy shunday yozadi: «Qunanbayning gavdasi juda nozik, to'la, baland bo'yli, yuzi yorug', ko'zlari katta, peshonasi o'tkir, burni keskir, go'zal edi. Uning katta gavdasi kurashga, o'tkir ko'zlari shijoatga, boshi aqlga yarashadi». Odamlar ko'p edi, ammo ular birikmadilar, xuddiki Qo'qon, Xiva, Buxoro xonliklari birikmagani kabi, natijada qattol siyosat, uning yo'rig'I yurgan nokaslarning zamoni davom qilaverdi.

Qunanboy yoshligidan mustaqil ravishda o'qigan, chig'atoy tilini puxta egallagan, turkcha yozishni ham bilgan. Keyinchalik zamon talabiga ko'ra, rus tilini imkon qadar o'zlashtirgani, qora oyoq bo'lmagani haqida ham ma'lumotlar bor. U o'z davrining ilg'or kishisiga nima zarur ilmlar bo'lsa o'rganishga harakat qildi va bu xislati uni tezda yuksaltirganini ko'rish mumkin.

Yoshligidan otasi tomonida davlatni boshqarish ishlariga aralashgan Qunanboy davlat ishlarini tez o'zlashtirib, uni olg'a siljitdi. Uning mamlakatni boshqarish usullari otasi Uskenboynikidan farq qiladi. Ba'zi xarakter va kuch qismlari otasidan oshib

³ <https://abaialemi.kz/post/view?id=1626>

ketadi. O‘jar, qattiqqo‘l, har doim aytgan so‘zidan qaytmaydigan, uzoqlashtirganini olib qo‘ymaydigan, yer nizosi, beva janjali haqida hokimiyatga dadil gapiradigan shiddatli va yetuk shaxs bo‘lgan. 1831 yilda Kuchik-Tobiqti o‘rniga otasi mamlakat hukmdori etib tayinlandi, keyinchalik o‘ziga o‘tadi.

1842-yilda podsho hukumati qozoq cho‘lida joriy etgan qonunlarga ko‘ra, sultonlik lavozimi shahzoda oilasidan boshqa hech kimga berilmagan. Aslzodalardan ustun bo‘lgan oddiy boshliqning bunday martabaga erishishi, birinchidan, qirollik hukumatining chuqur o‘ylangan asosiy siyosati bo‘lib, u zodagonlarning obro‘-e‘tiborini pasaytirishga qaratilgan. xonlik hokimiyati va ularning qozoq jamiyatidagi siyosiy ta‘sirini bartaraf etishga qaratilgan bo‘lsa, ikkinchidan, Qunanboyning tug‘ma rahbarlik qobiliyati tufayli xalq odatlari va musulmon shariatini chuqur bilishi. Kerak bo‘lganda qattiqqo‘l, shiddatli bo‘lishi ham mumkin edi, lekin odamlarga mehrini yo‘qotmas, yetim-yesirlarga g‘amxo‘rlik qilardi. Uning atrofida turli millat vakillari ham yurishi ham buning dalilidir.

Qunanbay tobiq boshida «janob», Makka safaridan keyin esa «hoji» deb atalgan. Xalq himoyachisi bo‘lgan hojining shaxsiyati haqida ko‘p yozilmagan, gapirilmagan. Tadqiqotchi olimlarning ijodi asosan buyuk adibimiz Muxtor Avezov to‘plagan xotiralar, polshalik sayyoh Yanushkevichning kundaligi, uning avlodlari Abay, Shakarim, Ahatlarning so‘zlariga asoslanadi. Qunanbay oilaviy bosh-boshdoqliklardan so‘ng, hokimyatni topshirdi, so‘ng keksalikka yetib, haj ni ado qildi, shundan so‘ng o‘zi ton ma‘noda din yo‘liga bag‘ishlagan va umrining oxirigacha bu yo‘lda jid-u jaht qilgan. Qunanbayning eng katta xizmatlari chindan Abaydir. Uning ijodi va nomi keying qozoq taraqqiyoti uchun muhim qadam bo‘ldi.

Adabiyot doim birlashtiruvchi kuch bo‘lgan. San‘at cheksiz chegaralardan qanotsiz o‘ta oladi! Shuning uchun ham afsonaviy Semrug‘ qushiga yoki olovni kesib o‘tuvchi Samandarga o‘xshatish mumkin. Adabiyot insoniyatni birlashtiradi va bugungi Markaziy Osiyo davlatlari shu narsani, ya‘ni san‘atning birlashtiruvchi kuchini unutib qo‘ymoqdamiz!

Abayning bir so‘zi bor: «Fuzuliy, Shamsiy, Sayqaliy, Navoiy, Sa‘diy, Firdavsiy, Xo‘ja Hofiz – bu hammangiz, Madad bering – qilmangiz osiy».

Abayni notiqlik san‘ati bilan ilk bor tanishtirgan, undagi oliyjanob fazilatlarini payqagan va uni rivojlantirish maqsadida Abayni turli munozarali masalalarni hal etishga qaratgan, yurt ko‘rishiga sababchi bo‘lgan otasi Qunanbay edi.

Bilasizlar, asli va o‘zagi bir bo‘lgan xalqlarimiz, o‘zbeklar, qozoqlar, qirg‘izlar, turkmanlar, uyg‘urlar azaldan bir o‘lkada, Turkiston zaminida yashab kelgan, ularning biriga tegishli madaniyat, ikkisiga ham notanish bo‘lmagan, aslida bir narsa, turli xil shaklda namoyon bo‘lgan.

Lekin bizning adabiyot va san‘atimizning bugungi ahvoli yaxshi emas. Do‘stligimiz beshga bo‘linib ketgan Turkiston zamini kabi, havas qilarli emas. Bu o‘rinda adabiyot o‘zining birlashtiruvchi funksiyasini bajarmayapti, deb aytish mumkin!

Afsuski, biz Qunanbay kabi bugun ko‘pgina zamonaviy qozoq yozuvchilari va shoirlarining ijodi bilan tanish emasman va bundan cheksiz xafaman. Bu mening aybim deb o‘ylayman! Lekin o‘rganadigan bizda hech qanday vosita yo‘q, bog‘lovchi ko‘prik

yo‘q. Bu ko‘prik alashlar davrida ularga qo‘shilib qulatilganday. Internetda o‘bek-qozoq ijodkorlarining asarlari ko‘payishi va alifbodagi farqlar tezroq yo‘qolishi bilan bu qisman yaxshilanishi mumkin.

O‘zbek adabiyoti Muxtor Avezovni o‘z yozuvchisi deb biladi. Men bir talabadan so‘radim: «Muxtor Avezov qayerlik, qayerda tug‘ilgan»? U talaba hech ikkinlanmay javob berdi: «O‘zimizning Samarqanddan-ku». U gohida shunchalik yaqinki, uning qozoqligini bilmaymiz!

Abay va Qunonbay haqida Avezov ijodisiz tasavvur qilish qiyin.

Muxtor Avezovning «Abay yo‘li» romani qozoq xalqining ulkan polotnosiday ko‘rinadi. Bu asar o‘zbek tiliga Zumrad tominidan 1950-1960 yillar oraliq‘ida tarjima qilgan va o‘zbeklar xuddi bu kitob o‘zbek tilida yozilganday o‘qiydi.

Muxtor Avezov qaltis zamonlarda qardosh turkiy xalqlar adabiyotining himoyachisi sifatida maydonga chiqqan. Xususan, qirg‘iz xalqining «Manas» eposi himoyasida jasorat ko‘rsatganini Chingiz Aytmatov bilan Muxtor Shoxonovlar tomonidan yozilgan «Cho‘qqida qolgan ovchining oh-zori» kitobidan o‘qidim. «Manas» ga hujum bo‘lganida Muxtor Avezov jonini o‘rtaga qo‘yib «Qirg‘iz xalqining hayotidan «Manas» yulib olinsa, butun xalqning tilini kesib olgan bo‘lamiz» degan genial fikrni aytadi .

«Manas» ni avaylab, saqlab qolishda Muxtor Avezov tarixiy bir xizmat qildi. Shu bilan birga XX asrning 50-yillari o‘rtalarida sobiq Stalin vafot etgach Abdulla Qodiriy oqlash masalasini ham birinchilardan bo‘lib Muxtor Avezov ko‘tarib chiqadi. «Abdulla Qodiriy oqlash masalasini birinchi bo‘lib Moskvada Muxtor Avezov ko‘targan edi. Bu satrlarning muallifi bilan suhbatda Avezov bu ishni nimadan boshlash haqida ham yaxshi maslahat bergan edi: «Abdulla Qodiriy «O‘tkan kunlar» romanida Rossiyaning Sharqqa nisbatan progressiv rol o‘ynaganini birinchi bo‘lib ko‘rsatdi: Otabekning Shamayga sayohati haqidagi hikoyasida bu fikr yaxshi ifoda etilgan. Qodiriy reabilitatsiya uchun harakat boshlang va mana shuni dastak qilib oling. Bu so‘zlar aytilgan mahalda Rossiyaning Sharqqa nisbatan ijobiy roli har jihatdan bo‘rttirib ko‘rsatilar edi va shu sababli reabilitatsiyaning muvaffaqiyati uchun ishni Qodiriyning xizmatini namoyish etishdan boshlash u vaqtdagi murakkab sharoitda ishning muvaffaqiyatini ta‘minlovchi faktor bo‘lib qoldi. O‘ziga ustoz bilan adib qismati uchun qayg‘urish, uning nomi va asarlarini oqlash borasida kuyinib yo‘l ko‘rsatishdagi Muxtor Avezovning jonbozligi va jasorati unutilmasdir... Bu fikrlarni Qodiriyshunos olim, professor Bahodir Karim ta‘kidlaydi.

Cho‘qon Valixonov, Ibroy Oltinsarin, Abay tarqatgan do‘stlik va ma‘rifatparvarlik ko‘prigi sira uzilmasligi bog‘lashga ishtirok etishimiz kerak!

«Asling bilsang obu gil, yana gilga qaytar-o» derdi Yassaviy bobomiz. Biz o‘z aslimizni va yuragimiz urishini anglashimiz kerak.

Atoqli qozoq shoiri Bovurjon Momishulining bir gapi bor «Qorlar eriydi, ammo Qoratov qoladi...» Turli siyosiy o‘yinlar va urushlar davri tugaydi, lekin xalqlarimizning birligi va adabiyoti, san‘ati mangu qoladi.

Mag‘jon Jumaboy aytganday:

«Turkiston – ikki dunyo eshigidir, Turkiston – mard turkiylar beshigidir»

АБАЙДЫҢ ӨНЕГЕЛІ ІНІСІ ХАЛИОЛЛА

Мырзақасым Ә.М., әдебиетші, журналист, өлкетанушы
(ҚР, Семей қ.)

Бүгінгі конференция – Құнанбай Өскенбайұлының 220 жылдығына арналып отырғандықтан, дала данышпаны атанған бабамыздың бел баласы, Семей өңірінен алғаш орысша білім алған санаулы адамдардың бірі, ағасы Абайдың дүниетанымына ерекше әсер еткен Халиолла Өскенбаев туралы болмақ. Атасы Өскенбайдың тегін алған бірден бір немересі осы Халиолла.

Халиолланың шешесі Айғыз – Тобықты ішінде Жуантаяқ, Қарабатыр руынан, Бекен деген орташа тұрмыстағы, қарапайым адамның қызы болған.

Құнанбайдың Айғыздан туған Халиолладан басқа, Смағұл атты ұлы, Кәмшат есімді қызы болған. Айғыздан туған үшеуінің тағдыры қиын да, қызықты, әрі сан алуан оқиғаларға арқау болғанға ұқсайды.

Мәселен, Құнанбайдың осы балаларының есімдері шағын-шағын эпизодтар болса да, «Абай жолында» ұшырасып қалады. Мәселен, Кәмшат деген нәрестенің есімі Тобықты елін әбігерге түсірген Бөжей оқиғасына байланысты бірнеше рет кездеседі.

Романның бірінші кітабының «Жолда» атты тарауында «Бұдан басқа оң жақта, жер төсектің үстінде бала уатқан Зере бар. Тізесімен тербетіп отырғаны Айғыздан туған немере қызы үш жасар Кәмшат» деген баяндауды оқуға болады.

Дәл осы тарауда Бөжей қазасының аманатына берілген Кәмшаттың аянышты тағдыры былайша сөз етілген:

«Кәмшат өліпті және таңертең өлген баланы сол күні түс ауа қойып та бітіріпті. Керек десе, Құнанбай ауылына, Айғыздай көзі тірі шешесіне де хабар айтпапты» деген жазба жолдары арқылы Халиолланың қарындасы Кәмшаттың сәби кезінде шетінеп кеткені белгілі болып тұр. Соның дәлеліндей Қарашоқы бауырында жерленген Жігітек Бөжей зиратының алдындағы кішкене төмпешікте Кәмшат жатыр.

Ал, Халиолланың туған інісі Смағұл есімін де дәл осы тараудан, романды оқыған адамның табары сөзсіз. М. Әуезов жазғандай «Смағұл мен Оспан екеуі түйдей құрдас». Екеуінің төбелесіп, асықтың қызыл сақасына таласып, тентек Оспанның Смағұлға әлімжеттік жасайтын тұсы да осы тарауда.

Таяқ жеп, ботадай боздап жылаған Смағұлды жетектеп, ашуланған Айғыздың Ұлжан отырған үйге өктемдеп кіріп: «Ұрған жақсы болса, ертең оқудан келер Халел де, сенің сыбағаңды берер!» деп Оспанға айғай салатыны бар. Демек, бұл уақыт Халиолланың Омбыда жаңа оқуды бастаған тұсы болса керек.

Бала Абайдың Айғызды «Кіші апа» деп атауы кездейсоқтық емес. Өйткені, Ұлжан мен Айғыз бірге қыстап, жаз жайлауы да, күз күзеуі де бірге болған.

Тұрағұлдың «Әкем Абай туралы» естелігінде: «Ұлжаннан басқа Айғыз деген Халиолла мен Смағұлдың шешесі бар. Бұл екі бәйбіше бірге болған» деп жазуы осының дәлелі.

Айғыздан туған үш баланың екеуі ертерек өмірден өтсе, Смағұл деген ұлы 1850 жылы туып, 1931 жылы қайтыс болып, Ақшоқыдағы Құнанбай қорымына жерленген.

Тарихшы, Шәкәрім университетінің құрметті оқытушысы Мұхтарбек Кәрімовтың 2011 жылы шыққан «Қытайдағы Құнанбай қажы ұрпақтары» деген мақаласында Смағұлдың ұрпақтары туралы қызықты деректер келтіреді.

Тарихшы, ғалымның айтуына қарағанда Құнанбайұлы Смағұлдың Себеке деген әйелінен Бурылхан, Бұрмахан деген қыздары болған. 1930 жылғы ашаршылық, асыра сілтеу тұсында Смағұл аман қалсын деген ниетпен әйелін екі баласымен Қырғыз асырып жібереді.

Алайда, ол жақта да оларға тыныштық болмай, Себеке ағайын-туғандарымен қосылып Қытай асып кетеді.

Арада жылдар өтіп, Смағұлдың қыздары сол жақта тұрмысқа шығып, екі ұлды болады. Мұхтарбек ағамыздың айтуына қарағанда Қытайдың Іле аймағы Мұнғұл Күре ауданында Құнанбайдың жиенінен туған жиеншарлары бар екен.

Көптеген деректерде Халиолланың туған жылы мен күні әр түрлі беріліп жүр. 2014 жылы Москваға сұрау салып, Халиоллаға қатысты үш деректі ол оқыған әскери училищенің архивінен алғыздық. Оның бірі тууы туралы куәлік болса, екінші бірі Халиолланың қызмет тізбесі, үшіншісі әскери оқуды бітірудегі қабылдаған ант мәтіні. Фотосуреті қаншама іздегенмен табылмады.

Қолдағы деректер Халиолла Өскенбаевтің 1849 жылдың 11 сәуірінде туып, 1859 жылы 10 жасында Омбы кадет корпусына оқуға түсіп, оны 1867 жылы бітіріп, өзінің әскери білімін әрі қарай жетілдіру үшін Москвадағы княз Александр атындағы әскери училищені 1867-1868 жылдары оқығандығын бекітеді. Осы құжаттарда оның Омбы әскери округінің №6 казак полкына Корнет шенінде әскери міндетін жалғастыру үшін жіберілгені туралы бұйрық бар.

Бірақ, осыншама қысқа уақытта орысша білім алып, жаңа өмірге жолдама алып, жалындап өсіп келе жатқан Халиолла сол Омбы қаласында 1870 жылдың шілде айында көкірек ауруынан ауырып қайтыс болады.

Құнанбай баласының денесін Омбыдан алғызып, Шыңғыстау бауырындағы бәйбішесі Күңке қонысына жақын жерге жерлейді.

Жасында Халиолла да барлық Құнанбай балалары сияқты ауыл молдасы Ғабитханнан дәріс алып, мұсылманша хат таниды.

Кейіннен Халиолла Семейдегі Камариден хазіреттің медресесінде біраз жыл оқып, оған қоса өзі ынта қойып, орысша сауатын ашқаны туралы деректер бар. Абайдың Халиоллаға жазған хатында осы Камариден хазіреттің аты аталғандығы оның Құнанбай ортасында жақсы таныс екендігін және оның Халиоллаға кадет корпусында мұсылман дінінен сабақ бергенін дәлелдейді.

Жоғарыда айттық, Халиолла 1849 жылы кадет корпусына оқуға түскенде ол Шоқанның туған інісі Махмұтпен 6 жыл бірге оқыған.

Сондықтан да, сол тұста Қашқар сапарынан аман сау оралып, орыс ғалымдарын таңқалдырып, үлкен беделге ие болған Шоқанның Халиолла мен Махмұтты оқуға түсіруіне ықпал жасауы әбден мүмкін.

Халиолла туралы ең алғаш жазба дерек қалдырған Абайдың інісі Ысқақтың баласы Кәкітай болды. Абайдың алғашқы өлеңдер жинағын шығаруға атсалысып, оның өмірбаянын жазған Кәкітай өз естелігінде Құнанбай атасын сипаттай келіп: «Өзге жұрт орыстан баласын жасырып жүргенде, балаларына орысша оқу оқытып, Халиолла деген баласын Омский Кадетский корпусан оқытып, онан соң Москвадағы әскери кавалерийский школдан оқытып, сабақты жақсы бітіріп, корнет болып, қызметте жүргенде, ауырып дүниеден қайтып еді» деп қысқа болса да нақты жазып кеткен.

Ал, Халиолла жайлы құнды деректер асылдың соңғы тұяғындай болған, хакім Абайдың немере інісі Әрхам Ысқақовтың «Абайдың өмір жолы» естелік еңбегінде тіпті мол кездеседі.

Әрхам осы естелігінде: «Елдің сынынша Ысқақ пысық, ұғымтал, ақкөңіл болады. Халиолла сабырлы, көп сөйлемейтін, тұйық болады дейтін. Абай екеуін де жақсы көреді. Абай Ысқақтан Халиолла артық, ойлы, ақылды, дана адам болар деп үміт артады» – деп, Халиолланың оқуы туралы таңдауды Абайдың өзі жасағанын байқатады.

Халиолланың Омбы кадет корпусындағы оқып жүрген кезеңінен хабар беретін біраз деректер іздеген жанға табылады.

Абай музейінің қызметкерлері Мұздыбай Бейсенбаев пен Маржан Мұхаметова Омбы архивінен Халиолла туралы көп материалдар жинаған.

Сондай-ақ, Шоқан туралы тамаша ғұмырнамалық шығарма жазған жазушы, зерттеуші Ж.Бейсенбаев «Жасын тағдыр жарқылы» атты кітабында: «1867 жылы кадет корпусы әскери гимназияға айналған шақта, оны 1-разрядпен бітірушілер ішінен Абайдың інісі Халиолла Өскенбаевты көреміз. Ол оқуын жалғастыруға Петербургтегі Үшінші Александр әскери училищесіне жіберілді» деп Халиолла өмірінен бір үзік дерек келтіреді. Бірақ, Халиолланың Петербургте емес Москвада оқуын жалғастырғаны белгілі.

Халиолланың орыс оқуын терең меңгеріп, Абайға ерекше әсер еткені туралы Әрхам өз естелігінде: «Осы демалысқа келерде Халиолла Абайдың оқуына орысша көп кітап алып келіпті. Ойын сауықтан бос уақытында әдейі оқытып, ұғынбаған жерін үйретіп, ұстаздық етеді. Өткен үш жылдың ішінде өзінің білгенін түгел айтып, жол жобасын түгелдей көрсетеді. Әсіресе, Абайға қиын соғатыны – тіл үйрену жағы. Орысша кітап оқығанда сөзін түсіну қиын болғандықтан, Халиолла сол жағына көңілін көп аударады» деп жазуына қарағанда Абайдың Семейдегі орысша оқуы олқы соғып, оған орыс тілін, әдебиетін оқып үйретуде Халиолланың ағасы Абайға жақсы ұстаз болғанын аңғару қиын емес.

Тіпті, мынаған назар аударыңыз, Халиолла қайтыс болғанда, оның денесімен қоса Омбыдан екі сандық дүние зат қоса келіпті. Тағы да, сол Әрхам естелігіне жүгінсек Халиолла жерленген соң, оның дүниесін таратқанда, Абай еш ойланбастан кітаптар мен қолжазбаларға толы сандықты қалап алыпты.

Осы арада Абай шығармаларын Өзбек елінде насихаттап жүрген үлкен ғалым Мұхтар Әуезов жақсы араласқан Әбдірахман Сағди деген зерттеушінің 1923 жылғы «Ақжол» журналында жарияланған мақаласы бар. Өзбек ғалымы Абайдың орыс тілі мен әдебиетін жетік білуіне сүйсіне отырып, «Абайдың жанында орыс ақындарын ашық түсіндіре білетін бір адамның серік болуы байқалады» деп жазуы тегін емес. Бұл пікірді Абай аудармасы жайлы зерттеу еңбектер жазған Тәкен Әлімқұлов та бекітеді.

Өткен жылдың қараша айында аудандық «Абай елі» газетінде «Разақтың әңгімесі» деген мақала жарияланған. Онда Халиолланың елге демалысқа келгенде көп кітап-журналдар әкеп, жиналған жұртшылыққа орыс әдебиеті мен батыс мәдениеті туралы жақсы әңгімелер айтатындығы жазылған. Тіпті, ол кітаптарды Халиолла елге сыйға таратқан. Әңгіме айтушы Мұхтар Әуезовтың ағасы Разақта Халиолла әкелген Ершовтың «Конек Горбунок» кітабының қолында болғандығын айтады.

Демек, Шыңғыстау жұрты бертінге дейін Халиолланың өнегелі ісін ұмытпаған.

Халиолла да Шоқан сияқты, қазақтың фольклор мұрасын жинаған, оны орыс жұртшылығына таныстырған, әрі өзі де орыс ақын-жазушыларын көп оқып, олардың шығармаларын қазақ тіліне аударған, орыс мәдениетін елге таратушы, талантты жан болғандығын айтушылар көп.

Халиолла Омбы, Москвада оқыған жылдары, оның орыстың Шығыстанушылары профессор И.Н.Березин, оқытушы Н.Ф.Костылецкий және әйгілі Шоқанның досы Г.Н.Потанинмен таныс болып, тығыз байланыста болғанын Ә.Марғұлан, С.Мұқанов, М.Әуезов, Ү.Сұбханбердина, М.Бейсенбаев, А.Шәкәрімұлы, Қ.Мұхаметханов, Т.Жұртбаев сынды әдебиет тарихын зерттеуші ғалымдар әр жылдардағы зерттеу еңбектерінде ауызға алып, ілтипатпен айтқанын қалай жоққа шығаруға болады.

Мәселен, фольклор танушы ғалым Ү.Субханбердина өзінің «Дала уалаяты газеті» атты екі томдық кітабының кіріспе бөлімінде: «Г.Н.Потаниннің айтуынша, орыс классиктерінің шығармаларын алғаш аудармашылардың бірі Абай Құнанбаевтың інісі Халиолла Өскенбаев болды. Ол 1863-1870 жылдары Омбы кадет корпусында оқиды, одан соң Семей маңындағы ауылда өмір сүрді. Ол халықтың ауыз әдебиет үлгілерін жазып жинаған. Оның ішінде «Еңлік-Кебек» әңгімесі, «Жиренше шешен» аңызы мен Тургенев, Лермонтов, Толстой және басқалардың өлеңдерін, әңгімелерін аударған. Х.Өскенбаев жинаған бұл материалдар белгілі шығыстанушы ғалым И.Н.Березиннің архивінде сақтаулы» – деп жазған.

Халиолла жинаған «Еңлік-Кебек» әңгімесі мен «Жиренше шешен» аңызы «Дала уалаяты газетінің» 1892 жылғы 29-санында жарық көрген. Бұл жылдары Халиолла өмірде жоқ. Шығарманы ұсынушы – И.Н.Березин мен Н.Ф.Костылецкийдің біреуі болуы керек.

Сондай-ақ, үлкен ғалым Әлкей Марғұланның «Шоқан Шыңғысұлы Уәлихановтың өмірі мен қызметі» атты жұртшылыққа мәлім очеркінде мынандай жолдар бар: «Архив деректеріне қарағанда Н.Ф.Костылецкий өзінің

шәкірттеріне қазақ фольклорын жинау және қазақтың халық ойындарын жазып алу жөнінде де ой айтқан тәрізді. Ең ғажабы, Н.Ф.Костылецкийдің атына жолдаған хаттар мен қазақ фольклоры туралы жазбалары бүгінге дейін сақталған. Сондай жазбаларды оған Шоқан Уалихановтан кейін Абайдың інісі Халиолла Өскенбаев, Мұстафа Бүркітбаев, Садуақас Анаев, Ханғожин және басқаларда жолдаған».

Осы үзіндіден-ақ, кадет корпусының оқытушысы Н.Ф.Костылецкийдің Халиоллаға дәріс берумен бірге ағартушылық жөнінен де үлгі-нұсқа көрсеткені айқын болып тұр.

Шоқанның досы, онымен бірге оқыған саяхатшы, әдебиетші, тарихшы Г.Н.Потанинге де Өскенбаев есімі таныс болған. Мәселен, сол Г.Н.Потанин «Қырғыздың соңғы ханзадасының киіз үйінде» атты еңбегінде, Халиолла есімін айрықша айтып, Шоқанның інісі Махмұт екеуі оны ілтипатпен еске алып, жайдары мінез-құлқын сүйсіне сипаттайды.

1896 жылы «Дала уалаяты» газетінде Н.Максимов қол қойған «Қазақ оқығандарының міндеті» деген мақала шығып, автор Потаниннің жоғарыдағы пікірін қолдап, Халиоллаға қазақтың тәуір кісісі деп баға беріп, Өскенбаев туралы сұрау салып, ол туралы редакцияға хабарласуды өтінеді.

М.Әуезовпен Ленинградта бірге оқыған, пікірлес досы болған Әлкей Марғұлан Абай айналасын зерттеуге ден қойып, Абайтану ісіне айтарлықтай үлес қосқаны әдебиетшілерге мәлім. Осы ғалымның «Абай» журналының 1993 жылғы 6-санында «Үш хаттың сыры» деген мақаласы жарияланған. Мақаланың мазмұны: Әлкей Марғұлан 1938 жылы Ленинградта болғанда профессор, шығыстанушы И.Н.Березиннің архивінен Халиолланың атына жазылған үш хаттың көшірмесін тапқан. Ол хаттарды 1866 жылы оқудағы Халиоллаға Құнанбай, Абай және Ғабитхан молда жазған.

Халиоллаға жазылған осы хаттар Березин архивіне Халиолла қайтыс болған соң, Костылецкий арқылы жеткен болар.

Демек, Березин архивінде Халиолланың жолдаған көптеген фольклорлық және алыстағы дала елінің аңыз әңгімелері сақталуы мүмкін.

Осы мақаласында Ә.Марғұлан: «Тек жастай өмірден өткені өкінішті жайт, әйтпесе Халиолла ағасы Абай сияқты асқан ойшыл, қаламы төгілген жазушы болуы анық еді, амал қанша?!» – деуі де Халиоллаға деген құрметпен жазылған.

Жоғарыда айттық, Халиолла 1859-1867 жылдары Омбыда оқуда болғанда Шоқан бұл оқу орнын 1853 жылы аяқтап, Сібір генерал-губернаторында әскери қызметте жүргені мәлім жайт. Қашқар еліне саяхаттан соң, Шоқанның аты бүкіл Россияға, Европаға әйгілі болып, ерекше дүрілдеген кезең еді.

Демек, Шоқан әлде қалай Омбыға бара қалса, өзі оқыған оқу орнына бас сұғып, ұстаздарына амандасып, сол оқу орнында оқитын өз інісі Махмұт пен аға сұлтан Құнанбайдың баласы Халиоллаға жолықпауы мүмкін емес қой?

Әдебиетшілер мен тарихшыларды өткен ғасырдың ұлы тұлғалары Шоқан мен Абай кездесті ме деген сұрақ көп мазалаған.

Осы жайтқа орай, Сәбит Мұқанов «Жарқын жұлдыздар» кітабының кіріспе бөлімінде бір қызықты деректер келтіреді: онда «Шоқанның Абайға жолығуы

жайында әзірге дерек жоқ. Солай бола тұра Абай Шоқанды білген деген ой келеді, соған бірінші дәлел: Абайдың туған інісі Халиолла Өскенбаев Омбының кадет корпусын 1867 жылы бітірген. Бұл кезде Шоқанның атағы аспандап, Омбы әкімдері мен интелегенциясы арасында жұлдызы көтерілген шағы. Халиолла көзі ашық, парасаты мол шәкірт. Оның Шоқанды білмеуі және ақындық дарынға ие Абайға сырттай болса да таныстырмауы мүмкін емес» деп Шоқан-Абай-Халиолла арасынан жазушы рухани байланыс іздейді.

Ал, Әрхам Ысқақов өзінің «Абайдың өмір жолы» деген естелігінде Шоқан мен Халиолла өзара жолыққан, бірін-бірі таныған деген ой айтады.

Халиолла Өскенбаевтың қазақ фольклор үлгілері мен ел аузындағы аңыз-әңгімелерді жинап, соларды орыс тіліне аударғаны туралы деректер аз емес.

Ғалым тарихшы, Шәкәрімтану ісіне елеулі үлес қосқан қоғам қайраткері Е.Б.Сыдықов «Шәкәрім» атты ғұмырнамалық шығармасында Халиолланың 1892 жылы «Московская Иллюстративная газета» басылымының 274-санында «Киргизское предание» деген орысша жазылған мақаласы басылғанын жазады. Сол еңбекте Халиолла Өскенбаев өзі естіген, өзі өскен Шыңғыстау жайлы, осы төңіректегі Хан биігі, Орда, Доғалаң, Шұнай сияқты таулардың тарихын баяндап, осы өлкеде ұлы билеуші Шыңғысханның болғандығын көркем суреттеп жазған деп баға береді.

Кезінде «Абай» журналында авторы «Ұмытылған» деп көрсетілген. «Қазақтардың естен кетпей жүрген бір сөзі» деген «Еңлік-Кебек» оқиғасына арналған мақала жарияланып, осы жазбаны Абай не Шәкәрім жазды деген пікір көп болған.

Абайтанушы ғалым, бүгінде Шәкәрім университетіндегі Абай орталығын басқарып отырған Бауыржан Ерденбеков осы тақырыпты түбегейлі зерттеп, «Еңлік-Кебек оқиғасының алдымен орыс басылымдарында жарық көруі Халиолланың еншісінде» деп бекітеді.

Абай мен Әуезов еңбектерін зерттеуші, әдебиетші, ғалым, жазушы Тұрсын Жұртбаевты да Халиолланың жасын тағдыры ерекше қызықтырғаны анық. Сол себептен де ол көп ізденіп, архив деректерін ақтарып, Халиолла жөнінде қыруар құжаттар жинаған. Әсіресе, Халиолланың Тінібай қызы Айғанымға ғашық болған хикиясын ерекше сөз етеді.

Семейдің ірі байы Тінібайдың сұлу қызы Айғаным мен Құнанбайұлы Халиолла арасындағы сүйіспеншілік ақырында махаббат трагедиясына ұласқан.

Бұл енді Тобықты еліндегі «Еңлік-Кебек», «Қалқаман-Мамыр» хикаяттары сияқты аты шулы махаббат оқиғаларының Семейде қайталанған жалғасы іспетті.

Осы мәселе туралы «Өнерлі өлке өрнегі» атты эссесінде «Халиолла Семейдегі Тінібайдың қызына ғашық болып, оны алып қашады. Жолда қолға түсіп, қыз екеуін қамаққа алады. Құнанбай жастарға теріс батасын береді. Халиолла соған ренжіп, Омбыға кетіп қалып, көп ұзамай қайтыс болады. Қыз да қайғылы халге ұшырайды. Халиолла оқиғасы М.Әуезовтың «Қаракөз» атты трагедиясына арқау болады...» – деп жазады Жұртбаев.

Әрхам Ысқақов та Халиолла-Айғаным оқиғасын тәптіштеп баяндап, бұл істің аяғы шатаққа айналып, соңы Семейдің мировой сотында қаралып, сот Халиолланы ақтаса да, екі жас қосыла алмағанын қынжыла жазады.

Мен 2009 жылдан бері өз шамам мен білім талғамым жеткенінше Абай өлеңдерін жинап қағазға түсіруші, үш бірдей құнды қолжазба қалдырған Мүрсейіт Бікіұлы мен Абайдың немере інісі Халиолла жөнінде «Егеменді Қазақстаннан» бастап, облыстық, аудандық газеттерге мақала жазып, 2009 жылы «Абайдың әдеби хатшысы» деп Мүрсейіт жөнінде жинақ кітап шығарып, Халиолла жөнінде «Тағдырдың жазуы» атты бес көріністі пьеса жаздым.

Қорыта айтар болсақ, біріншіден өмірден ерте өтсе де, жан-жақты білімді Халиолланың хакім Абайдың орыс тілі мен әдебиетін терең меңгеріп, орыс ақындарының шығармаларын қазақ тіліне аударуда рухани көмегі болғандығын жоққа шығаруға болмайды.

Екіншіден, Халиолланың Шоқанның ізімен қазақ фольклор үлгілерін жинап, қазақтың ежелгі, аңыз ертегілері, салт-дәстүрі, ерекше тарихи оқиғалары жайлы жазған жазбалары болған.

Әрине, Халиолланың толық өмірбаянын түгендеп, оның қазақ әдебиетіне қосқан азды-көпті үлесін зерттеп, жан-жақты тану ісі болашақтың ісі деп білемін.

Бүгінгі конференцияның мінбесін пайдалана отырып, бір-екі ұсыныс айтпақшымын.

Бірінші: Абайтануға өлшеусіз еңбек сіңірген, Абай мұрасының мейлінше таза, анық жетуіне қызмет жасаған Мүрсейіт Бікіұлының есімі мен ісін ұмытып барамыз.

Егер Мүрсейіттің 1905-1907 және 1909 жылғы Абай өлеңдерін қағазға түсірген қолжазбасы сақталмаса, Абай өлеңдерінің текстологиясын түзетуде көп қиындықтар болар еді.

Бүгінде сол үш қолжазбаның бірі Мұхтар Әуезов музейінде болса, екі данасы Ұлттық ғылым академиясында сақталған.

Ең өкініштісі сол Абайтанушылар ортасында, әдебиет тарихын зерттеушілер арасында осы екі асыл адам жөнінде көп айтылмайды.

Жуырда Абай елі атынан осы аяулы жандар жөнінде хат жазып, еліміздің Астанасында, Алматыда, Семейде және туған жері Абайда көше, мектеп аттарын беру жөнінде ұсыныс жасадық.

Мардымды жауап ала алмадық. Бұл адамдардың еңбегіне лайықты баға беріп, ұсынысымыз қабылдануы үшін республикалық «Тарихи тұлғалар» деген тізімге енуі керек екен. Ол тізім екі, үш жылда бір толықтырылып отырады екен. Ал, ол тізімде Мүрсейіт пен Халиолла жоқ.

Осы ұсынысымды Абай туралы ғылыми зерттеу еңбектер жазып, кандидат-доктор атанған жүздеген Абайтанушылардың қолдауын сұраймын.

Абайтануға еңбегі сіңген, қандайда болсын құрмет пен атаққа лайықты Мүрсейіт пен Халиолланы Абайтанушылар қолдамағанда кімді қолдайды?!

Тіпті, университет, институт, мектептерде оқылатын Абайтану оқулықтарына осы екі адамның есімі мен істері, еңбей қалғанын немен

түсіндіруге болады?! Семейдегі Абай музейінде де Мүрсейіт пен Халиоллаға арналған тұрақты орын болса артық етпес еді.

Хакім Абайға, оның ұлтқа рухани қазына болған мұрасына адалдық танытқан осы екі адамды ұмытпайық, ағайын!

Конференция қортындысында осы ұсыныстарым ескерілсе деген ойым бар.

ҒТАХР: 17.78.08

ҚҰНАНБАЙ ӘУЛЕТІ ЖӘНЕ ПОЛЯК ЗИЯЛЫЛАРЫ

*Каринбаев Ж.Ә., саясаттанушы, тарихшы, «Ауыл» партиясы Орталық аппараты, Халықаралық және қоғамдық ұйымдармен байланыс бөлімінің меңгерушісі
(ҚР, Астана қ.)*

Қазақстан мен Польша мемлекеттері өз тарихында ортақ географиялық шекараларға ие болмағандықтан, қос халық өкілдері арасындағы орын алған көпқырлы қатынастар негізінен патшалық Ресейдің отарлық дәуірінде өрбіді. Дербестігінен айырылып, алып империяның құрамында күн кешкен қос халықтың байланыстары ең алдымен поляк ұлты көп қоныстанған аумақтардағы ресей отаршылдығына қарсы бұрқ еткен ұлт-азаттық қозғалыстарын қамтып, Сібір мен Қазақстанға жер аударылған поляктардың есебінен жүзеге асты. Баяндаманың арқауы ретінде Құнанбай әулетінің таңдалып алынуына тұлғаның 220 жылдық мерейтойымен қатар, келесідей себептер өз ықпалын тигізді: біріншіден, Құнанбай әулетінен ұлт зиялыларының қатарын толықтырған танымал тұлғалар көп шықты; екіншіден, Қазақстанның солтүстік-шығысында беделі жоғары болып, ел билеген Құнанбай әулетінің өкілдері сол ХІХ ғ. ортасы ХХғ. басында Семей мен Өскеменге саяси жер аударылған поляк зиялыларымен өзара тығыз қарым-қатынас орнатты; үшіншіден, қос тараптың қарым-қатынастарыотандық, ресейлік және поляк тарихнамасында көрініс тауып, тарихи дерек көзі ретінде сақталған.

Баяндаманы жазу барысында Орта жүздің беделді билерінің бірі, Тобықты руының болысы болған Құнанбай Өскенбайұлы және оның замандасы айдаудағы поляк зиялысы Адольф Янушкевичтің, сондай-ақ Абай Құнанбайұлы мен губерниялық статистикалық комитеттің қызметкері, дарынды зерттеуші Северин Гросстың арасындағы қарым-қатынас жан-жақты қарастырылатын болады. Поляк халқының белгілі қоғам қайраткері әрі, ақыны Адам Мицкевичпен достық қатынаста болған, жас жағынан Құнанбаймен шамалас Адольф 1803 жылы Ресей империясының Минск губерниясында орташа дәулетті Михал және Текла Янушкевичтердің шляхта (поляк қоғамындағы ақсүйектер тобы) тегіндегі отбасында дүниеге келген. Анасы жағынан Речь Посполитаяның әскери және саяси қайраткері, поляк халқының ұлт-азаттық көтерілісінің басшысы Тадеуш Костюшконьң туысы Адольфтың балалық және жастық шағы Польшаның

тарихындағы күрделі де саяси дүрбелеңдерге толы кезеңге тұспа-тұс келді. XVIII ғасырдың соңғы ширегінде Австрия, Пруссия және Ресей империялары арасында бөлініске салынған Польша біртұтас мемлекет ретінде өмір сүруін тоқтатып, саяси сахнадан жоғалған еді. Бірақ, Наполеон әскерлерінің шығысқа жылжуы поляк халқының тәуелсіздікке деген үмітін оятып, нәтижесінде 1807-1815 жылдар аралығында ішкі саясатында тәуелсіз – Варшава герцогтығы құрылған болатын. Алайда Наполеон жорығы жеңіліске ұшыраған соң тарихи поляк жерлерінің үлкен бөлігі Польша корольдігі деген атаумен Ресейдің қарамағына көшірілсе, қалған бөлігі Австрия мен Пруссияның арасында бөлініске салынды. Осылайша қысқа мерзімдік саяси дербестігінен айырылған поляк халқы жат жерлік өктемдікке қарсы кезекті азаттық күресін ұйымдастырып, тарихқа «Қараша көтерілісі» деген атаумен енген күрестің мерзімдік шекаралары 1830-1831 жылдарға тұспа-тұс келген болатын.

Жоғарыда аталған саяси оқиғалар жас Адольфтың болашақ қайраткер ретінде қалыптасуына, оның өмірлік бағыттары мен азаматтық позициясының орнығуына үлкен ықпал етті. Поляк халқының саяси теңсіздік пен құқықсыздық жағдайында күн кешкенін көріп есейген Адольф ұлт-азаттық қозғалысқа өз еркімен қосылып, туысы Т. Костюшконың салып кеткен сара жолының жалғастырушысына айналады. 1821-1823 жылдары Вилен (Вильнюс) университетінің филология факультетінде білім алған Адольф Янушкевич азаттық идеяларды бойына сіңіріп, сол уақытта Еуропадағы етек жайып келе жатқан революциялық қозғалыстарға қолдау білдіріп, жастардың «филореттер» құпия ұйымының [2] жұмысына белсенді түрде араласа бастайды. 1830 жылы Польшаға қайтып оралған Адольф Янушкевич Ресей империясының Польша корольдігі территориясындағы өктемдігіне қарсы бағытталған «Қараша көтерілісіне» қатысып, ұрыстардың бірінде жарақат алып, тұтқынға түседі. 1832 жылы А. Янушкевич сот шешімімен дарға асу арқылы өлім жазасына кесілгенімен, соңынан бұл шешім – дворяндық атақты айырумен және мүлікті тәркілеумен Сібірге жер аудару шешімімен алмастырылады [3]. 1833-1835 жылдар аралығын алдымен Тобольскіде, артынан Есілде айдауда өткізген А. Янушкевич өз үйін саяси жер аударылғандардың бас қосатын орнына айналдырып, Густав Зелинский және өзге де поляк зиялыларымен достық қарым-қатынас орнатады. Отанында қалған туыстары арқылы А. Янушкевич мерзімді баспасөзді тұрақты алдыртып, поляк және өзге де еуропа халықтарының әдеби өмірінен хабар алуын жалғастырады.

1841 жылдың тамызынан бастап Омбы қаласында тұрақтаған А.Янушкевич (1841-1853 жж.) сол кезеңде жастық желеңнен арылған, өткен өмірінен бай тәжірибе жинақтаған, болашағын бағдарлаған қырықтың қырқасына шыққан азамат болатын. Омбыда, алдымен жергілікті Округтік сот кеңсесінде қызмет жасаған болса, 1842 жылдан бастап ол Сібір қырғыздарының (қазақтарының) шекаралық басқармасында қызмет ете бастайды

Осы кезеңнен бастап Янушкевичтің қазақтар туралы мәліметтері еселене түседі. Тұлға қазақ халқының тілін игеруді қолға алып, салт – дәстүріне ден қояды.

1845 жылы мамырда Ұлы жүздің құрамындағы барлық рулардың беделді би мен сұлтандары Ресей бодандығын қабылдауға ерік білдіреді [4]. Ұлы жүз қазақтарының бұл өтінішін патша үкіметі тек келесі жылы, яғни 1846 жылы 23 маусымда қанағаттандырып, өз қол астына кіріп отырған қазақтардың жағдайын анықтау үшін арнайы комиссия құрады. Бұл комиссияның құрамына қазақтардың тілін меңгеріп, олардың тұрмыс-салтымен жақын таныс поляк ұлтының өкілдері А. Янушкевич пен В.Ивашкевич енгізіліп, Сібір қазақтары шекаралық басқарманың басшысы генерал-майор Николай Вишневский жетекшілік еткен экспедиция Жетісу өңіріне аттанады.

1846 жылы маусымда 100-ге тарта қаруланған казактармен күшейтілген генерал-майор Н. Вишневскийдің экспедициясы Жетісуға жетіп, 19 маусымда Ойжайлау деген жерде Ұлы жүз қазақтарының билеушілерімен жиын өткізеді [5]. Орыстардың Жетісу өңіріне тереңдеп енуінің нәтижесінде орын алған бұл сапар ғалым-зерттеушілерге А. Янушкевичтің алғашында Париж бен Берлин [6] қалаларында жарық көрген, араға көп уақыт сала 1966 жылы ғалым Ф. Стекловамен аударылып, басылып шыққан «Қазақ даласына саяхаттан хаттар мен күнделіктер» атты еңбегінен [7] жақсы таныс. Еңбекте сол уақытта Ұлы жүздің ру-тайпаларын билеген белді сұлтан мен билердің есімдері жиі кездесіп, негізгі кейіпкерлердің қатарында Құнанбай болыстың есімі [8] де жиі ұшырасады.

А.Янушкевич еңбегіндегі Құнанбайға қатысты келтірілген мәліметтерді негіз ретінде ала отырып, бұрын әсіре қатал және бірбеткей болып суреттелген Құнанбайды замандасының естеліктері арқылы жаңа қырынан танып ашуға болады. А. Янушкевич пен Құнанбайдың арасында бетпе-бет жүздесулер 1846 жылы маусымның алғашқы жартысынан тамыздың екінші жартысына дейін жалғасты. Осы уақыт аралығында экспедиция құрамында қызмет еткен А. Янушкевич соңынанбасылып шыққан өз еңбегінде қазақ би-сұлтандарына сипаттама беріп, олардың қатарында Абайдың әкесін Құнанбайды да, жекелеген кемшіліктерге қарамастан дәл суреттеген. А. Янушкевичтің бұл мәліметтері көпшілікке бұрын негізінен Мұхтар Әуезовтың «Абай жолы» роман-эпопеясында сомдалған Құнанбай бейнесін салыстырмалы түрде өзге қырынан танып білуге мүмкіндік беретіні анық.

Орыс экспедициясының бағыты сол тұстағы отарлық биліктің өңірдегі тірегі, Қытай мен Орталық Азия, Батыс Сібір аралығындағы ірі сауда орталығы – Семей қаласы арқылы өткен. Семейдің сол кездегі қалпы туралы бірқатар қызықты да құнды мәліметтер поляк авторының еңбегінде келесідей көрініс тапқан: «Жоңғарлардың ескі бекінісінің орнында қайта салынған бүгінгі Семейдің 7 мыңға жуық тұрғыны бар, әсіресе татарлар, ташкенттіктер мен бұқарлықтар көптеп саналады. Сондықтан тек бір шіркеу, тиісінше алты немесе жеті мешіт бар. Қырғыз [қазақ] тілі барлық орындарда дерлік қолданылады. Тіпті ресей өкілдерінің нәзік жандылары да біздің әйелдердің французша сөйлегені секілді ол тілде еркін сөйлейді» [9].

28 мамырда экспедиция Құнанбай болысына жақын орналасқан Аягөз бекінісіне келіп тұрақтайды. Нақ осы Аягөзде А. Янушкевич пен Құнанбай алғаш

кездескен болатын. Осы жайында А. Янушкевич былай деп жазған: «Бұл Ташкент – бұқар – қырғыз [қазақ] істері маған өз тайпаластары арасында үлкен ықпалға ие, даладағы барлық тайпаларға жарық берген екі жұлдыздай қос тұлғаны тануға мүмкіндік берді. Саған [еңбектің денін отбасы мүшелеріне бағыттаған хаттар құраған] Барақ сұлтан мен Құнанбай би туралы бірнеше сөз айтайын. Құнанбай бидің жасы Барақ сұлтанның аздап үлкенірек, ол да даланың атақтыларының бірі. Қарапайым қырғыздың [қазақтың] ұлы, табиғатынан жоғарғы ақыл-ойға, таңқаларлық есте сақтау мен шешендік қабілеті, іскер, өз тайпаластарының қамын ойлаушы, дала заңы мен құран аяттарының және қазақтарға қатысты орыс жарғыларының білгірі, сатылмайтын әділқазы әрі үлгілі мұсылман қарапайым Құнанбай өзін пайғамбар даңқына бөлегендей еді, себебі ең бір шалғай ауылдардан одан кеңес сұрай жас та, кәрі-де, жарлы мен бай да ағылып келіп жататын. Қуатты Тобықты руының сеніміне бөленіп, болыс болып сайланған ол өз ісін сирек кездесерлік жасампаздықпен әрі қайратпен орындайды, ал оның әрбір бұйрығы бас шұлғи орындалады. Бұрынырақта ол көрікті кісі болған, қазір оның жүзінде бірнеше жыл бұрын өзін көрге алып кетпек болған қара шешектің іздері қалған... Арқалана айтқан әр сөзі барысында ол тыңдаушыларды өзінің сұрқысызданған өңін ұмытуға мәжбүр етеді. Сол бір қатерлі аурудың қатал салдары әрдайым оның ерен еңбегі мен маңызын айқындайтын жерлестерінің ыстық естелік әңгімелерімен қолдауын оятады. Ол дәулеттілердің әділетсіздігі мен қысымына қарсы қалқан болды» [10].

Егер де Адольф Янушкевичтің жоғары білімге ие, Ресей империясының заңдарынан жақсы хабардар, озық ойлы тұлға екендігін ескеретін болсақ, оның «білімсіз Құнанбайға» қатысты берген сипаттамасы жіті назар аударуға тұрады. Құнанбайдың А. Янушкевич және оның қазақтармен түрлі байланыстар жасап мол тәжірибе жинақтап үлгерген қандасы В. Ивашкевич қатынасқан экспедицияға өзіне қарасты болған жерлер арқылы Жетісуға қарай жол көрсетіп, Ұлы жүз жеріне дейін барғаны мәлім. Жол бойы оның экспедиция мүшелерімен әңгімелесіп, өзара пікір алысқандығы күмән тудырмайды. Бұған А. Янушкевичтің Лепсі, аңғарынан өтіп, Тянь-Шаньға кезіккен кезде Құнанбайдың айтқан сөзін келтіргендігі дәлел бола алады: «Генерал Құнанбайдан оған Алатау қалай ұнайтындығын сұрағанда, ол: «О, құдай! Сен қалай орнатқансың! Биік тауда адамдар суықтан жан тапсырса, етегінде ыстықтан құрғағандай екен», – деп жауап берген» [11].

Ұлы жүз жеріне бағытталған экспедициядан қайта оралар жолда Адольф Янушкевич қазақ тілі мен дәстүрінің білгірі В. Ивашкевичпен біріге отырып орта жүз жерінде халық пен мал санағын жүргізу жұмыстарына қатысу себебінен, қазақ даласында біраз уақытқа кідіреді. Бұл жағдай айдаудағы поляк зиялыларына бос уақытында жергілікті қазақтармен жақынырақ танысуға, олардың әдет-ғұрыптары мен салт-дәстүрлерін, бай халық ауыз әдебиетінің туындыларымен танып білуге мүмкіндік берді. А. Янушкевич күнделік жазбаларында, Құнанбай қазір ауыр іш ауруына шалдыққан ұлын [1845 жылы туылған Абай болса керек] қара ешкіні сойып, оған май жағып ішті орау арқылы емдеуде, әлгі май денеге сіңеді. Менің баланы неге бақсыға алып бармадың деген

сұрағыма, ол олардың дәрі-дәрмегіне онша сенбеймін деп жауап қайтарғандығы туралы айтылған [12].

Сонымен қатар, А. Янушкевичтің еңбегі арқылы Құнанбайдың өлкенің жер жағдайы мен тарихын, рулар шежіресін жетік білгендігіне көз жеткіземіз. Құнанбайдың айтуынша, Арғынның Тобықты атты ұлы болған... Мұнда Шыңғысханның қыстауы орналасқан және оған дәлел жақсы жүріспен бір күндік жерде оның атасының [Ырғызбайдың болса керек] айтуынша, жерден шығып тұрған сегіз қайың тіреулері бірақ опырыла бастаған, аңыз бойынша жойқын қиратушының әр жорығы алдында сиынатын құпия бөлмесі орналасқан хан Шыңғыс немесе Шыңғыс тауы бар [13].

Янушкевич еңбегінен жоғарыда атап өткен мәліметтерге қоса түркілер тарихына, Жүсіп пайғамбарға, Алашаханға, Тобықты шежіресіне қатысты көптеген қызықты, ақпаратты кезіктіруге болады. Құнанбай заманы халық жаппай қағаз бен баспасөзге жүгінбегендіктен шешендік өнердің, қара қылды қақ жарған даңқты билердің уақыты болғандығы анық. Байланыс құралдары жеткілікті дамымаған қоғамда әр басқарушы болыстың тұрмыстық мәселелерін шешу үшін үнемі ат үстінде жүргендігі де белгілі. Оған А. Янушкевичтің естеліктері дерек бола алады: «Құнанбай – бұл қосылмаған кезде ғана тоқтайтын сөйлеу машинасы. Оянысымен өзінің қызыл тілін іске қосып, ұйқыға кеткенге дейін тынбай сөйлейді. Әр минут сайын оған кеңес сұрай қазақтар келеді, ал ол... әр үш сөзге шарифаттан дәлел келтіреді, оның есте сақтауы адам таң қалғандай, барлық өкімдер мен бұйрықтарды кітаптан оқығандай келтіреді» [14].

Бірнеше ай бойы қазақ халқының тыныс-тіршілігімен, тұрмысымен етене танысқан А. Янушкевич: «Мен қазақтардың ақыл-ой мүмкіндіктерінің үлкен екендігіне көз жеткізе түсудемін. Қандай жеңіл тіл десеңізші! Әр адам өз ісін түсіндіріп, қарсыластың уәждерін шеберлікпен сынайды. Тіпті балалардың танымы да өте тез дамып, жетіледі» [15], – деп жазып кеткен.

Жергілікті қазақтарды өмір салтын зерттеумен айналысқан поляк зиялылары қарапайым қазақ халқының тұрмыс жағдайының қаншалықты ауыр екендігіне көз жеткізіп, төмендегідей ұсыныстарды алға тартқан:

1. Елді жинақы басқаруға қатысты;

2. Әр болыста «қан, ағызу» мен «дәке таңудан» өзге көп білетін, білімді фельдшер болуы керектігін, сонда елді жайлаған жұқпалы аурулардың азаятындығын әрі бақылауға алынатындығын;

3. Қазақтың басты байлығы төрт түлік малы болғандықтан әр болысқа таза қанды түліктердің қажеттігін;

4. Сот жүргізудің сол кезеңдегідей билердің қолында қалуы қажет екендігін ұсынады. Әрине мұндай ұсыныстардың шын жаны ашыған адамдардың ғана аузынан шықса керек. А. Янушкевич отарлық билік органдары шенеуніктерінің қызметтерін қатаң сынның астына алды: «...Шынында да, қандай ғана шенеуніктер мұнда болмаған десеңші! Нағыз тонаушылар, барымташылар! Менің қолым көп істер өтті, мен олардың не істегеніне көз

жеткіздім! Қазақша «сан» [санақ мағынасында] деп аталатын алғашқы санақтарын естігенде менің жүрегім қалай ауырды десеңізші!» [16].

Өз бастауын маусым айында алған сапардан А. Янушкевич Омбы қаласына 1846 жылы қазан-қараша айларында ғана оралады. Саналы ғұмырының жиырма бес жылын Сібірде өткізген А. Янушкевич, отаршыл билік айдаудағы өмірінің кезекті үш жылын өткізуге рұқсат берген Нижний Тагилден 1856 жылдың маусым айында шығып, шілдеде туған топырағына қайта оралады. Дегенмен, поляк зиялының қуанышы көпке созылмайды. Айдауда жүріп тағдырдың тәлкегіне түсіп, талай қиындықтарды бастан өткізген А. Янушкевич араға жыл толмастан жанын қинаған өкпе сырқатынан [туберкулез] 1857 жылы көз жұмады.

Егер Адольф Янушкевич іс жүзінде Құнанбай Өскенбайұлының замандасы болса, Абай Құнанбайұлымен де поляк халқының саяси айдаудағы зиялы перзенттерінің тығыз қарым-қатынаста болғандықтары тарихтан белгілі.

1861 жылы император Николай I қайтыс болғаннан кейін Польшадағы отарлық билікке қарсы күрес жаңа қарқын алды. Отар елде орын алған бас көтерулерді басу үшін патша үкіметі 1861 жылы күзде әскери жағдай енгізді. Барысында көтерілісшілер кезекті рет жеңіліс табады. Көтеріліс басып-жаншылған соң Польшада патша үкіметі басқарудың әскери режим орнап, азаттық күресіне қатынасқан поляктар жаппай қуғын – сүргінге ұшырайды.

Соның нәтижесінде, 1861–1863 жылдардағы көтеріліске қатысқандары үшін сотталған поляктар Сібірге көптеп жер аударылып, олардың бір тобы Семей облысында салынған сібір қорғаныс шебі батальондарының қарауына бағытталады. 1863 жылдың соңына қарай Семей облысының әскери губернаторы батальондардағы поляктар санының күн санап артып отырғандығына айрықша көңіл аударған екен [17].

1866 жылы Ішкі істер министрлігі саяси жер аударылған поляктардың Батыс Сібірдегі орныққан тұрақтарын анықтап, оларға бақылау жүргізу ісін полиция және күзет орындарының қызметкерлеріне тапсырды. Төменде патшамен бекітілген тұрақтардың тізімі берілген (кестеден зерттеуге қажетті Семей облысы ғана екшеп алынды) [18].

Қалалар	Айдаудағы поляктар саны	Бақылауға жұмылдырылған төменгі шенділердің саны
Семей	65	14
Өскемен	30	6
Жалпы	95	20

1884 жылғы мағлұматқа сай Қазақ даласының қалаларында (Петропавл, Атбасар, Ақмола, Семей, Өскемен, Павлодар, Зайсан) 3-5 жыл мерзімге дейін жер аударылған 20-дан астам поляк азаматтары өз жазаларын өтеумен болды. Саяси жер аударылған поляк зиялыларының ішінде Абай Құнанбаевпен жақын достық байланыс орнатқан Северин Гросс та бар еді.

1858 жылы дәулетті отбасында дүниеге келген Северин Гросс, 1877 жылы Петербург университетін құқық кандидаты шенімен тәмамдағаннан кейін біраз

уақыт Варшава сақтандыру қоғамының агенті лауазымында қызмет істейді. 1880 жылы Вильнодағы (қазіргі Вильнюс) поляк социалистік ұйымының жұмысына қатысады. 1881 ж. саяси қызметі үшін С. Гросс тұтқындалып, Вильноның цитаделіне қамалады. Соттың үкімімен Батыс Сібірге бес жылға жер аудару туралы шара анықталып, полиция конвойының бақылауымен бүгінгі қазақ – орыс шекарасындағы Есіл қаласына жеткізіледі.

Тобыл губерниясына қарасты Есілге орналастырылған С. Гросс 1882 жылы өзі сынды саяси жер аударылған Анна Скалацкаға үйленіп, 1883 жылы отбасымен Семейде өмір сүруге рұқсат алады [19]. Семейде С. Гросс радикалды бағыттағы саяси жер аударылғандардың қатарына қосылып, олардың құрамында А. Блэктен өзге Н. Коншин, Е. Михаэлис, Н. Долгополов, Л. Леонтьев, П. Лобановский сынды саяси айдаудағылар болды. Семей қаласында С. Гросс ерікті жалдамалы ретінде алдымен облыстық басқармада, соңынан Семей уездік судья кеңсесінде қызмет етеді. Сонымен қатар С. Гросс ресми түрде А. Блэк және Л. Леонтьевпен бірге губерниялық статистикалық комитетте де жұмыс істейді [20].

Өз кезегінде Абай Құнанбайұлының жоғарыда есімдері аталған саяси жер аударылғандардың көпшілігімен жақсы таныс, дос, сұхбаттас болғандығы тарихтан мәлім. Сол кезеңдегі Семей және ондағы саяси жер аударылғандардың жай-күйі туралы қызықты мәліметтерді америкалық танымал журналист Джордж Кенанның «Сибирь и ссылка» атты еңбегінен аламыз. Ол өз еңбегін жазу барысында өңірге сапар шегіп Семей қаласына төмендегідей сипаттама берген: «Ертістің оң жағасында орналасқан Семей қаласының тұрғындары негізінен орыстардан, татарлар мен қазақтардан құралған, саны 15 мың. Семейде облыстық басқарма орналасып, Ташкент пен Орталық Азияға апаратын керуен жолдарында тұрғандықтан саудада үлкен маңызға ие. Облыстың сипаты далалық, себебі 547 мың тұрғынның 497 мыңы көшпелілер» [21].

Қазіргі өлшемдермен салыстыруға келмейтін сол кезеңдегі Семейдің өз зиялы қауымының болғандығы белгілі және олардың негізін саяси жер аударылғандар, жергілікті шенеуніктер мен мұғалімдер құрайтын. Сол уақыттағы басқару аппараты жоғарғы білімді әрі сауатты мамандарға мұқтаж болғандықтан, саяси жер аударылғандардың едәуір бөлігі мемлекеттік қызметке алынады.

1883 жылы Семейдің статистикалық комитетінде жаңа кітапхана ашылды. Бұған бірнеше алғышарттар негіз болды: ең алдымен ХІХ ғасырдың 80-ші жылдары Ертіс бойының мәдени өмірінде Семейдің рөлі өсе түскен еді. Қайта құрылған кітапхананың қоры бай жинақтармен және түрлі сыйлықтардың есебінен молаяды. Кітапхана ашу бастамасын Е. Михаэлис, А. Блэк, С. Гросс сынды саяси жер аударылғандар көтерген-ді [22]. Кітапхананың алғашқы каталогы 45 мерзімдік басылымдар мен 174 атаулы түрлі туындылардан тұрды. 1884 ж. кітапханашы И. Зверьев екінші жүйелік каталогты баспаға берді. Ол 602 атаулы 944 томнан және 54 газет пен журналдардан құралды. Каталог «Семипалатинские областные ведомости» газетінің толықтай бетінде жарық көрген [23].

Күн өткен сайын кітап қоры көбейе түскен кітапхана білімді тұрғындар мен саяси жер аударылғандардың жиі бас қосу орнына айналды. Олардың қатарында қазақтың ұлы перзенті, ақын әрі ағартушы Абай Құнанбайұлы да бар болатын. Бүгінде бұл тарихи деректермен дәйектелген.

Осы ретте Джон Кенанның келтірген мәліметтері қызығушылық тудырады: «Мен губернатор үйінен оның кеңесі бойынша қаланың ортасында орналасқан антропологиялық музей мен сыйымды оқитын орны бар көптеген орыс газеттері мен журналдары және шамамен мың томдай тамаша кітаптар жинағы бар көпшілік кітапханасына келдім. Ғылыми туындылар мен саяси экономика бойынша еңбектер жетіп артылатындықтан таңдау мүмкіндігі оны негіздеушілер мен оқырмандарға бас идіреді. Олар менде Семей туралы осыған дейін көргендерім мен есіткендерімнен жоғары пікірді қалыптастыра алды. Менің жергілікті кітапхана туралы бірнеше сұрақтарыма жауап берген Г. Леонтьев оның саяси жер аударылғандарды ғана рахатқа бөлеп қоймастан, сонымен бірге, жергілікті тұрғындардың, «тіпті қырғыздардың [қазақтардың] да» танымын кеңейтетінін мәлімдеді... Мен осында Бокль [*Генри Бокль, британ тарихшысы*] Милль [*Джон Милль, британ фэлсафашысы әрі саясаттанушысы*] мен Дрэпперді [*дұрысы, Джон Дрейпер, американ философы және тарихшысы*] оқитын бір ғалым қазақты білемін деді. Джордже ңбегіне сәйкес «Бокльмен Дрэпперді оқитын қарт казак» дей таңданысын жасырмаған студентке Леонтьев «Иә, иә!» деп жауапқатады.

Меноны [Абай] алғаш кезіктіргенде индукциямен де дукцияның айырмашылығын түсіндіріп беруімді сұрап мені қатты таңдандырды, бірақ соңынан оның ағылшын фэлсафашыларын зерттеп жүргенін, аттары аталғандардың орысша аудармаларын оқығандығын білдім. Сонда студент «Сіз оның оқығандарын толық түсінді деп ойлайсыз ба?» деп сұрағанда «Менодан Дрэппердің [*Джон Дрейпер*] «Еуропадағы өркениет тарихы» [*аударма барысында қателік орын алған, дұрысы, «Еуропаның ақыл – ой дамуының тарихы»*] бойынша екі күн бойы емтихан алдым және үлкен таным иесін кезіктіргенімді ашық мойындауға тиіспін» [24].

Жоғарыдан Петербург университетінің түлегі, жоғары білімді Г. Леонтьевтің сөздеріне сәйкес сол жылдары Абайдың күрделі ойлы, ағылшын фэлсафашыларын зерттеу мен айналысқандығына көз жеткіземіз. Абайдың жекелеген сұрақтарына саяси айдаудағылардың жауап бергендігін, тиісінше пікір алмасулары арқылы қос тараптың бірін-бірі байыта түскендіктері анық. Оған Северин Гросс қызметі мысал бола алады. Семейдегі губерниялық статистикалық комитетінде қызмет жасап жүрген С. Гросспен оның серігі Александр Блэкті Джордж Кеннан Үлбіде кезіктіреді. Өз көрген білгендерін Кеннанең бегінде сөз еткен: «Үлбіде өзге саяси айдаудағылармен бірге Саратовтық заңгер-студент Александр Блэк, Апполон Карелин, шығу тегі ковналық заңгер-студент Северин Гросс және Варшавалық доктор Витерто болды» [25]. «...Арада бір сағат өтпестен саяси жер аударылғандар Блэкпен Гросс маған келді, – деп жалғастырады Дж. Кенан, – С. Гросс – келбетті қою қоңыр түсті мұртымен сақалы бар, көк көзді, дұрыс біткен келісті жүзді жасы

отыздар шамасындағы ер адам. Ол қызықты әрі жанды сөйлейтін, даусы жағымды әрі жұмсақ еді, әңгіме барысында оны қандайда бір жәйт қызықтырса көзін кеңірек ашатын әдеті бар. Екеуіде университет курсың тәмамдаған, француз және неміс тілдерінде сөйлейтін... Екеуіде саяси экономикаға ерекше қызығады екен, тұтас алғанда екеуің-де ғалымдарға теңеуге болатындай» [26].

Ресми түрде Гросс Леонтьев және Блэкпен бірге губернияның статистикалық комитетінде жұмыс жасағанымен, одан өзге уездік судья Павел Маковецкий аталған үштікті жүргізіліп жатқан істер бойынша қазақтың дәстүрлі құқығын зерттеуге жұмылдырды. Өзі заңгер болғандықтан Гросс қазақтың дәстүрлі құқығын зерттеуге құлшына кірісті. С. Гроссқа дейін қазақтың дәстүрлі құқығына қатысты бірнеше еңбектер басылғанымен тарих пен байланыстырылып кешенді жасалған зерттеулер жоққа тәнелді. Уездік судьяның кеңсесінде қызмет жасай жүріп С. Гросс, соңынан Омбыда басылған «Қырғыздардың [қазақтардың] заң жөніндегі әдет-ғұрпын үйренуге арналған материалдар» еңбегін даярлады. Мұқабасында материалдар П. Маковецкий редакциясымен даярланғандығы берілгенімен еңбек авторы көрсетілмеген [27]. Бұл жағдай ең алдымен материалдар әкімшіліктің шешімімен әзірленгендіктен онда «саяси қылмыскердің» есімі тұруы мүмкін еместігі мен түсіндірілсе керек. Дегенмен, зерттеушілердің басым бөлігі материалдардың авторы Северин Гросс болғандығын еш күмәнсіз растайды.

С.Гросс қазақтың дәстүрлі құқығын оның тарихи дамуын егізінде зерттеуге бел буады. Ол жекелеген құқық институттарының ежелден қалыптасуын назарға ала отырып, оларға орыс заңнамасының алып келген өзгерістерін анықтауды мақсат етіп қойды. Мұндай әдіс табысты болып Гросстың еңбегі замандастары тарапынан әділ де жоғары бағасыналды. ХІХғ. Соңындағы қазақтың дәстүрлі құқығымен айналысқан танымал зерттеушісінің бірі, Түркістан генерал-губернаторлығына басшылық еткен Н. И. Гродеков өзінің 1889 жылы жарық көрген «Киргизы и кара киргизы Сыр-Дариньской области. Том I. Юридический быт» атты еңбегінің алғы сөзінде С. Гросстың жасаған зерттеулеріне төмендегідей жоғары баға берген: «Қазақтардың дәстүрлі құқығы бойынша соңғы зерттеу еңбектерінің бірін Семей облыстық статистика комитеті даярлап, Омбы қаласында 1886 жылы «Қырғыздардың заң жөніндегі әдет-ғұрпын үйренуге арналған материалдар (Материалдық құқық)» аты мен жарыққа шығарды. Бұл еңбекті даярлаған статистикалық комитеттің мүшесі Павел Маковецкиймен билердің нақты шешімдерін зерттеу мақсатында қазақ даласында жүргізілген ауызша сұраулар әдісімен толықтырылған әрі өңделген. П. Маковецкий еңбегі қазақтардың дәстүрлі құқықтары бойынша көлемді еңбек болып табылып, онда салт-дәстүрлердің шығу тарихы, шарифатпен орыс заңдарының ықпалы берілген, сонымен қатар кітапта салт-дәстүрлердің өңірлермен нақты жағдайлар бойынша нұсқалары жинақталынып, сарапталынып, түсіндірмелер жасалынған» [28].

Ескі еңбектермен түрлі авторлар деректеріне сараптама жасай отырып, шын мәнінде еңбектің Северин Гросс қолымен жазылғанына көз жеткізу қиын емес. Бұл қорытындыға келуге төмендегідей негіздер бар:

1. С. Гросстың үлгілі мұсылман, шариғатпен орыс заңдарының білгірі Абай Құнанбайұлымен достық байланыста болып, тиісінше Абайдың оған аталған зерттеу жұмысында көмек қолын созған. Дәлелін Ғ. Сапарғалиевпен В. Дьяковтың еңбегінен таба аламыз: «Онымен [Абай Құнанбайұлы] Гроссдостық қарым-қатынас орнатты. Оған қоса деректер көрсеткендей Гросс Абай ауылы – Шыңғыс болысына барып, онда бір айдай уақыт өткізген» [29];

2. «С.Гросс «Қырғыздардың заң жөніндегі әдет-ғұрпын үйренуге арналған материалдар» еңбегін жазу барысында Семей уезіндегі Шыңғыс болысына баруға рұқсатталғаны жөнінде мұрағат материалдары сақталған. Ол жоғарыда аталған жұмысқа деректер жинау мақсатында қазақтың әдет-ғұрып заңнамасын Абай мен қарым-қатынас жасап, кеңесіп отырған» деген Ләйлә Мұхтарқызы Әуезованың берген мәліметі [30] бұл пікірдің дұрыстығын тағыда бір рет қуаттай түседі;

3. Жұмысы қауырт әрі негізгі уақытын Семей қаласында өткізген П. Маковецкийдің кешенді зерттеу еңбегін жазумен айналысуы екі талай еді. Қалай болғанда да бұл мәселенің түп-төркіні ашық күйінде қалып, одан арғы кешенді тарихи зерттеуді қажет етеді.

Северин Гросс өзінің жаза мерзімін өтеп болған соң, 1887 ж. қаңтарында бақылаудан алынып, Семейден Ковно қаласына аттанып кетеді. Осылайша, поляк ұлтының перзенті қазақ жерінде өз өмірінің бес жылын өткізеді.

Абай Құнанбайұлы мен Северин Гросс байланыстарын сараптай келе оның қос тұлға үшін де ізсіз өтпегендігін аңғарамыз. Егер де Северин Абайды батыс мәдениеті мен ғылымына еліктірсе, Абай өз досын Шығыспен, оның ішінде туған халқының тарихымен және мәдениетімен таныстырып, тілі мен дәстүріне баурағаны анық.

Әдебиеттер

1. Бадовски Р. Польские певцы Казахстана. – Алматы: МКА, 2005.
2. 1820-1821 жылдары әрекет еткен Вилен университеті студенттерінің астыртын патриоттық бірлестігі.
3. Сапарғалиев Г.С., Дьяков В.А. Общественно-политическая деятельность ссыльных поляков в дореволюционном Казахстане. – Алматы: Наука, 1971. – С. 57.
4. Қазақстан Республикасының Орталық мемлекеттік мұрағаты (ҚРОММ). И-374-қ. 1-т. 1023-іс. 9-10-пп.
5. Макшеев А.И. Исторический обзор Туркестана и наступательного движения в него русских. – Санкт-Петербург, 1890. – С. 188-203.
6. Адольф Янушкевич. Дневники и письма из путешествия по казахским степям. – Алматы: МКА, 2005. – С. 18.
7. Januskiewicz A. Żywot, i Listy ze Stepów Kirgizkich. – Berlin, Ksiegarnia B. Behr'a, 1875.
8. Дневники и письма из путешествия по казахским степям. Перевод с польского на русский язык Ф. Стекловой. – Алма-Ата: Казахстан, 1966.
9. ҚРОММ. И-374-қ. 1-т. 4488-іс. 396-397-пп.

10. Янушкевич А. Дневники и письма из путешествия по казахским степям. – Алматы: МКА, 2005. – С. 49
11. Сонда. 57-58, 88-89 бетте
12. Сонда. 107 б.
13. Сонда. 164 б.
14. Сонда. 165 б.
14. Сонда
15. Сонда. 193 б.
16. Сапаргалиев Г.С., Дьяков В. А. Общественно-политическая деятельность ссыльных поляков в дореволюционном Казахстане. – Алматы: Наука, 1971. – С.192
17. Сонда. 12 б.
18. Сонда. 16 б.
19. Сонда. 217 б.
20. Сонда. 219 б.
21. Джордж Кеннан. Сибирь и ссылка. – Санкт-Петербург, 1906. – С. 82.
22. Галиев В.З Библиотечное дело в Казахстане. Вторая половина XIX – начало XX веков. – Алматы, 1998. – С. 48.
23. Сонда. 49 б.
24. Джордж Кеннан. Сибирь и ссылка. – Санкт-Петербург, 1906. – С. 83-84, 101-102.
25. Сонда. 119 б.
26. Сонда. 120 б.
27. Сапаргалиев Г.С., Дьяков В.А. Общественно-политическая деятельность ссыльных поляков в дореволюционном Казахстане. – Алматы: Наука, 1971. – С. 220.
28. Гродеков Н.И. Киргизы и каракиргизы Сыр-Дарьинской области. – Ташкент, 1889. – С. 4.
29. Сапаргалиев Г.С., Дьяков В.А. Общественно-политическая деятельность ссыльных поляков в дореволюционном Казахстане. – Алматы: Наука, 1971. – С. 219
30. Толығырақ қараңыз: Ауезова Л.Н. Исторические основы эпопеи «Путь Абая». – Алматы, 1969.

1-СЕКЦИЯ: XIX ҒАСЫРДАҒЫ ҚАЗАҚСТАННЫҢ ӘЛЕУМЕТТІК-ЭКОНОМИКАЛЫҚ ЖӘНЕ ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ ЖАҒДАЙЫ ЖӘНЕ ҚҰНАНБАЙ ТҰЛҒАСЫ

СЕКЦИЯ 1: СОЦИАЛЬНО-ЭКОНОМИЧЕСКОЕ И ОБЩЕСТВЕННО-ПОЛИТИЧЕСКОЕ ПОЛОЖЕНИЕ КАЗАХСТАНА В XIX ВЕКЕ И ЛИЧНОСТЬ КУНАНБАЯ

ҒТАХР: 17.82.09

М.ӘУЕЗОВТИҢ «АБАЙ ЖОЛЫ» РОМАН-ЭПОПЕЯСЫНДАҒЫ ҚҰНАНБАЙ ТҰЛҒАСЫНЫҢ СОМДАЛУЫ

Тлебалдина Н., п.ғ.к.

Alikhan Bokeikhan University ББМ
(ҚР, Семей қ.)

Заманымыздың заңғар жазушысы М.Әуезовтің «Абай жолы» роман-эпопеясында қырық жастағы Құнанбай бейнесі сипатталып беріледі.

Роман-эпопея қаладан қайтқан Абайдың әке алдына барып сәлемдесуіндегі әке мен бала арасындағы салқындықтан басталады. Қодар мен Қамқа өліміне байланысты Абайдың әкесіне деген сезімі, Кәмшаттың трагедиялық өлімі, Құнанбайдың Бөжейлерге, халыққа жасаған озбырлығы, бірінші кітаптың соңында әке мен бала арасындағы диалог, т.б оқиғалар суреттеледі.

Қазақ халқының ортасында болып, қазақтың тарихы, мәдениеті, этнографиясын зерттеушісі болған поляк жазушысы А. Янушкевич Құнанбайдың мінез ерекшеліктерін 1846 жылдары экспедицияда жүрген кезінде зерделеп, Құнанбай бейнесін алғаш қағаз бетіне түсірген.

«Құнанбай сөйлеу үшін жаратылған машина ғана емес, ол тек бұрамағанда ғана тоқтайтын сағат дерсің. Төсектен тұрысымен-ақ сөйлей бастайды, содан көзі ұйқыға кеткенше толассыз сөйлеп береді. Минут сайын ақыл сұрап қазақтар оған келіп жатады. Қос қолын мықынына таянып, екі-үш сөзден кейін-ақ шарифаттан үзінді келтіріп, ол абызша сұңқылдап кетеді. Оның жадында сақтау қабілеті таң қаларлық, үкіметтің барлық указдары мен жарлықтарын кітаптан оқып отырған адамша жатқа айтады» [1, 188], – деп сипаттауынан Құнанбайдың көзі ашық, көкірегі ояу, ақыл-парасаты жоғары адам болғанының айғағы.

Романда Құнанбай бейнесі өткен ғасырдағы қазақ қоғамына тән салт пен сананың қорғаны ретінде көрсетіледі. Құнанбай – бір рудың қорғаны емес, рулық-феодалдық көне дәуір қалыптастырған құндылықтарды сақтаушы ірі тұлға.

Эпопеяда Құнанбай мен туысы Бөжейдің арасындағы кикілжін баяндалады. Эпопеяда Бөжейдің Құнанбайға қатты кектенетін кезі атасы Кеңгірбайдың бейіті тұрған жердегі Жидебайды, өзі отырған Тоқпанбет

қыстауын тартып алуы басты себеп болады. Ал өмір шындығында Құнанбай Бөжей ауылына 500-дей адаммен барып, 250 жылқысын айдап әкетіп, шұрайлы жерлерін тартып алады екен. Құнанбайдың 1846 жылы Бөжейді соққыға жығуы да тарихи шындық болып саналады.

Эпопеяда Құнанбай Бөжей ауылына барып күш көрсеткенде, оны атпақшы болып, қораның ішінде Бөжей мен Байдалының арасынан ентелеп, сирақты мылтығын көтереген Дәркембай болып суреттеледі.

Ал филология ғылымдарының докторы, абайтанушы, мұхтартанушы ғалым Т. Жұртбайдың «Құнанбай» атты ғылыми еңбегінде Құнанбайды атпақшы болған Әлжан деген адам болғанын айтады.

Эпопеяда осы болған оқиғаға қатысты Бөжейлер тобы Құнанбайдың үстінен арыз айтқалы дуанға Қарқаралыға барады. Екі жақты бір бітімге шақырып, бала ауысып, иістерің аралассын деген мақсатпен оларды Алшынбай мен Баймұрын табыстырады делінеді. Ал өмірде оларды татуластырған Аякөз округінің аға сұлтаны Барақ Солтабаев екенін архив деректері растаған болып табылады.

Бөжейге берген Кәмшаттың жайын аналары Абайдан естіп, Зере ана қатты ашуға беріледі.

Эпопеяда оны былай суреттейді: «Құнанбай шешесінің ажарын сезді де, жуаси түсті. Көзі де шеше көзінен тайқып кетті.... Қайтейін?... Мен қайтейін?... Тіпті жазықты болсам, мен жазықты шығармын. Бесіктен шығарып, адам ұлы деп, соның бауырына берген балам жазықты ма еді? Қатын-қалаш, ауыл-аймағына тым құрыса соны ұғындыра алмаса, Бөжейдің аяқтағы суға ағып өлгені ғой!» [2,48], – деп кінәдан арылғандай болады.

Эпопеяда өз дәуірінің ел билеушілік айла-амалын толық білетін, сөзге жүйрік, қарсыластарына шешендігімен төтеп бере алатын Құнанбай романда кедей Қодарды шарифат жолымен жазалатуы, ол үкімді елдегі атқа мінерлердің атынан шығаруы, талай қоныс, жайылымдарды тартып алуы оның аса қаталдығы арқылы жүзеге асып отырылады.

Мысалы, Құнанбай ескі салтты, діни қағиданы ұстанушы адам ретінде Қодар мен Қамқа оқиғасында ерекше суреттеледі.

Өмірде Қодар мен Қамқа оқиғасы 1853 жылдың көктемінде болған. Ол кезде Абайдың жасы сегізде. Бұл оқиғаға байланысты айыпты шығаруға қаладағы Ахмет Риза хазіреттің шарифат жолы деп айтқан кесігі яғни, Қодар мен Қамқаны дарға асу екенін жеткізеді. Құнанбай бұл іске қатысты «Қазақ айтқан жол жоқ. Кесігін де айтыпты» деп өзін ғана емес, бүкіл халықты осы сұмдық үкімнен арашалап алады.

Құнанбайдың бұл өкімді шығаруға себепші болған Солтабай төренің «Шыңғыстың бөктеріндегі шашты сайтаныңды сен де тыйсаңшы!», – деген сөзі әсер етеді.

Құнанбай аға сұлтан болып тұрған кезінде заңсыз әрекеттеріне байланысты істі болатыны айтылады. Эпопеяда Майырға тоңып отырмын деп от жақтырып, оны мас қылдырып, қолын артына қайырып, өз үстінен қозғалған істі өртетіп, өзіне қатысты істі жаптырып, аға сұлтандықтан түскенімен

Майбасардың орнына тобықтының старшыны болып қайтуында Құнанбайдың тағы бір ерекшелігі көрінеді.

Өмірде Құнанбай Омбыда осы іспен бір жылдан артық уақыт болған. Шоқанның әкесі Шыңғыс Уалихановтың кепілдігімен босатылады.

Б.Мұздыбаевтың «Абай және оның заманы» еңбегінде Құнанбайдың істі болуы туралы 21 том қағаз жиналғанын, қазірде сол қағаздың екі томы көлемі 1000 беттей архив сақталып тұрғаны туралы жазады.

Шығармада Құнанбайдың мырзалығы, шешендігін Құнанбаймен араздасып жүрген Бөжей, Байдалы, Қаратай, Байсалдар мойындайды. Романда оны былай береді: «Жә, өзіміз көргенде мырза кім? дегенге келеді... Қаратай: «Мырза – Құнанбай» – деді. Тағы біраздан соң ол жиын: «Шешен кім?» – деді. Тағы Қаратай жауап беріп, «Шешен – Құнанбай» – деді... «Жақсы кім?» десті. Әлгі Қаратай және жауап беріп: «Жақсы – Құнанбай» – деді. Байсалдың: «Уай, Көкше, не оттап отырсың өзің? Мырза Құнанбай екен, шешен Құнанбай екен, жақсы Құнанбай екен! Ендеше не көкіп алысып жүрміз онымен!» – дегенде қатарластарынан сөзге жүйрік Қаратай: «Уәй, тәңірі-ай, мен Құнанбайдың өзге жағынан мін тауып алысып жүрмін бе? Жалғыз-ақ, «не қылайыны» жоқ қой, сондықтан кетіп жүргем жоқ па?», – деуі Құнанбай бейнесін тағы бір қырынан ашады [2, 217].

Қорытындылай келе, сексен екі жас өмір кешкен Құнанбай зерек, шешен, озық ойлы, ақыл мен парасаттылығымен ел билеп, халқының құрметіне бөленген тарихи кесек тұлға.

Әдебиеттер

1. Янушкевич А. Күнделіктер мен хаттар. – Алматы: Жалын, 1979.
2. Әуезов М. Жиырма томдық шығармалар жинағы. 20 т. – Алматы: Жазушы, 1985. – 249 б.

ҒТАХР: 17.71.07

КӨРКЕМ ӘДЕБИЕТТЕГІ ИНТЕРМӘТІНДІЛІК (Құнанбай Өскенбайұлы бейнесі негізінде)

Смагулова А., Касымова А., Аубакирова К.

«Семей қаласының Шәкәрім атындағы университеті» КеАҚ
«Абай және ұлттық руханият» ҒЗО
(ҚР, Семей қ.)

Интермәтінділік – мәтіндердің бір-бірімен өзара байланысын зерттейтін әдебиеттанудағы маңызды ұғымдардың бірі. Бұл ұғымды алғаш рет Юлия Кристева 1967 жылы енгізген. Кристева мәтіндерді тек қана өз алдына тұратын құрылым ретінде қарастырмай, басқа мәтіндермен диалог жүргізетін, өзара байланысқа түсетін элемент ретінде қарау қажет деген тұжырымды басшылық негізге алған. Интермәтінділік қазақ әдебиетінде де кеңінен көрініс тауып,

әдебиеттің мазмұнын байытып, шығармалардың күрделі және көпқырлы болуына ықпал етуде. Мысалы бір ғана Абай бейнесіне қатысты алаш қайраткерлерінің Абай туралы жазған мақалалары, эсселері, 1940 жылы жарық көрген М. Әуезовтің «Абай жолы» роман-эпопеясы, XX ғасырдағы қазақ ақындарының арнау жырлары, диалогтары, драмалық шығармалар, кинотуындылар т.б. Аталған шығармалардың барлығында дерлік бас кейіпкер ретінде тарихи Абай Құнанбайұлының көркем бейнесі сомдалған. Алайда, әр шығарма Абайды әр қырынан, жаңа қырынан сомдап, бір-бірін қайталамайтын, бір-бірінен ерекшенетін жаңа шығармалар легін қалыптастыруда. Яғни, күллі рухани таным жүйесін бір бейненің әр түрлі формада, әр түрлі мазмұнда өнер туындыларында көрініс табуы негізінде қалыптасатын байланысты интермәтінділік деп атаймыз. Қазіргі қазақ әдебиетіндегі интермәтінділікке қатысты пікір білдірген, қазақ фольклорындағы интермәтінділікті талдаған Жанат Әскербекқызы. Ж. Әскербекқызы: «Интермәтінділік – мәтіндердің бір-біріне анық және анық емес түрде сілтеме жасайтын, өзара байланысынан туындайтын, ортақ сипатын айғақтайтын термин, «мәтінаралық диалог» – деген анықтама береді.

Әлем әдебиетінде интермәтінділік ұғымы кеңінен қолданылады және ол әр түрлі мәдениеттер мен дәуірлер арасындағы байланыстарды көрсетеді. Мысалы, Джеймс Джойстың «Улисс» (1922) романы Гомердің «Одиссея» эпосының сюжеті мен құрылымына негізделген. Джойс бұл эпостың элементтерін заманауи Дублиннің бір күндік оқиғаларына енгізіп, әртүрлі әдеби және мифологиялық аллюзиялар арқылы күрделі интермәтіндік шығарма жасады. Одиссей бір алдардан екінші аралға түсу арқылы адамның түрлі сезім-күйлерінің өзгеріс реңдерін суреттейтін, адам хәлінің сипатын ашатын шығарма ретінде аса құнды бағаланса, дәл осы стилді Джойс бір қаланың ішінде 7 түрлі жерге барып, түрлі күйді сезінетін кейіпкер арқылы суреттеп шығады. Бұл сюжет жалпы адам ғұмырының тұтас сезім параметрларын анық суреттейтін және түсіндіретін күрделі психологиялық-философиялық шығарма ретінде бағаланады. Габриэль Гарсия Маркестің «Жүз жылдық жалғыздық» (1967) романында да латынамерикалық мифтер мен аңыздар желісі, элементтері қолданылады.

Интермәтінділік ұғымы түрік әдебиетінде жақсы зерттелген. Мысалы, Орхан Памуктың «Менің атым Қырмызы» шығармасындағы символдық бекнлер, Элиф Шафактың «Махаббаттың 40 ережесі» романында суфизм поэзиясы мен Руми философиясының әсерлі ойлары, тарихи сюжеттер шығарманың өн-бойында көрініп тұрады. Ахмет Хамди Танпынардың «Сағаттарды реттеу институты» романында осман мәдениеті мен әдебиетінің элементтері қазіргі заманғы еуропалық философиялық және әдеби идеялармен араласып көрінеді. Танпынар интермәтінділікті белсенді қолдана отырып, Осман империясынан қазіргі Түркияға өту кезеңін сипаттайды. Назым Хикмет, Латифе Текин сынды жазушылар да өз шығармашылығында интермәтінділікті тиімді пайдаланады. Қазақ әдебиетінде бұл тәсіл Абай, Кенесары, Құнанбай, Зере, Жошы сынды тарихи тұлғалар бейнесін сомдауға байланысты жиірек қолданылады. Мысалы, бір ғана Құнанбай бейнесіне қатысты М.Әуезов

сомдаған Құнанбай мен Б.Сапаралы жазып шыққан Құнанбай бейнесі, Т.Жұртбай жазған Құнанбай мен сценариін Т.Әсемқұл жазған Құнанбай бейнесі бар. Жанрлық ерекшеліктерге байланысты образ формасын да, мазмұнын да өзгертуі мүмкін. Бірақ, қазақ әдебиетіндегі Құнанбай бейнесі негізінен тарихи тұлғалық болмысынан қатты алшақтап кеткен деп айта алмаймыз. Әсіресе, тәуелсіздік алғаннан кейінгі жылдары жарық көрген туындылардың барлығы дерлік Құнанбайды аға сұлтан, парасат иесі ретінде мінезді, ақылды, көреген, батыр, қайраткер және тақуа ретінде суреттейді. Ал, цензура салдарынан түрлі метамарфозаға ұшыраған Құнанбайдың күрделі бейнесі М. Әуезовтің «Абай жолы» роман эпопеясында көрініс табады.

Интермәтінділік үрдісі әр түрлі формада көрінеді. Басқа мәтіндерге тікелей сілтеме жасау, аллюзиялар, цитаталар, пародиялар немесе басқа мәтіндердің элементтерін пайдалану сынды алуан түрлі тәсілдер арқылы жүзеге асады. Мысалы, бір шығарма басқа бір шығарманың кейіпкерлерін, сюжеттік желісін немесе стилистикалық элементтерін қолдануы мүмкін немес керісінше, белгілі бір фразеологизмдерді, терминдерді, ұғымдар мен символдарды да пайдалануы мүмкін. Сондай-ақ, интермәтінділік әдебиетте, кинода, музыкада және басқа да өнер түрлерінде жиі кездеседі. Бұл үрдіс шығармашылық процеске жаңа мағына, кеңістік пен көзқарас үстеуі мүмкін. Интермәтінділік арқылы авторлар өз идеяларын басқа авторлардың идеяларымен салыстырып, жаңа контекстте көрсетіп, оқырмандар мен көрермендерге тереңірек мағына мен тәжірибе ұсыну мақсатында да пайдаланады.

Интермәтінділіктің негізгі аспектілері

1. Цитаталау және қарыз алу

Цитата немесе сөз барымтасы – бұл басқа мәтіндердің сөз тіркесін, сөйлемін немесе тұтас бөлігін алу. Мұнда автор түпнұсқа көзді анық көрсетуі мүмкін немесе оны жасырын түрде пайдаланады. Мысалы, қазақ жазушыларының көптеген шығармаларында Абай Құнанбайұлының өлеңдерінен немесе нақыл сөздерінен цитата кездестіруге болады.

2. Аллюзия мен ишара

Аллюзия – белгілі оқиғаларға, кейіпкерлерге, мифтерге немесе шығармаларға жасалған сілтемелер. Бұл сілтемелерді түсіну үшін оқырманның мәдени және тарихи контекстерді білуі қажет. Қазақ әдебиетінде көптеген шығармаларда тарихи тұлғаларға немесе ұлттық мифтерге сілтемелер жиі кездеседі.

3. Пародия және ирония

Пародия және ирония интермәтінділік байланыстарды құру үшін қолданылады. Пародия белгілі бір шығарма стиліне немесе сюжетіне еліктеп, оны сынға алу немесе мазақ ету мақсатында қолданылады. Ирония мәтіннің айқын мағынасы мен жасырын мағыналары арасындағы қарама-қайшылық арқылы жүзеге асады. Қазақ прозасында да, поэзиясында да мұндай шығармалар көптеп кездеседі.

4. Реминисценциялар мен мотивтер

Реминисценциялар – басқа шығармалармен тікелей цитаталаусыз байланыс орнататын элементтер. Қайталанатын мотивтер немесе тақырыптар әр түрлі мәтіндер арасында байланыс орнатып, жалпы интермәтін желісін құрайды. Мысалы, қазақ әдебиетінде ұлттық дәстүрлер, тарихи оқиғалар мен мәдени құндылықтар туралы мотивтер.

Қазақ прозасындағы интермәтінділік мысалдары

Қазақ көркем әдебиетіндегі интермәтінділік (Құнанбай бейнесі негізінде)

Қазақ әдебиетіндегі аса күрделі образдардың бірі – Құнанбай бейнесі. Себебі, Құнанбай – бір жағынан тарихи тұлға ретінде нақты дәлелмен ғұмырнамалық жолын баян етсе, екінші жағынан көркем шығармаларда суреттелген көркем бейне. Тарихи шындық пен көркемдік шындықтың арақатынасын, айырмашылығы мен ұқсастығын, көркем бейне ретінде суреттелген бірнеше нұсқасының өзара айырмашылығын тану интермәтінділік тұрғысынан талдау жұмысының негізгі мақсаты. Бір мәтінде бір бөлек, екінші мәтінде мүлдем бөлек сипатта суреттелген бейненің өзгерісіне қандай жағдай себеп болды, оқырман қалай қабылдады деген мәселелер де назардан қалмауы тиіс.

Тарихи шындық негізінде қарасақ, Құнанбай Өскенбайұлы – ел билеген, халқының ықыласы мен құрметіне ие болған тарихи тұлға. Құнанбай сұлтанның қайраткерлігі турасында қазақ жеріне айдалып келген поляк халқының саяхатшысы Адольф Янушкевич былай дейді: «Құнанбай – өңірге аты жайылған адам, қарапайым қазақтың баласы. Ғажайып ақыл-ес және жүйрік тілдің иесі. Іскер, аталастарының игілігі туралы қам жейді, дала заңдары мен Құран қағидаларының жетік білгірі, қазақтарға қатысты ресейлік жарғыларды бес саусағындай біледі, қара қылды қақ жарған би және өнегелі мұсылман. Жұрт пайғамбардай сыйлайды. Одан ақыл сұрауға жас та, кәрі де, кедей де, бай да шалғай ауылдардан келіп жатады. Тобықты руының сеніміне ие болып, болыстыққа сайланған..., әділетсіздік пен дәулеттілердің зорлығына қарсы қалқан болған». Ал Шәкәрім «Шежіресіндегі»: «Қажы марқұм бұл елдің бек надан кезінде туып, шала хат танып қалса да, әкесі Өскенбай биге әр жақтан келген хаттарды оңашаға алып барып, бірін-біріне салыстырып өзінен-өзі оқып, түркі кітапты оқитұғын болыпты. Және ноғай моллаларды сақтап, елсізге үй салғызып, қазақтың балаларын жиып алып, молла менен балаларды сонда сақтап оқытып, бұл жақтағы қазаққа оқу оқытып, хат танытқан – сол қажы марқұм еді», – деген жолдар да Құнанбай сұлтанның заманына сай көзі ашық, көкірегі ояу болғандығын танытады.

«Айқап» журналының 1915 жылғы 6 санында С.Ғаббасовтың «Тарих қазақ жайынан» деген мақаласы жарық көрді. «Марқұм Құнанбай мырза өте ақылды, сабырлы, халық сүйеші, ғылым мағрифатқа құмар, биік дана азамат еді», – деп Құнанбай қажыны есіне алады. Бұл – ХХ ғасыр басында Құнанбайға берілген оң

бағалардың бірі. Құнанбайдың әкесі Өскенбай Кеңгірбайдан кейін Тобықтыға би болған, хат танитын адам. Халық Өскенбайды өте әділ болған деседі. «Ісің ақ болса, Өскенбайға бар» деген аңыз бар. Аңыздың сұлулығы ақиқатында. Осы бір ауыз сөз Өскенбай бабамыздың болмысы мен бітімін айқындап тұрғандай. Ал Құнанбайдың арғы атасы туралы Әлихан Бөкейханның: «Абай әке жағынан алғанда тобықты руының белгілі шонжары мен биінен тарайды. Ақынның бабасы, тобықтының батыр биі Ырғызбай Торғай облысындағы Ырғыз өзенінің бойында XVIII ғасырдың 50 жылдарында дүниеге келген. Ат төбеліндей көсемнің бірі ретінде ол тобықты руын Түркістаннан аса құнарлы жайылымы мол Шыңғыс тауына көшіріп әкеледі», – деген байламы да көп нәрсені аңғартса керек. Тектілік, ол атаның қаны, ананың сүтімен дарып, сүйекке бітетін асыл қасиет екенін қазақ халқы алыстан аңғарды. Тектілік феномені хақында пайымдалған асыл сөздердің астарында терең ой, ғасырлық өмір тәжірибесі, генетикалық ілімге даналық көзқарас жатыр. Қазақ халқындағы «тұлпардың тұяғы, сұңқардың қияғы», «тегінде бар тектілік «тегі мықты», «жақсының көзі», «асылдың сынығы» деген ертеден келе жатқан аталы сөздер соның айқын дәлелі. Тектілік турасында сөз қозғағанда Құнанбай қажының анасы жайында бір ауыз сөз айтып өтпеу тарихқа қиянат болар. Ел аузында Зере ана ақылды, тақуа, адал жан ретінде сақталған. Зере жайында М.Әуезов былай дейді: «Құнанбай – Зереден туған баласы, Құнанбаймен бірге туған Құттымұқамбет деген інісі, Тайбала деген апасы болған. Құттымұқамбет жас кезінде өлген. Сонымен Құнанбай бидің жалғыз есептелген.

Құнанбай Өскенбайұлы туралы тарихи шындық осындай алуан түрлі деректермен дәйектелсе, көлемі жағынан да, мазмұны жағынан да толыққанды суреттелген көркем бейне М.Әуезовтің «Абай жолы» шығармасындағы аға сұлтан Құнанбай бейнесі. Бұл – Әуезовтің Құнанбайы. Кеменгер жазушы мәжбүрлікпен Абайды сақтап қалуы үшін барғаны аз айтылған жоқ. «Абайдың руы тобықты. Әкесі Құнанбай сол тобықтының рубасы, шонжары, шешені болған. Құнанбай шешендікпен бірге әкімшілікке ие болып, жұртқа өкіммен атағын шығарған, ол аға-сұлтандардың атағына ие болады. Ол ескі рушылдық, феодалдық дәстүрді мақтап сақтаушы, ислам шарифатын сыртқа уағыздаушы ескішіл адам ретінде суреттелген. Қазақ арасынан ең алғаш Меккеге барып, қажылық құрған – осы Құнанбай. Абай өзінің балалық шағын осындай қатыгез әкенің қолында, сол билеген сүреңсіз ауылда өткізді. Әке тарапынан мейірімділік көрмеген Абай, шеше тарапынан мейірімділік тапты», – осы іспеттес бағалаулар «Абай жолы» шығармасындағы Құнанбайды тарихи шындыққа жанаса отырып, әсіре қатігез кейіпкерге айналдырады. «Абай жолы» эпопеясындағы Құнанбай бейнесі тарихи шандықтан аса қатты алшақтамаған, бір қарағанда тарихи шығарма кейіпкеріндей дәлме-дәл суреттеуге сеніп те қалуға болады. Алайда, романда суреттелеген Құнанбайдың бойындағы қатаң мінез бен қаттылық шынайы тарихқа сай келмейді. Себебі, тарихи деректерге сүйенер болсақ, Құнанбайдың қатыгездігі әділдігінен артық емес. Ескішілдігі мен суық мінезді әкенің болмысы өз ұлтына деген адал махаббатпен өріліп, қатал тәртіппен бекігенін тарихи деректерді анық қараған адамға бірден көрінеді.

Құнанбайдың шөбересі Ахат Шәкәрімұлы: «Біз Құнанбайды жамандап жастардың құлағына сіңіріп тастадық. Енді ол Құнанбай жақсы бола алмайды деу де қате. Егер Құнанбай шын жақсы болған болса, оны кейінгілер, осы күнгі жастар еріксіз тауып алады. Тарих оларға еріксіз тауып береді. Асыл еш уақыта жойылып кетпейді. Көмілгенмен шірімейді. Сол асылды жамандаған біз шіріміз», – деп жазған болатын.

Құнанбай бейнесін көркем сөзбен суреттеген шығармалардың енді бірі – Бейбіт Сапаралының «Құнанбай қажы» атты көлемді зерттеу еңбегі. Бұл еңбекте тарихи деректер негізінде суреттелеген Құнанбай бейнесінің діни қайраткерлігі, тақуалығы, адам мен Құдай арасындағы қарым-қатынасқа қатысты тұжырымдары талданған. Аталған еңбектегі Құнанбай тақуа, мұсылмандық антына берік, дін білгірі ретінде жаңа қырынан суреттеледі. Егер М.Әуезов жазған Құнанбай ел билеуші, көсем, ақыл-парасат иесі ретінде ерекше суреттелген болса, Б.Сапаралының Құнанбайы – қажы, дін жолында берік жүрген мұсылман үлгісі ретінде көбірек суреттеледі. Ал, белгілі ғалым, алаштанушы, филология ғылымдарының докторы, профессор Тұрсын Жұртбайдың «Құнанбай» еңбегі Құнанбайдың тарихи шындық және көркемдік шешім арақатынасын сараптаған зерттеу еңбегі. Құнанбайға қатысты тарихи деректер мен «Абай жолы» роман-эпопеясының қай жерінде М.Әуезов әсіре әспеттеп я кем қылды, қай дерек шынайы мәліметке кереғар екенін анық дәлел қылған зерттеу еңбегі. Бірақ, тек қана зерттеу еңбегі емес, жазушы, әдебиеттанушы, ғалым Тұрсын Жұртбайдың көзқарасындағы Құнанбай бейнесінің болмысы суреттелген аса құнды шығарма.

Аталған еңбектерден бөлек, Құнанбай Өскенбайұлына қатысты М.Айтқожа, А.Кәріпжан, Т.Жанғалиев сынды көптеген ақындардың поэтикалық шығармалары да бар. Әр ақын өз шығармасында өз көзқарасы негізінде Құнанбайды жырға қосқан. Бірі үшін қатыгез, қатал Құнанбай, енді бірі үшін әділетті һәм батыр ел көсемі, шешен.

«Айдатқан да Құнанбай,

Байлатқан да Құнанбай» деп басталатын Т.Жанғалиевтың жырындағы Құнанбай бейнесі тарихи шындыққа негізделген, ұлы Абайдың әкесі ретінде мадақталса, енді бір поэтикалық шығармаларда оның діни қайраткерлігі, тақуалығы үлгі ретінде насихатталады. Ал, айтыс өлеңдерінде:

«Тектілік үлігісіндей Зере әжеміз,
Құнанбайды дәретсіз емізбеген.
Атаның бойындағы тазалықтан,
Абай туды тектілік негізбенен» –

деп жырлаған Мұхамеджан Тазабек Құнанбайды бірде аға сұлтан бейнесіндігі әділетті, өр мінезді ақыл-парасат иесі ретінде суреттейді.

Қорыта айтқанда, қазақ әдебиетінде бір ғана Құнанбайға арналған немесе Құнанбайды бас кейіпкеріне айналдырған бірнеше шығарма бар. Барлығы дерлік тарихи дерекке негізделген шығарма десек те, әр шығарманың, әр шығармадағы

әр Құнанбайдың болмысы ерек. Бірі әділетті, бірі қатал, енді бірі тақуа Құнанбай. Алайда, осы Құнанбайлардың барлығы бірігіп, түптеп келгенде, аса күрделі тарихи тұлға Құнанбай бейнесін суреттейтін көркем шығармалар. Әр шығармада Құнанбай қажының бір қыры, бір сипаты, бір қасиеті я мінезі баса суреттеліп, ерекше болмыспен астасады. Сондықтан, әдебиетте бір тұлғаға арналған 10 шығарма жазылса да, қайталау болмайды. Себебі, әр шығарма бір кейіпкердің бір болмысын ашу арқылы жалпыдан жалқыға өтеді, күрмеуі қиын күрделі түйінді шешеді. Адам дейтін аса күрделі жаратылыс иесінің болмысын танытуға тырысады. Сондықтан, интермәтінділік тәсілімен жасалатын бір кейіпкер негізінде жазылатын бірнеше шығарманың болу көркем әдебиетті жай ғана шығарма санымен байытып қоймайды, керісінше күрделі болмысты танытуда ерекше септігін тигіліп, саралап, даралап, адам болмысын танытуға қызмет етеді.

ҒТАХР: 13.13.61

ҰЛЫЛАР МЕКЕНІ: АҚШОҚЫ, ҚАСҚАБҰЛАҚ, БӨРІЛІ

Мұқатаева С.А.

М. О. Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институты

«Әуезов үйі» ғылыми-мәдени орталығы

(ҚР, Алматы қ.)

Қазақстан Республикасы Ұлттық ғылым академиясының Орталық ғылыми кітапханасы қорындағы №1913-істе, Абай өмірбаянына жазған қолжазбасында Мұхтар Әуезов Құнанбай тұлғасында қатысты төмендегідей деректерді келтірген.

«...Абайдың өз әкесі Құнанбай, оның әкесі Өскенбай, үшінші атасы Ырғызбай болсын – барлығы да ру ішіне үлкен үстемдік жүргізген адамдар. Осылардың нәсілінен шыққан Абайдың қоғамдық орны, тіршілігі, өмірлік әрекеттері де сол ата салтымен, ескі сарынмен қалыптасады. Сондықтан болашақ ақын Абайдың өмір жайын анық түсіну үшін, әуелі, мәлім болған дәрежеде бұның алдындағы буындардың да жай-күйін айта кету шарт...» [1, 15].

Бұдан бұрын атақты Адольф Янушкевич: «Қазақ даласына жасалған саяхат туралы жазбаларында» Құнанбай бидің дала өңіріне аты кең жайылған адам екенін, табиғат оған кесек ақыл, ғажайып ес және жүйрік тіл беріп, дала заңдары мен құран қағидаларының жетік білгірі болғанын, қазақтарға қатысты россиялық уставтарды бес саусағындай білетінін, қара қылды қақ жарған би және өнегелі мұсылмандығын, одан ақыл сұрауға жас та, кәрі де, бай да шалғай жатқан ауылдан келіп жататынын сипаттап, жоғары баға берген.

Белгілі құнанбайтанушы ғалым Бейбіт Сапаралы: «Дін жолын бекем ұстауды үлгі етем деп, аға сұлтан боп тұрған күнінде Қарқаралы қаласында мешіт салдырған. Кейін 70 жас шамасында әмір биліктен әдейі тоқталып, ада боп шығып, Мекеге барады. Мекеде қазақ адамдары түсіп жүрсін деп – өсиет етіп, өз пұлына «Тәкия» деген салдырып кетеді. Өз уақытында Орта Жүз қазақтарының

ішінен шойын жол жоқ заманда, қияндағы Мекеге барушының ең алды осы Құнанбай болса керек. Бертін келе, Мекеге барушы қазақ әр рудан көбейген уақытта, әрбір барушы Мекеден Құнанбай атына қанық боп қайтатын. Осының өзі де кейін Құнанбай өлген соң, оның атағын ерекше даңқты етуге себеп болған», – деп жазады [2, 15].

Ал алаштанушы, абайтанушы, мұхтартанушы ғалым Тұрсын Жұртбай Құнанбай Өскенбайұлы хақында: «Қазақ тарихындағы дәстүрлі билік заңына жаңа жөн-жоба қосқан көрнекті қоғам қайраткері. Старшын, болыс, би, аға сұлтан сайланған, патша қызметінің хорунжий шенін алған, қажыға барған, сөз түйінін ұстаған шешен, мырза атанған, кісілік беделі зор адам болған. Жасынан өжет, зейінді, қатал да әділ болып өседі. Көшпенділердің барлық қасиетін бойына сіңірген Құнанбай жас кезінде батырлық пен серілікті машық тұтып, палуан, жаугер, найзагер атанған. Әкесінің қасында жүріп, ел билігіне араласқан. Шариғат жолын ұстанып, Құран сөзін жадында сақтауға ден қойған. Құнанбай қажыға 1872 жылы барды делінеді. Меккеде 2 жылдан астам уақыт тұрады. Қазақтардың мұсылман елі екендігін ресми түрде тіркеткізеді. Құдайға құлшылық етушілерге арнап, «Тәкия» деген үй салдырады. Құнанбай – аса күрделі тұлға», – деп бағалайды [3, 395].

Мұхтар Әуезовтің «Қорғансыздың күні» әңгімесіндегі Күшікбай кезеңі – тағдырлы, трагедиялы тарихи кеңістік. Әуезовтің әдеби көкжиегі.

Қарағанды өзек, Баршын тауы, Қасқабұлақ, Ойқұдық Өскенбайдың, онан соң Құнанбай ауылының күзегі болған. Қасқабұлақта – Абай дүниеге келді.

Бөрлі – Мұхтар Әуезовтің атамекені. Бөрлі қыстауына таяу Аяққараған Әуез ауылының күзеуі.

Мұхтармен аралықтарында он екі күн айырмашылығы бар ағасы Ахмет Әуезов «Жас Мұхтар» кітабында дүниеге келген болашақ жазушының туған жері туралы: «Күзем. Ауылымыз қыс қыстауы Бөрліге жақын Аяққарағанда отыр.... Омарханның әйелі Нұржамал бір үйге кіріп, тысқа қайта шығып, дамыл таппай жүр. Атам мен кәрі апамның екі қолы жағасында. Жақсы тілеу тілеуде. Үлкен шаңырақтың желбауы керегенің басына байланды. Нұржамал арқанға сүйене кетті. Сол сәтте інгалаған нәресте даусы естілді. Кәрі апам баланы жерден көтеріп, ащы үнімен дауыстап жіберді.

– Үлкен кісі, құдай берді... Ұл... ». – деп суреттейді [4, 7].

Сол күзекте болашақ ұлы жазушымыз – Мұхтар Әуезов дүниеге келді. Мұхтардың туып-өскен, ержетіп, тұңғыш отау иесі болған жері – осы Бөрлі. Әкешесінің зираты да осында.

Бұл туралы абайтанушы ғалым Қайым Мұхаметханов: «Қарағанды өзектен өтіп Абай ауданының жеріне жеткеніңізде сол жағыңыздан жеке-дара боп Баршын тауы көрінеді. Ертеде Абай ауылының көктем кезінде және күз күндерінде жайлайтын қонысы осы Баршын тауының бауыры.

Бұл кең байтақ өңір Мұхтар Әуезов атындығы совхоздың жері. Совхоздың орталығы – Қасқабұлақ.

Таудың төскейінен шығып, күнбатыс жағындағы Ойқұдық аталатын алқапқа қарай ағып жататын мөлдір бұлақтың өлкесі, ерте заманда Өскенбайдың,

онан соң Құнанбай ауылының күзегі болған. Қазіргі Мұхтар Әуезов атындағы совхоз орталығының күнбатысындағы, үш шақырым жердегі бұрынғы Құнанбай ауылының күзегі – Қасқабұлақта, 1845 жылы август айының ескіше 10 күні болашақ ұлы ақынымыз Абай (Ибраһим) Құнанбаев дүниеге келген.

Абайдың кір жуып, кіндік кескен жерін көріп, ақ сүт берген аяулы анасы Ұлжанды, немересін емірене сүйген, ақ көңіл, ардақты әжесі – Зерені еске аласыз», – деп толық мәлімет береді [5, 15].

Балалық, жастық, жігіттік шағы осында өткен. Осы кеңістік жазушының «Көксерек», «Қыр әңгімелері» мен «Абай жолы» эпопеясында тамаша суреттелген.

Берлі төбелерінің арғы жақ бөктері Абайдың сүйікті жары Әйгерімнің қыстауы. Ол жер Аралтөбе деп аталады. Қыстаудың жанындағы бейітте мәңгі-бақи жай тауып, Әйгерім мен Ділдә жатыр.

Аралтөбеден әрі Тышқан бұлағының басында Абайдың тұңғыш баласы – Ақылбай ақынның қыстауы мен бейіті тұр.

Қасқабұлақ жолтасынан әрі ассаңыз, шөбі шүйгін, кең байтақ алқапқа кездесесіз. Бұл жер Ащысу өзенінің өлкесі – Ералы жазығы.

Ойқұдық – Абай ауылының қонысы. Ойқұдықта ойдан өшпес тарихи уақиға болған.

Ералы жазығынан көрінетін екі шоқының біреуі – Үлкен Ақшоқы, екіншісі – Кіші Ақшоқы. Тобықты мен Найманның билері Еңлік пен Кебек сияқты екі жасты өлім жазасына бұйырып, осы Ақшоқыдан асау аттың құйрығына байлап, Ералы жазығында азаптап өлтірген (1780). Абайдың алғашқы қыстауы осы Ақшоқыда.

16 жасар Абай Ділдәға үйленіп, отау иесі болып, Ақшоқыға көшіп келеді. Сол жылы тұңғыш баласы Ақылбай (1861) дүниеге келді. Кейін Абайдың баласы Мағауия Ақшоқыны мекен еткен. Ақшоқы «Абай жолы» романында көп айтылып, көркем суреттелген.

Ақшоқының бауырындағы бейіттерде: Құнанбай, Абайдың балалары Ғабдрахим (Әбіш), Мағауия, інісі Халиолла, ақынның өлеңдерін тұңғыш кітап етіп бастырып (1909), өмірбаянын жазған шәкірті, немере інісі Ғабдулхақим (Кәкітай) Ысқақұлы, Мұхтардың үлкен әкесі Әуез жатыр.

Ал Кіші Орданың батыс жақ қойнауында Үйтас тұр. Еңлік пен Кебектің қашып жүрген шағында паналаған Үйтасы осы. Екі ғашық елсізде елегізіп, аз уақыт дәурен сүргенде мекен-жәй болған Үйтас.

Кіші Орда, Үлкен Орда, аталатын екі таудың арасын қақ жарып өтетін жол, аты әйгілі – Шілікті кезеңге алып келеді. Бұл Шүкімән сұлудың ата мекені.

Сол Шілікті кезеңнен кейін жеке-дара көрінген жалғыз биік – Қарауыл.

Абайдың туған жеріне әдейілеп келіп, ұлы ақынның басына тағзым ететін сан алуан құрметті қонақтар осы мекенге ат басын тірейді.

Жидебай – Қарауыл өзенінің жайылмасында жатқан қалың қорық, шұрайлы жер. Осы Жидебай, Борсықбай, Барақ деп аталатын жерлерді ерте заманда Құнанбай иемденіп, қыстау салған. Кейін Жидебай Құнанбайдың Ұлжаннан туған кенже баласы Оспанның еншісіне тиген. 1891 жылға дейін

Жидебайды Оспан мекен еткен. Оспан қайтыс болғаннан кейін, Абайдың тұрған қыстауы – осы Жидебай. Жидебайдың солтүстігінде он бес шақырым жердегі Құнанбай ауылының бір күзегін – Ескі там деп атайды. Құнанбай сол ескі тамнан жиырма шақты бала сиятын медресе салдырып, өзінің және туыстарының балаларын оқытқан. Абай сегіз жасынан бастап, сол ескі там медресесінде оқыған.

Сонау алыстан көрініп тұрған шошақ бейіт – Кеңгірбай бидің бейіті.

Жидебай қорығы да талай талас-тартыстың майданы болған жер.

Абайдың шешелері Ұлжан мен Айғыз да бір кездерде осы Жидебайда тұрған. Абайдың әжесі Зере осы Жидебайда дүниеден қайтқан. Абай немерелерінің де тәрбиеленген жері осы.

Абай Шыңғыстауының сыртындағы жаз жайлауы Балашақпақ өзенінде 1904 жылы дүниеден қайтты.

Абайдың сүйегін әуелдегі өз қыстауы Ақшоқы бауырындағы Құнанбай зиратына апарып, жерлемек үшін көп адам аттанады. Шыңғыстау асуынан асқан кезде, жаздың ыстық күнінде Абай сүйегін алыстағы Ақшоқыға жеткізе алмайтын болғандықтан, ақынды Жидебайдағы Оспан зиратына апарып қою ұйғарылды. Сөйтіп, Абай інісінің жанына жерленеді.

Жазушы Мұхтар Әуезовтің шәкірті Кәмен Оразалиннің «Жалын» баспасы шығарған «Абай аулына саяхат» деректі әңгімелер жинағында ұлы ақын аулының өткені мен бүгінгі өмір-тіршілігін зерделей отырып, Абай, Шәкәрім, Мұхтар есімдеріне байланысты өрбиді. Әуезовтің туып-өскен, табаны тиген Шыңғыс, Жидебай, Қарауыл, Ақшоқы, Бөрілі, т.б. елді мекендердің тарихы қызықты әңгімелер «Абай жолында» қалай көрініс тапқаны туралы айтылады [6].

Осынау өңірді кешегі кеңес дәуірі тұсынан бастап Абай ауданы, М. Әуезов атындағы совхоз, Қасқабұлақ ауылын 44 жыл басқарған, көргені мен көңіліне түйгені мол, Кеңестер Одағының «Құрмет белгісі» және Қазақстан Республикасының «Құрмет», «Парасат» ордендерінің иегері, Абай ауданының «Құрметті азаматы» атанған, білікті басшы Амантай Мұқатаевтың ұлылар мұраларының жаңғыруы жайлы 2020 жылдың қарашасында «I love Semey. Kz.» журналының №4 санына берген «Құнанбай мен Абай төңірегінде бірізділік керек» сұхбатынан үзінділер келтірсем деп отырмын.

«Мен Қасқабұлаққа, бұрынғы М. Әуезов атындағы совхозға 1980 жылдың қыркүйек айында аудандық партия комитетінің екінші хатшылығына жоғарлаған Арғынбеков Оралдан кейін, директор болып келгенмін. Бұл жердің басқа шаруашылықтардан бір ерекшелігі, осы совхоздың территориясында Ақшоқы, Бөрілі, Сырт Қасқабұлақ сияқты қазақтың ұлы ақыны Абай мен заманымыздың заңғар жазушысы Мұхтар Әуезовке және олардың айналасындағы басқа да тарихи белгілі тұлғаларға қатысты орындардың көптігі болатын. Сондықтан да алғаш жұмысқа кіріскеннен бастап, шаруашылық жұмыстары мен қатар, ұлылар есімімен байланысты мекен-жайларды нақтылап, болашақта оларды халықтың мәдени мұрасы ретінде қайта жаңғырту назарымызда болды. Соның бірі Ақшоқыдағы Құнанбай мен оның ұрпақтары жерленген қорым болатын. Мен басшылыққа келген кезде Құнекеңнің

зиратының ірге тасы ғана құйылып, қабырғалары әлі қаланған жоқ болатын. Ол кезде зират тұрғызуға, оның ішінде Құнанбай сынды ескілікті өмірдің айрықша тұлғаларына жаңартып белгі қоюға өкімет тарапынан рұқсат болмайтын. Сондықтан амалдап, «шопан-бақташыларға жазғы мезгілде уақытша тұратын үй» салуды желеу етіп, жұмысты жалғастырдық. Бригада 1981 жылы Құнанбайдың кесенесін тастан қалап шықты. Қазіргі тұрған сол кесене.

Кейіннен Абай атамыздың 150 жылдық мерейтойына дайындық қарсаңында сол кездегі аудан басшысы Хафиз Матаев кесенедегі қабірлердің басына белгі тас қойып, оған есімдерін жазу туралы маған тапсырма берді және аудандық кеңес атқару комитеті бастығының орынбасары Мейірханов Серікқазы да Құнанбайдың жақын ұрпақтарының бірі Ысқақова Мінәш Архамқызы берген, осы кесенеде жерленген адамдардың аты-жөні мен жерлеу реті көрсетілген тізім болу керектігін айтты. Сол тізім бойынша кесенеде жатқандардың аты-жөнін нақтыладық та, гранит тасқа жазғызып, қабірлердің басына қойғыздық. Ұмытпасам жалпы саны 29 тас жазылып, Құнанбай ұрпақтары мен Мұхтар Әуезовке қатысты тұлғалардың қабірлері басына белгі қойылды. Оның ішінде Бөрілі аумағындағы Аралтөбе, Тышқан деген жерлердегі Абайдың ұлы Ақылбай мен әйелдері Ділдә мен Әйгерім де бар.

Сөз орайында айта кетейін, 1981 жылы еңбекшілерге мәдени-тұрмыстық қызмет көрсету жөнінде мәселе қараған аудандық сессияда сөз сөйледім. Онда ауыл еңбеккерлерінің тілектерін қанағаттандыру жайлы айта келіп, Бөрілідегі М.Әуезов үйінің жөнделуі, Ақшоқыдағы Құнанбай зиратын тарихи-мәдени ескерткіш ретінде қайта салуды аяқтау туралы және осыған байланысты тиісті мекемелер тарапынан көмек керектігі жайлы айтылған болатын. (Оның қолжазбасы әлі де өзімде сақтаулы). Аудандық кеңес депутаттары мен мекеме, шаруашылық басшылары алдында айтылған осы сөзім, Құнанбай қажы зиратының қалай, қашан қайта салынғанын нақтылауға дәлел бола алады.

Ол кезде қандай іс болмасын облыс, аудан басшыларының қолдау-нұсқауларымен жүзеге асатын. Жасыратыны жоқ, бұрындары жергілікті жерлердегі мұндай жұмыстармен совхоз директорлары айналысса, қазір бұл істі мемлекет басшысының өзі назарға алып отыр. Биылғы Абай атамыздың 175 жылдығы қарсаңында, ... Абай елі қайта түлеп, ұлы тұлғаларға қатысты мекен-жайлар қайта жаңғыртылып, ерекше түрде абаттандырылды. Оның ішінде ұлы Абайдың кіндік қаны тамған Сырт Қасқабұлақ пен Құнанбай Өскенбайұлының Ақшоқыдағы кесенесі адам танымастай жаңарып-жаңғыруға ие болды.

Бұл мұражайдың қалыптасуы арыдан басталады. Бастапқыда, 1977 жылы Мұхтар Әуезовтің 80 жылдық мерейтойы қарсаңында, сол кездегі совхоз директоры Арғынбеков Оралдың басшылығымен Бөрілідегі Мұқанның ата-бабаларының құлап қалған мекен-жайы жөнделіп, қайтадан салынған болатын. Ол уақытта оны мұражайға айналдырудың мүмкіндігі болмай, онда совхоздың №1 бөлімшесінің кеңсесі, кітапхана мен дәрігерлік пункті орналасты. Тек 1987 жылы ғана жазушының 90 жылдық мерейтойына қарсы оны мұражайға айналдыру мүмкін болды.

Біз жұмысты белгілі абайтанушы, Мұхтар Әуезовтің шәкірті Қайым Мұхаметхановпен мұражайға байланысты керекті деректермен жылнама жасау жөнінде шартқа отырудан бастадық. Сол кездегі Семей облыстық өлкетану музейінің директоры Алексей Иванович Зяблицкиймен мұражайдың интерьерін жасау жөнінде келісіп, тиісті мұражай мамандары мен суретшілерді шақыруын сұрадық. Ол өз кезегінде ерлі-зайыпты Хмелевтарды жұмысқа тартып, бір топ суретшілерді мұражайдың ішкі қабырғаларына қойылатын суреттерді салуға қосты.

Бұл жерде мұражайдың кіреберісіне қойылған Мұқанның бюстін Текелінің мәрмар тасынан қашаған мүсінші Мұратбек Жанболатовтың еңбегін бөліп айтсақ артық болмайды. Осындай адамдардың еңбегімен 1987 жылдың қыркүйек айының 28-і күні мұражай ресми түрде ашылды. Мұражайды қалыптастыруға кеткен барлық қаржы совхоздың есебінен төленді. Еліміз тәуелсіздік алып, жекешелендіру реформасы жүргенге дейін совхоздың балансында болды. Мұражай пайдалануға берілген алғашқы жылы облыстық өлкетану мұражайының филиалы ретінде жұмыс жасап, бір жылдан соң Абайдың республикалық мемлекеттік қорық-мұражайының филиалына айналды. Кейіннен Қайым Мұхаметхановтың маған хат жазып, сызып көрсетуі бойынша (хат Абай мұражайында сақтаулы) жазушының ата-анасы Омархан мен Нұржамалға Ақтаудың ақтасынан кесене тұрғызылды.

Өз басым Құнанбайды, Абайды зерттеуші емеспін. Бар болғаны хакімді түсініп оқуға ден қойып жүрген, даналығына тәнті көп оқырманның бірімін. Қүнекеңнің кемеңгерлігі ұлы Абайдың даналығымен сабақтасады. Абай әлеміне бару үшін алдымен Құнанбайды тануымыз керек. Зерттеушілер осы мәселені ескерсе екен деймін. Бүгінде бірізділік жоқ. Мәселен, Құнанбайдың суреттеріне қарап отырсаңыз біресе оң көзін, біресе сол көзін кем қып салады. Бұл орайда Мұханның «Абай жолы» роман эпопеясындағы Құнанбай бейнесіне үнілуге болар еді ғой. Қүнекеңнің портретін Мұхтар Әуезовтен артық суреттеген ешкім жоқ.

Сол тәрізді Абайдың туған күні жайлы да нақты тоқтам болмай жүр. Менің пікірім – туған күндегі екі апта айырмашылықта тұрған ештеңе жоқ. Біз бірнеше ғасыр, тіпті мыңдаған жылдар бұрынғы тарихи оқиғаларға баға беріп жүрміз ғой. Маңыздысы, Құнанбай мен Абай төңірегіндегі жүйелілік керек деп ойлаймын [7, 36-39].

Абай – отандық тарихымыз бен әдебиетімізде аса көрнекті тарихи тұлға. Абай – қазақтың ұлттық жазба әдебиетінің негізін қалады. Абай есімі дүниежүзі халықтары әдебиетінде Шекспир, Пушкин, Гётелермен қатар тұрады. Ақынның мол әдеби мұрасы тек бір халықтың ғана емес, бүкіл адамзаттың рухани қазынасы.

Жазушының ұзақ жылғы еңбегі бүкіл оқушы жұртшылыққа Абай тұлғасын, Абай заманын, қазақ халқының жарты ғасырлы өмірін ғана танытып қойған жоқ. Ол туған халқына барлық талантын, өмірін бағыштап кеткен ұлы Абайға деген халық ескерткішін орнатты. «Абай жолы» эпопеясында қазақ

халқының, жалпы ұлттық мәселелері мен мәдениетін әлемдік аренаға көтерген – Мұхтар Әуезов.

Абайдың «Жидебай-Бөрілі» мемлекеттік тарихи-мәдени және әдеби-мемориалдық мұражай-қорығы Қазақ КСР Халық Комиссарлары Кеңесінің 1940 жылғы 1 сәуірдегі қаулысымен ақынның туғанына 95 жыл толу қарсаңында ұйымдастырылып, 16 қазанда келушілерге ашылды. Бұл Қазақстан тарихындағы алғашқы әдеби-мемориалдық мұражай.

Бастапқы жылдары мұражай Бекбай Байсовтың (Абай көшесі, 83, қазіргі Жамақаев көшесі) және Анияр Молдабаевтың (Комиссар көшесі, 132, қазіргі Бөгенбай батыр көшесі) үйлерінде орналасқан. Бұл үйлерде Абай Семейге барған кезде тұрған. 1967 жылдан бастап мұражай көпес Роман Ершовтың үйінде орналасқан.

1947-1951 жылдары Қазақ КСР Ғылым академиясының құрамында болды. Қазақ КСР Министрлер Кеңесінің 1990 жылғы 5 сәуірдегі №141 шешімімен Абай атындағы Мемлекеттік тарихи-мәдени және әдеби-мемориалдық мұражай-қорығы болып қайта құрылды.

Оның құрамына: Абайдың мұражай-үйі, Бөрілідегі М.Әуезовтің мұражай-үйі, «Шәкәрімнің аңшылық үйі» экспозициясы, «Абай – Шәкәрім» кешені, 6400 га қорық-аймақ, Тақыр елді мекеніндегі Көкбай Жанатаев мұражайы, Құндызды ауылындағы Шәкір Әбеновтің мұражай-үйі, Үржар ауданы Мақаншы ауылында орналасқан Әсет Найманбаев мұражайы кіреді.

Аталмыш тарихи-мәдени мұралар республикалық ескерткіштер мен жергілікті ескерткіштер қатарына еніп отыр[8].

Қазіргі таңда Республикалық ескерткіштер қатарына: Абай музейі, «Алаш арыстары – М.Әуезов» музейі, Ахмет-Риза мешіт-медресесі, Жидебайдағы Абайдың музей-үйі, Бөрілідегі М. Әуезовтің музей-үйі; ал жергілікті ескерткіштер қатарына: Кеңгірбай би мазары, Ұлжан-Зере зираты, Еркежан зираты, Құдайберді зираты, Құнанбай құдығы, Орыс қорасы, Оспан көл, Шәкір Әбенов музей-үйі, «Шәкәрімнің Саят қорасы», Ә.Найманбаев музейі, Көкбай Жанатайұлының мазары, музейі кіреді.

Қорыта келгенде, Ұлы Дала қастерлі де, қасиетті мекендерге кенде емес. Кең байтақ Отанымыздың әрбір тауы, төбесі мен тасына дейін тарихтан сыр шертеді. Міне, осынау өлкелік, өңірлік аядағы Ұлылар мекені – Жидебай, Қасқабұлақ, Бөрілі болып тізіліп кете беретін жерлерде қаншама тарихи тұлғалар дүниеге келген. Дала – баланы туғызды, бала – даланың даңқын көтерді. Бір-бірімен үндесе байланысқан осынау құдіретті шындықты аялау, қастерлеу, сақтап қалу ұрпаққа аманат. Тоқтамыс ту тіккен Шыңғыстау – бүгінде ата даңқымен қалың қазаққа мәлім. Оның қойнауы – билерімен, батырларымен, ақындарымен, сол сияқты риясыз махаббаттың жолында құрбан болған ғашықтарымен, жолсыз жазамен шейіт болған қыздарымен, зорлықтың дүлей күшіне дәрменсіз қарсылық көрсеткен қорғансыздарымен тарихи ескерткіштерге толы. Бір кездері географиялық атау болған жерлер қазіргі күндері мұражайлар мен қорықтарға айналып, мемлекеттің қарауына өтті. Халықтың мақтанышына, тағзым ететін рухани мекендерге айналды. Біздің Ұлылар мекені деп

отырғанымыз – ұлыларды тудырып, солар арқылы атын әлемге әйгілеген Абай, Шәкәрім, Мұхтардың елі– Ақшоқы, Қасқабұлақ, Бөрілі.

Тарих, Тұлға, Кеңістік деп аталатын әрі үлкен әріппен жазылуға тиіс ұлы үштік біз сөз еткен тақырыптың негізгі алтын арқауы деп санаймыз.

Әдебиеттер

1. Әуезов М. Абай өмірбаяны қолжазбасы. Қазақстан Республикасы Ұлттық ғылым академиясы, Орталық ғылыми кітапханасы қоры №1913-іс.
2. Сапаралы Б. Құнанбай қажы. – Алматы: Ер-Дәулет, 1995. – 288 б.
3. Жұртбай Т. Мұхтар Әуезов энциклопедия. – Алматы, «Атамұра» баспасы, 2011. – 394-395 бб.
4. Әуезов Ат. Жас Мұхтар. – Алматы: Жалын, 1977. – 96 б.
5. Мұхаметханов Қ. Абайдың туған жері, өскен ортасы. «Абаевские места». «П. 4. Абай ауылына сапар. Ақынның туып-өскен жері». – Алматы; Жазушы, 1971. – 35 б.
6. Оразалин К. Абай аулына саяхат. – Алматы: Жалын, 1994.
7. I love Semey. Kz. №4 ноябрь, 2020. Мұқатаев А. Құнанбай мен Абай төңірегінде бірізділік керек».
8. <https://abai-museum.kz/>

ҒТАМР: 17.07.25

ЖЕР МӘСЕЛЕСІНДЕГІ ҚАЗАҚ ЗИЯЛЫЛАРЫНЫҢ РӨЛІ

Байсарина Қ.Қ., тарих ғылымдарының докторы, профессор

Оралбекова А.А., докторант

Шәкәрім университеті

(ҚР, Семей қ.)

Қазіргі кезеңде қазақстандық қоғам алдындағы басты міндеттердің бірі – өзінің рухани-адамгершілік өрлеуіне бағытталған жалпы адамзаттық мұраттар мен бағдарларды күшейту болып табылады. Бұл ретте, мемлекет азаматтарының тарихи білімі мен сауатты болуы аса маңызды. Қазақстанның өткенін танып білуге деген қоғамдық қызығушылық – тарихқа көптеген күрделі сұрақтардың шешімін табуға мүмкіндік береді. Осындай сұрақтардың бірі – жер мәселесі. Осыған байланысты, ХХ ғасырдың басындағы Қазақстандағы жер иелену мен жерді пайдалану негізінде қалыптасқан аграрлық қатынастарды зерделеуге байланысты проблемаларды ерекше мұқият пысықтау қажет. Зиялы қауым кез-келген дамыған қоғамның локомотиві ретінде адамгершілік принциптерін сақтаудың кепілі ретінде қызмет етеді, көбінесе елге қажет жаңа идеялардың даму траекториясын анықтайды. Сол себепті, қазақ зиялыларының аталған кезеңдегі жер мәселесін реттеуге қосқан үлестерін зерттеп, зерделеудің рөлі маңызды.

Қазақстандық шекаралардың қалыптасу тарихында ХХ ғасырдың 20-жылдар кезеңі ерекше маңызға ие. 1917 жылғы Қазан төңкерісінен кейін жаңа Кеңес мемлекеті алдында тұрған саяси және экономикалық міндеттерді ескере отырып, қалыптасқан әкімшілік-аумақтық бөліністі өзгерту маңызды болды. Аталған мәселеде Ә.Бөкейхан, А.Байтұрсынұлы, М.Дулатұлы сынды қазақ зиялылары аумақтық бөліністің барынша әділетті өтуіне, территориялық тұтастықта сақтап қалуға ат салысты.

Осы кезеңде өмір сүрген қазақ зиялылары қазақ халқының бостандығы, жер мәселесі жолында аянбай күресті. Өз өмірлерінен бұрын, ұлттық мүддені алға қойған зиялылардың негізгі алға қойған мақсаттарының бірі және басты сұрағы – жер еді.

Уақытша үкімет 1917 жылы ақпан революциясынан кейін де патша өкіметінің отаршылдық саясатын ұстана отырып, қазақ өлкесіндегі жер мәселесіне қатысты ахуалмен таныс болса да, аталған мәселені шешуге қатысты нақты қадамдар жасамады. Жергілікті халықтың ішкі Ресейден қоныс аударушылар ағымына шектеу қойып, жер қатынастарын ретке келтіру ұсыныстарын қанағаттандырмады. Аталған мәселеге қатысты Алаш қайраткерлері қоныс аударушыларды тоқтатып, иен жерлерді жергілікті халыққа уақытша қоныстануына рұқсат беру арқылы мәселені бейбіт жолмен шешуге шақырды.

ХХ ғасырдың алғашқы ширегінде Қазақ халқының қоғамдық-саяси өмірінде елеулі рөл атқарған жер мәселесін зерттеу ісіне – Қазақстан тарихында арнайы еңбектер мен әдебиеттер жарық көрген жоқ. Еліміз тәуелсіздік алғаннан бері қазақ тарихшылары Жер мәселесін зерттеуде Жер комитетіне қысқаша шолулар жасаған. Сондықтан ХХ ғ. басындағы «Жер мәселесі» ұлттық баспасөз беттерінде ауқымды түрде көтеріліп қазақтың көкейкесті мәселесіне жан-жақты талдау жасайды. Бүгінгі таңда ұлттық рухты пен ұлттық сананы өсіру үшін тарихшылар қауымының алдындағы өзекті мәселелердің бірі – қазақ тарихындағы ұлт зиялыларының ел азаттығы жолындағы қажырлы күресін өз дәрежесінде шынайы түрде халықтың санасына жеткізу болып табылады.

Бүгінде Отандық тарихта Қазақстандағы жер мәселесіне қатысты жазылған ғылыми еңбектер мен тарихи зерттеулер саны шектеулі. Қарастырылып отырған мәселеге қатысты бірқатар еңбектерде экономикалық, шаруашылық, аграрлық тұрғыдан саралаулар мен талдаулар жасалынғанымен, олардың басым көпшілігінде кеңестік кезеңге сай біржақтылық байқалады.

Қазақстандағы жер мәселе, яғни жалпыресейлік аграрлық тарихты: империяның заңнамалық актілері, баяндамалар, ресми хаттар, хаттамалар, есептер, хабарламалар, жеделхаттар, бұйрықтар, қазақ даласының байырғы тұрғындары мен шаруа қоныстанушыларының бұйрықтары мен өтініштері, депутаттардың сөйлеген сөздері жазылған Мемлекеттік Думадағы баяндамалары, баспасөз беттеріндегі мақалалар негізгі дереккөздері болып табылады.

Аграрлық мәселені әлеуметтік тарих, экономикалық тарих, зияткерлік тарих, империология, өмірбаяндық зерттеулер, ауызша тарих сияқты

бағыттардың объективі арқылы зерттеудің арқасында зерттеу жұмысы пәнаралық сипатқа ие болды. Аталған әдістер кешені өзара бірін-бірі толықтыра отырып, мақаланың ғылыми толықтығы мен тереңдігіне негіз бола алды. Сонымен қатар, тарихи деректер кешені мен тарихнамалық зерттеу еңбектеріндегі ой-пікірлерге талдау жасалынып, соның негізінде өзіндік пікір қалыптастыруға көмектесті.

Жер мәселесі – қазақстандық тарих ғылымындағы ең күрделі мәселелердің бірі. Қарастырылып отырған мәселе бойынша мол мағлұмат беретін негізгі еңбектерге ғана тоқталсақ. Кеңестік дәуірдегі зерттеушілер қатарына А.Донич [1; 28], М.Г. Сириус [2; 15-36], А.И. Челинцев [3; 1-39], С.П. Швецов [4; 93-105] және т.б. ғалымдардың еңбектерін жатқызуға болады. Олар табиғи-климаттық факторды ескере отырып, Қазақстан территориясының көп бөлігі тек көшпелі мал шаруашылығына қолайлы деген көзқарасты ұстанды. С.П. Швецов, әсіресе, табиғи-климаттық жағдайларға байланысты қазақ халқының көшпелі тұрмысы мен экстенсивті көшпелі шаруашылығының мәңгілігін және қалай болса да сақтау қажеттігін дәлелдеуге тырысты. Қазақстан Ғылым академиясының аграрлық тарихының әлеуметтік аспектілері бойынша ең ірі зерттеулер Г. Ф. Дахшлейгер, К.Н. Нұрпейісов [5] еңбектері болып табылады. Аталған ғалымдар, жер қорын қайта бөлуге объективті бағаны бере отырып, жер пайдалану мәселесіндегі қазақ халқының басты жетістігі – нақты теңдікке қол жеткізу болды деп есептеді.

Қазіргі тарихнамада А. П. Козлов, [6; 823 – 829] Н. А. Абдурахманов [7] және С. Ш. Қазиевтің [8] егжей-тегжейлі және терең іргелі мақалаларын бөліп көрсету керек. Авторлар Кеңес басшылығының жер тәжірибесін, алғашқы үкіметтік жарлықтардың қайшылықтары мен сәйкессіздіктерін талдай отырып, орталық мәселе – қоныс аударуға баса назар аударады, оны шешу жолдарындағы федеральдық және өлкелік билік арасындағы алшақтықтарды ашып көрсетеді. Зерттеушілердің пікірінше, Қазақстандағы аграрлық мәселені дереу шешу қажеттілігіне қарамастан, бұл мәселе асығыс, бір сәттік саяси көңіл-күймен емес, байыпты, ойластырылған талдауды талап етті.

Қазақ даласын отарлаудың ұзақ тарихы бар. Қазақстанды революцияға дейінгі отарлауда екі кезенді бөліп қарастыруға болады: ХІХ ғасырдың 70-жылдарға дейін созылған өлкенің әскери-казак отарлауы және оны алмастырған славян және басқа халықтардың еуропалық губернияларынан жаппай көші-қоны. Нәтижесінде 1870-1914 жылдар аралығында қазіргі Қазақстан аумағына 1434,4 мыңға жуық адам қоныс аударды [9; 27]. Жаппай отарлау халықтың сан алуан этникалық құрамының қалыптасуына ықпал етіп, аймақтың одан әрі экономикалық, әлеуметтік және мәдени дамуына өз ізін қалдырды. Қазақстанда революцияға дейінгі кезеңдегі басым демографиялық тенденция (жалпы халық санының өсуі) көшіп-қонушылардың үлес салмағының бірте-бірте ұлғаюы және жергілікті халық үлесінің төмендеуі болды. Бұл тенденция әсіресе Солтүстік және Шығыс Қазақстанда айқын байқалды. 1917 жылы қазанда большевиктер билікті жаулап алу қарсаңындағы Қазақстан халқының жалпы саны 5753,5 мың адамды құрады [10; 7]. Кеңес дәуіріндегі Қазақстанның ұлттық-саяси тарихының

бастау нүктесі, В.И.Лениннің 1920 жылғы 26 тамызда Бүкілресейлік Орталық Атқару Комитеті мен РКФСР Халық Комиссарлар Кеңесінің «Қырғыз Автономиялық Социалистік Кеңестік Республикасын» құру туралы декретке қол қоюы болды.

Жаңа мемлекеттің шекаралары, республиканың құрамына енген аумақтардың тарихи және этникалық ерекшеліктерін тиісінше ескермей, ең алдымен экономикалық және саяси міндеттерге негізделіп, біршама шартты түрде белгіленді. Болашақта Қазақстанның мемлекеттік шекарасының бірнеше рет қайта сызылғаны да кездейсоқ емес.

Кеңес үкіметінің Қазақстандағы аграрлық саясатының бірқатар ерекшеліктері болды. Қазақстандағы жер мәселесі, большевиктердің шаруаларға помещиктердің жерлерін беру арқылы сеніміне ие болған, Ресейдің Орталық Еуропалық бөлігіне қарағанда, онша өткір болған жоқ: мұнда жер иеленушілік іс жүзінде болмаған, ал негізгі егістік жерлер – қоныстанушылар мен казактарға тиесілі болды.

Большевиктер билікке келгеннен кейін өздерінің аграрлық бағдарламасын жүзеге асыра алмады. 1917 жылдың қазаны – қауымдық шаруа санасының салтанат құруы, жер иеленушілікті жою және барлық жерді шаруа қожалықтары арасында еңбек нормасына сәйкес қайта бөлу туралы шаруалардың ежелден келе жатқан арманының жүзеге асуы болды. Осылайша, жақындап келе жатқан азамат соғысы жылдарында, шаруалармен бітімке келу үшін большевиктік үкімет, алғашқы аграрлық құжаттары: («Жер туралы декрет» (1917 ж.) пен «Жерді әлеуметтендіру туралы негізгі заңды» (1918 ж.) қабылдауға мәжбүр болды.

XX ғасыр басындағы қоғамдық саяси өмірде, зиялы қауым арасынан Алаш көсемі – Әлихан Бөкейхановтың рөлі маңызды болып табылады. Ә.Бөкейхан өзінің бірінші кезектегі міндетін қазақтардың өз жерлері мен аумақтарына құқықтарын қалпына келтіру деп білді, бұл ретте орыс қоныс аударушылары, казактар және басқалар тарапынан қанды қарсылыққа жол бермеді. Уақытша үкіметтің 1917 жылы сәуірде жер мәселесін шешу үшін, Бас жер комитетін құруы, оған осы мәселеде көп мүмкіндік берді. Торғай облыстық комиссары, қоныс аударушылар мен олардың өкілдері тарапынан ерекше шағым туғызбай, өзіне бағынышты облыстардағы қазақтардың пайдасына жер мәселесінің күрделі торабының ұтымды шешімін таба алды. Мұны келесі оқиғалардан көруге болады. Ә.Бөкейханның бастамасымен 1917 жылдың сәуірінде бірқатар облыстарда облыстық қазақ съездері өтіп, сол замандағы өзекті мәселелерден басқа, Ресейдің демократиялық федеративтік республика болып жариялануы туралы талаптар, қазақ халқы өкілдерінен депутаттарды сайлау, ауылдан облыс деңгейіне дейін азаматтық басқару комитеттерін құру сынды мәселелер қозғалды. Орынбордағы 2-8 сәуір аралығында А. Байтұрсынұлының төрағалығымен Торғай облыстық съезде алтыншы тармақтың астында келесі шешімдер қабылданды: 1. Қазақтар құрылтай жиналысы белгілейтін негіздер бойынша, жерді қоныстандырудан кейін жерді мемлекеттік қажеттіліктерге өз иелігінен алып қоюды әділ деп санайды. 2. Бос жатқан учаскелер, сондай-ақ заңсыз иеліктен шығарылған учаскелер, бұрынғы иелеріне дереу қайтарылуы

керек, сондай-ақ ескі қоныс аударушылар жарамсыз қалдырған учаскелер бұрынғы иелеріне өтеді. 3. Дала облыстары мен Түркістанда қоныстандыру жұмыстары тоқтатылуы тиіс. Қазіргі уақытта қоныстанбаған учаскелерде орналасқан қазақтарды көшіру тоқтатыла тұруы тиіс. Заңсыз алынған қазақтардың үй-жайлары, шабындықтары, егістіктері мен жайылымдары қайтарыла отырып, жаңа межелеу болуы тиіс. Бұл саяжайларда қыста тегін шөп шабуға және мал жаюға рұқсат етілуі керек. Қазақтар өсірген орман алқаптары ескі иелеріне қайтарылуы тиіс. Орман саяжайларының жанында тұратын кедей қазақтарға үй жағдайларымен қамтамасыз ету керек [11; 26-27]. Аталған съездің қазақ халқының бірігуі мен жер мәселесі сынды маңызды сұрақтардың шешімін табуда маңызы жоғары болды.

Бұл ретте Казактар съезінің «жер мәселесі бойынша облыстық қазақ съезінің қаулысын толығымен қолдап, оған қосылуға шешім қабылдағаны» ерекше назар аудартады. Сонымен қатар, «Сиезде отырған қазақ мен мұжық қол алысып, бауыр болып құшақтасты... Енді мұжық-қазақ дос болайық, шекарадағы аз таласты мәмілесіп, комитетіміз арқылы бірігейік десті» [12].

1917 жылы шілдеде Ә. Бөкейхан алдын-ала кадет партиясынан шығуға бел байлады. Кадеттер партиясынан шығу себебін, 1917 жылдың жазында Орталық Комитеттің (ОК) басқа мүшелерімен үш негізгі мәселе бойынша қатты келіспеушіліктерге тап болғандығымен түсіндіреді. Кадеттердің ОК жерге жеке меншік енгізуді жақтады, ал Бөкейхан қазақтар жерді меншікке алған жағдайда, оны қысқа мерзімде башқұрттардың қайғылы мысалы сияқты, орыс шаруаларына сататынына және соңында ештеңесіз қалатынына сенімді болды. Сонымен қатар, кадеттердің ОК шешуші сәтте кенеттен қазақтардың автономиясына және діннің мемлекеттен бөлінуіне қарсы шыға бастады. Бұған наразылық білдірген Бөкейхан кадеттер Орталық комитетінен шығып, партиядан шығатынын 1917 жылы 21-28 шілдеде Орынборда өткен Бірінші Жалпықазақ съезінде хабарлады. Ол өз шешімі туралы «Мен кадеттер партиясынан неліктен шықтым» деген мақаласында жазған. Сонымен, атап айтқанда, ол былай деп жазды: «Кадеттер партиясы жерді жеке меншікке беруді жақтайды. Біздің жағдайда жердің жекенің қолына өтуі Башқұрттағыдай біраз уақыттан кейін жер телімдерінің көрші шаруаға өтіп, қазақтардың қайыршыға айналуына әкеп соғады. Кадет партиясы ұлттық автономияға қарсы. Алаш туын көтеріп, ұлттық автономия құруға ұмтыламыз... Кадеттер партиясы шіркеу мен мемлекеттің бөлінуіне қарсы, мен шіркеу мен мемлекеттің бөлінуін қолдаймын. Осы үш позиция бойынша айырмашылықтар анық анықталған. Сондықтан кадеттер партиясынан шығып, Алаш партиясын ұйымдастыруды жөн көрдім [13].

Бүкілресейлік биліктің екі-үш ай сайын ауысып отыруына байланысты, әрбір жаңадан келген Бүкілресейлік биліктің алдында, «Алаш-Орда» басшысы Әлихан Бөкейхан, «Сібір мен Түркістан облыстарының Алаш» автономиясының құрамына енгізілу қажеттілігін табанды және дәлелді түрде қорғады. Сондай-ақ, «Алаш» автономиясының шеңбер тәрізді аумақты алып жатқанын, он миллион халқы бар үлкен саяси бірлікті құрайтынын алға тартты [11; 126]. Бұл жерде атап өтер жайт, Бөкейхан мен оның «Алаш-Орда» серіктестері, қазақ жерлеріне

қоныстанған орыс шаруаларын немесе «неміс отаршылары» мен «хохолдарды» (отырықшылардың өздері және патша шенеуніктері осылай атады. – Автордың ескертпесі), сондай-ақ казактарды және де өзге де көптеген қоныс аударушыларды қуып шығаруды немесе оларды қайтадан Ресейге жер аударуды көздеген жоқ. Әлихан өзінің барлық еңбектерінде, зерттеулерінде, мақалалары мен жазбаларында аталған қоныстанушылар санаттарының барлығын патша өкіметінің «ойланбаған отаршылдық-басқыншылық саясатының» құрбандары ретінде қарастырды. Самодержавие құлағаннан кейін Уақытша үкіметтің комиссары бола тұра, ол қазақтарды қоныс аударушыларға ренжітуге немесе басып алынған аудандардан күштеп көшіруге жол бермеді. Оған оның 1917 жылы 19 мамырда Торғай облыстық комиссары бола тұра Орынбордан жолдаған жеделхаты дәлел: «Егер қазір № 434 бөліміне қоныстанған Елек болысының №2 ауылының қазақтары, 1917 жылғы 13 мамырдағы облыстық үкімет төрағасы Ткаченко мен төрағаның орынбасары Қадырбаев жасаған хаттамадағы шарттармен келіспесе, онда олар күшпен қуылады.» Әлихан Бөкейхан қазақтарды қоныс аударушылармен барынша бейбіт өмір сүруге шақырды. Ол орыс қоныс аударушыларының қазақ даласына қоныстандырылуын орындалып қойған факт ретінде мойындады. Осы орайда Алаш автономиясын жариялаудың қарсаңда Әлихан былай деп жазды: «...Орыс пен қазақ жерлері арасына соқамен жыртылып шеп тартылатын болады, одан ары қазақтар малдарын жіберіп, пішен орып, егін екпейтін болсын. Орыстармен ұрыспай, жарасымды өмір сүруді өтінемін. Өйтпеген жағдайда қазақтар жазаланатын болады» – деп жазды [14].

Жер мәселесіне қатысты белгілі ақын, алаш қайраткері М.Дулатов та, «Қазақ жерлері» деген өлеңінде, «Айрылсаң қалған жерден осы күнгі, топыраққа малды қазақ бағасың да», дей келе, ұшығып тұрған даулы мәселенің шешімін табуға шақырады. 1920 жылдың 20 тамызындағы Кремельдегі тартыста Ә.Ермеков Лениннің «Қазақ автономиясына қай жерлер кіреді?» деген сауалға нақты жауап беріп, 13400 шақырымдық шекараны өз пайдасына бекіттірді. Осы орайда Ахмет Байтұрсынұлы да «Қазақ» газеті беттерінде, «Аңдаспаған мәселе турасында» атты мақаласында, жер мәселесінің басты мәселе екенін алға тартып, қазақтың тірі я өлі болу мәселесі екенін алға тартты.

Кремльде Қазақ автономиясы мен РКФСР арасындағы шекараны анықтау үшін келіссөздер жүргізген қиын кезеңдерді, 1919-1920 жылдардағы Қазақстан тарихының аз белгілі беттерінен бірнеше фактілер келтірсек. Бірінші факт, 29 жастағы Әлімхан Ермеқұлының (Ермеков), Кеңес үкіметінің негізін қалаушы, әрі көсемі В.Лениннен, кезінде Гурьев, бүгінде Атырау облысының мұнай-газ ұңғымасын қалай қорғанғаны туралы. Жазған естеліктерінен шағын үзіндіні, Жайық Бектұров 1989 жылы Қарағанды облыстық «Орталық Қазақстан» газетінде «Үш Әлекең» мақаласында жариялады [15].

Екінші факт, Ахмет Байтұрсынұлының, Бүкілресейлік Халық Комиссарлары Кеңесі Орталық Атқару Комитетіне жолдаған бір хатымен, Ресейдің Челябин облысынан, Қостанай уезін Автономиялық республиканың құзырына қайтарғандығы туралы. Бүгінде Қостанай облысы тәуелсіз елдің нан себетіне айналғанын білесіздер, мұнда жыл сайын Қазақстан астығының кем

дегенде $\frac{1}{4}$ бөлігі жиналады. Ұлт көсемі Ә.Бөкейханның бұлтартпас ғылыми-тарихи фактілерімен, патшалық отаршыл өкіметтердің осы жерлерді заңсыз басып алғанын растайтын мұрағат дәлелдерімен қолдау көрсетпесе, бұл жерлерді Ә.Ермеқұлы мен А.Байтұрсынұлы қорғап, қазаққа қайтара алар ма еді? Бөкейханның өзі келіссөздерге, дәлірек айтсақ, Қазақстан мен Ресейдің шекарасын белгілеу мәселесі қаралғанда, қазақ делегациясының көшін бастап РКФСР Халық Комиссарлар Кеңесінің мәжілістеріне, Кремльдегі келіссөздерге тікелей қатысты. Бірақ ол, көбіне, әріптестерінің көлеңкесінде жүргенді жөн көріп, өзінен кейінгі жас әріптестерінің, мәселен, сол Ә.Ермековқа бұлтартпас дәлелдер мен фактілермен көмектескенді жөн көрді.

Немесе тағы бір мысал, А.Байтұрсынұлы, Қостанай уезін қайтаруды талап еткен хатында, өзінің сол өлкеде туып-өскенін және осы ауданда ұстаздық еткенін алға тартып ғана қоймай, аудандағы қазақ жерлерін казактар мен қоныстанушылардың заңсыз басып алғандығы жөніндегі фактілер келтірген, Ә.Бөкейханның 1908 жылы жарық көрген «Болашақ шөл» мақаласын, сөздері дәйекті болуы үшін қолданған [16]. Бөкейханның шекара мәселесін талқылауға жетекші рөлде қатысу фактісі, Ә.Ермековтің естеліктерімен, сондай-ақ РГАСПИ ұсынған келесі мұрағаттық құжатпен расталады [17].

Бөкейхан 1928 жылы «Қазақстанның халық шаруашылығы» журналында, «Қарақалпақ өлкесінің ауыл шаруашылығы» деген атпен шағын, бірақ өте құнды ғылыми очерк жазып, жариялайды. Қарақалпақ автономиялық облысы 1930 жылдың шілдесіне дейін әлі де Қазақ АКСН-інің құрамында болды. «Алаш» көсемі бұл очеркті, РСФСР-дің аталған аумақты жоспарлы түрде тартып алуынан қауіптенді ме немес тек ғылыми мақсатта жариялауға асықты ма, ол жағы анық емес. Бірақ 1930 жылы 20 шілдеде Қарақалпақ автономиялы облысы Қазақ АССР-інің құрамынан шығарылып, тікелей РКФСР-ға ауыстырылды, ал 1936 жылы 5 желтоқсанда Өзбекстан КСР-іне берілді. Ал 1930 жылы жаңа астана ретінде Ташкент қаласын да Өзбекстан иемденіп алды. Айта кетерлік жайт, 1918-1924 жылдары Ташкент Т.Рысқұлов пен С.Ходжановтың басшылығымен Түркістан АКСР-інің астанасы болып, 1930 жылға дейін іс жүзінде Қазақ АКСР-інің құрамында қалды. Бірақ бұл аумақтық қайта бөлулер, Ә.Бөкейханның республика басшылығында ғана емес, жалпы туған елінде жоқ болған кездерінде іске асырылды. 1922 жылдан бастап «Алаш-Орданың» көсемі «Мәскеу торына» қамалып, одан туған жерге анда-санда ғана қашып құтыла алатын.

1923 жылы КСРО-да әкімшілік-аумақтық реформа басталып, Орталық Азияны ұлттық-аумақтық бөлу жұмыстары басталып кетті. Көптеген жылдар бойы жалғасқан бұл ауқымды іс-шараның негізгі мақсаттарының бірі – елдің табиғи байлығын ұтымды пайдалану болды. С.Сәдуақасов Қырғыз Республикасына қатысты реформаның міндеті, климаттық және ұлттық белгілері бойынша бірдей аудандарды біртұтас шаруашылық-әкімшілік бірлікке біріктіру болғанын түсіндірді. Жалпы жобаның ұтымдылығын мақұлдай отырып, Сәдуақасов республиканы аудандастыру кезінде, атап айтқанда оның сыртқы шекараларын анықтауда туындаған бірқатар проблемаларды ашты. Өз мақаласында автономияның барлық даулы аймақтары бойынша талдау жасай

келе, Қазақ АКСР құрамында қандай аймақтардың қалуы керек екенін, уездердің этникалық құрамы мен шаруашылық түрлерін терең білуінің нәтижесінде жан-жақты дәлелдеді.

Өзінің бұрынғы жарияланған мақаласында С.Сәдуақасов, экономикалық аудандастыруға байланысты ұлттық мәселені бөліп көрсете отырып, Қазақ АКСР-дің жоспарлау комиссиясының төрағасы ретінде бұл мәселені толығырақ атап өтті. Ол «жоспарланып отырған аудандық болыстардың тарихи ерекшелігіне мән беруге қажетін атап өтті. Патша үкіметінің қазақ жерлерін жаппай емес, жекелей отарлануына байланысты, аудандастырудың қазіргі заманауи экономиканың шеңберіне сәйкес келмейтінін» алға тартты [18]. Бұл жерде, жергіліктің өкіметтің 1923 жылы РКФСР-дің Жер кодексін қабылдау барысында, қосымша ретінде Қазақ АКСР-нің көшпелі және жартылай көшпелі аймақтарында жерді пайдалану қатынастарының, жұмыс істеп тұрған шаруашылықтардың жергілікті сипатына сәйкес белгіленген ережені енгізгенін еске түсіру қажет. С.Сәдуақасов қоныстандыруға қатысты өз көзқарасын білдіре отырып, аталған ереже мазмұнымен келіспеушілік білдірді.

Өз кезегінде, Қазақ АКСР ОАК бірінші төрағасы, ал 1924-1925 жылдары КСРО ОАК Президиумының мүшесі Сейітқали Мендешев, Қазақ АКСР мен Өзбек КСР арасындағы бұрынғы Сырдария облысының Ташкент уезіне байланысты аумақтық келіспеушіліктер туындаған кезде, Ташкент уезіндегі халықтың басым көпшілігінің қазақтар екенін негізге ала отырып, аумақтың Қазақстанның құрамына енуін талап етті. Ол отырықшы және егіншілікпен айналысатын қырғыздарды (қазақтар), олардың уездің бірқатар аудандарында басым көпшілікті құрайтынына қарамастан, есепке алмай, тек көшпенді қырғыздарды ғана есептеудің түбегейлі дұрыс емес тенденция екенін байқады. Сәкен Сейфуллин-революциялық қанаттың жарқын өкілі, Қазақ АКСР ХКК төрағасы (1922-1924), Ж.У. Қыдыралиннің сөзімен айтқанда, «орталықтың отаршылдық ерсі қылықтарына» жиі қарсы болды. 1923 жылы наурызда өткен Қазақстанның III партиялық конференциясында Орталық аппараттың өкілі Е. М. Ярославский оны қатты сынға алып, РКП(б) басты ұстанымынан тайып, таптық күресті ұлттық күреспен алмастырды деп айыптады.

Қазақ автономиясының құрылу процесі 1924-1925 жылдары аяқталды. КСРО Орталық Атқару Комитетінің 1924 жылғы 7 қазандағы қаулысымен Өзбек және Түрікмен АКСР, Өзбекстан құрамында Тәжік АКСР, РКФСР құрамында Қара-Қырғыз Автономиялық облысы құрылды. Сол жарлықпен Түрік Республикасының қазақ жерлері Қазақ АКСР-ға қосылды. Сонымен бірге оның құрамына Қара-қалпақ автономиялық облысы (1930 ж. бөлінген) енді. Соның нәтижесінде 1925 жылы барлық қазақ жерін Қазақ АКСР құрамына қайта қосу процесі аяқталды.

Алашордалықтар жер мәселесіне неғұрлым салмақты көзқараспен қарауға тырысты. Кезінде «Айқап» журналы да, «Қазақ» газеті де жер мәселесі туралы жазғанда ең алдымен халықтың жайын ойлады. Тоз-тоз болып, елдіктен айырылып қалмаудың қамын қарастырды. Қоғамдық-әлеуметтік ой тарихына, әдебиет пен мәдениет ошағына, яғни халықтың рухани игілігіне үлес қосқан

мерзімді баспасөздердегі материалдар барынша бұрмаланып, кейбірі кеңестік тарихқа енгізілмей қалды. Жоғарыда аталған газет-журналдар өздерінше алдарына зор мақсат қоя білді. Бірақ, көпшілігінің өмірі қысқа болды, тіпті алғашқы нөмірінен ары шығара алмай қалғандары да болды. Бірақ, билік үшін талас-тартыс кезінде мерзімді баспасөз басты роль атқарып, алдына қойған мақсат-мүдделерін жүзеге асыруға тырысқанын көреміз.

1985 жылы Оксфорд университетінің Орталық Азияны зерттеу қоғамының зерттеушілері басып шығарған Қазақстанның 1930 жылға дейінгі картасын мұқият зерделесек, сонау 1918-1919 жылдары «Алаш-Орда» көсемінің, қазақтардың осы аумақтарға құқығын «бүкілресейлік» билік алдында, қайсарлықпен және дәйектілікпен қорғаған кезде белгілеген Қазақстан территориясының, «шеңбер дерлік» пішінге ие болғанын көруге болады [19]. Бұл карта арқылы, Орынбор облысы мен Қарақалпақ автономиялы облысының бөлінуі нәтижесінде, Қазақстанның өз территориясының қазіргі қалпына келгені байқалады. Ә.Бөкейханның, Алаш-Орда автономиясының жариялану қарсаңындағы: «Бізге осы жерлер де аз емес, тек оны сақтап, игерсек болды» деген сөзінен-ақ, ұлан ғасыр территорияны сақтап қалудың қаншалықты маңыздылығын аңғаруға болады.

Әдебиеттер

1. Дониц А.Н. Проблемы нового казахского аула. – Кызыл-Орда: Изд. Госплана КазССР, 1928. – 28 с.

2. Сириус М.Г. К вопросу о более рациональном направлении сельского хозяйства в Северном Казахстане // Народное хозяйство Казахстана. – 1928. – №6-7. – С.15-36.

3. Челинцев А.Н. Перспективы развития сельского хозяйства Казахстана // Народное хозяйство Казахстана, 1928. – №4-5. – С.1-39.

4. Швецов С.П. Природа и быт Казахстан. Казахское хозяйство в его естественно-исторических условиях. Материалы к выработке норм земельного устройства в Казахской АССР. – Ленинград: Н.К.З.КазССР, 1926. – С. 93-105.

5. Дахшлейгер Г.Ф., Нурпеисов К.Н. История крестьянства советского Казахстана. – Алма-Ата: Наука, 1985. Т. 1. – 247 с.

6. Козлов А.П. Истоки аграрной политики советской власти в Казахстане в 1920-е гг. // В мире научных открытий. Социально-гуманитарные науки. – 2015. – № 9.3 (69). С. 823-829.

7. Абдурахманов Н.А. Из истории политики землеустройства казахского населения в 1917-1927 гг. Роль национальной интеллигенции в разрешении земельного вопроса [Электронный ресурс] // Вестник Карагандинского университета. – 2014. – № 4(76). – С. 26-33. Режим доступа: [URL:https://historyphilosophyvestnik.ksu.kz/apart/srch/2014_history_4_76_2014.pdf](https://historyphilosophyvestnik.ksu.kz/apart/srch/2014_history_4_76_2014.pdf)

8. Казиев С.Ш. Переселенческий вопрос в национальной политике советского государства в Казахстане в 1920-е годы // Вестник Пермского университета. История. – 2014. – № 3 (26). – С. 116-124.

9. Алексеенко Н.В., Алексеенко А.Н. Население Казахстана за 100 лет (1897 – 1997 гг.). – Усть-Каменогорск: Полиграфия, 1999. – 147 с.
10. Алексеенко А.Н. Население Казахстана в 1920-1990 гг. – Алматы: Ғылым, 1993. – 125 с.
11. Алаш-Орда: Сборник документов. Сост. Мартыненко Н. – Алматы: «Айқап», 1992. – 189 с.
12. Қыр баласы. «Торғай облысының мұжық-қазағының сиезі». //«Қазақ», газ., – Орынбор, 1917. – № 229.
13. Ғали хан. Мен кадет партиясынан неге шықтым?// «Қазақ» газ. – Семей, 1917, 23 желт., – № 256.
14. ЦГА РК. – Ф. 17. – Оп. 1. – Д. 23. – Л. 11.
15. Бектуров Ж. Үш Әлекең // Орталық Қазақстан, 1989.
16. Старый Степнякь. Будущая пустыня // «Сибирские вопросы» журн. – 1908. – №45-46. – С. 19-27.
17. РГАСПИ. – Ф. 17. – Оп. 3. – Д. 65. – Л. 17.
18. Садвокасов С. Основные проблемы, возникшие при районировании Киргизии (Окончание) // Советская Киргизия. – 1924. – № 1-2. – С. 36-42.
19. Kazakhs on Russians Before 1917. A. Bukeykhanov, M. Dulatov, A. Baytursynov, T. Ryskulov // Society for Central Asian Studies. Reprint series. – 1985, Oxford. – № 5.

ҒТАМР: 11.09.91

ҚҰНАНБАЙ ӨСКЕНБАЙҰЛЫНЫҢ САЯСАТТА ҚАЛДЫРҒАН ТАҢБАСЫ

Сұлтан З.Т., Таңсықбай А.Т., Калилаева Г.Ж., 3 курс студенттері

Астана халықаралық университеті

(ҚР, Астана қ.)

Құнанбай Өскенбайұлы, Құнанбай қажы (1804, бұрынғы Семей облысы Шыңғыстау, Ақшоқы қыстауы – 1886, сонда) – би, аға сұлтан Абайдың әкесі, көрнекті қайраткер. Құнанбай жасынан палуан, найзагер болды, қатал да әділдігімен ерекшеленіп, әкесі Өскенбайдың тәрбиесінде ел билігіне араласты. 1834 ж. әкесінің орнына Күшік-Тобықты болысының старшындығына сайланады. Осыдан 1856 жылға дейін билік тізгінін қолынан шығармаған. 1846 ж. генерал Вишневскийдің ұлы жүз қазақтарын Ресейдің боданы ету мақсатында жүргізген арнайы экспедициясына қатысты. Экспедиция құрамында болған поляктың саяси қайраткері А.Янушкевич сапарнамалық күнделігінде Құнанбайдың қайраткерлік тұлғасы туралы: «Құнанбай өңірге аты жайылған адам, қарапайым қазақтың баласы. Ғажайып ақыл-ес және жүйрік тілдің иесі. Іскер, аталастарының игілігі туралы қам жейді, дала заңдары мен Құран қағидаларының жетік білгірі, қазақтарға қатысты ресейлік жарғыларды бес

саусағындай біледі, қара қылды қақ жарған би және өнегелі мұсылман. Жұрт пайғамбардай сыйлайды. Одан ақыл сұрауға жас та, кәрі де, кедей де, бай да шалғай ауылдардан келіп жатады. Тобықты руының сеніміне ие болып, болыстыққа сайланған..., әділетсіздік пен дәулеттілердің зорлығына қарсы қалқан болған» – деп сипаттайды («Қазақ даласына жасалған саяхат туралы жазбалар», А., 1979).

Құнанбай «Ескі там» деген жерде мектеп ашты. Патша өкіметіне адал қызметі үшін оған 1846 ж. хорунжий атағы берілді. 1849-52 ж. Қарқаралы округінің аға сұлтандығына сайланды. Бірақ Шыңғыстың бөктеріндегі қыстау үшін Бөжейге жасаған қысымына байланысты тергеуге тартылып, Омбы қаласында мырзақамақта (қамауда) жатады. Қамаудан Дала генерал-губернаторының қазақ істері жөніндегі кеңесшісі, полковник Шыңғыс Уәлихановтың кепілдігімен босанып шығады. Аға сұлтан кезінде Қарқаралы қаласында мешіт салдырды. Арқат-Аягөз бекеті аралығында поштаны тонап, хорунжийді өлтірген Табылды, Үдербай, Әбділда, Тұңлікбай есімді қазақ жігіттерін Барлық тауында тығылып жүрген жерінен Аягөз округінің аға сұлтаны Барақ Солтабаевтың көмегімен Құнанбай патша өкіметіне ұстап береді. Осының арқасында оның үстінен жүргізілген тергеу ісі тоқтатылып, хорунжий атағы қайтарылған. ұсталғандар Аягөз қаласында дарға асылып, атылғаннан кейін өзінің алданғанын түсінген Құнанбай биліктен бас тартып, қайтып мұндай іспен айналыспауға бекінеді. Омбы архивіндегі «Құнанбай Өскенбаевтың қылмыстық ісі» деген көлемі 1700 беттік тергеу ісінің соңына 1862 ж. Құнанбайдың қажылыққа кетуіне байланысты «істі жабу» туралы Минскке жолданған хаты тіркелген. Кей деректерде Құнанбай қажыға 1874 ж. барды делінеді. Меккеде 2 жылдан астам уақыт тұрып, құдайға құлшылық етушілерге арнап тәккия (қонақүй әрі медресе қызметін атқарған үй) салдырады. Құнанбай – аса күрделі тұлға, билік тізгінін ұстаған кезіндегі қайраткерлігі қарама-қайшылықтарға толы. Ол би, болыс, аға сұлтан кезінде биліктің үш тұтқасын – қазақтың дәстүрлі заңын, патша өкіметінің «Сібір қазақтарына арналған низамын», шариат жолын қатар ұстанды. Қазақ дәстүрінің негізіне сүйене отырып, оңтайлы шешімдерді жүзеге асырды. Қатал да әділ билік елді тезге салып, жөнге келтіреді деп білді. Барымтаға, ұрлыққа, дінбұзарлыққа, зинақорлыққа қатаң тыйым салды. Заманның ауқымын аңдап, ертеңін болжай білді. Балаларын орысша оқыта отырып, мұсылмандықты уағыздады. Медресе салдырып, Әуез, Ғабитхан, Кішкене молда секілді шариат білгірлерін аулына көшіріп әкеліп, бала оқыттырды. Сырттай Кенесары қозғалысына қарсы күрескер ретінде көрінгенімен, оған астыртын қолдау жасап, көмек берді. Құнанбайдың бәйбішесі Күнкеден – Құдайберді, екінші әйелі өл-жаннан – Тәңірберді, Ибраһим (Абай), Ысқақ, Оспан, үшінші әйелі Айғыздан – Халиолла, Смағұл, Кәмшат атты ұл-қыздары туған. Төртінші әйелі Нұрғанымнан туған баласы жасында қайтыс болған. Балаларының ішінде Абайдың болашағынан ерекше үміт күтіп, оны 13 жасынан қасына ертіп, билікке баулыған. Абай да әкесінің билік жолын үлгі тұтты. Ел арасында Құнанбай айтты деген нақыл сөздер кең таралған. Құнанбайдың өмірі мен қайраткерлігі туралы деректерді

жинап, бір ізге түсірген – М.Әуезов, оның «Абай жолы» эпопеясында Құнанбай бейнесі кеңестік идеологиялық ықпалына сай бұрмаланғанымен, жан-жақты сипатталып, шебер сомдалған.

Әкесінің 40 жасынан асқан шағында дүниеге келіп, оның соңғы 40 жылдық өмірін өз көзімен көріп өскен Абай 1895 ж. баласы Әбдірахман дүниеден қайтқанда шығарған «Арғы атасы қажы еді...» деген жоқтау, жұбату өлеңдер Құнанбай туралы бар шындықты айтып, әкесінің ел сүйсінерлік ерен тұлғасын жасады. Абайдың суреттеуінше де Құнанбай ізгі істерімен артына өлмейтін атақ қалдырған, мұнды: шерлі жоқ «жітіктердің қамқоршысы болған, ақылды, адал, жомарт, әділ адам». Құнанбайдың қоғамдық қызметіндегі игілікті қызметінің бірі – оның оқу-ағарту ісіне ерекше мән бергені. Ол өзі дінді мықтап ұстанып қана қоймай, қаратанудың, сауаташудың, ескіше ғана емес, орысша оқудың заман ағымына ете қажетті екенін ұғынып, өз аулынан қазақ балаларына тіл үйретіп, білім беретін училище ашпақ болып, 1845 ж. шекара басқармасына қазақша-орысша сейлей алатын жаза білетін орыс мұғалімін жіберуді сұрап, хат жолдайды. Шекара бастығы Құнанбайдың бұл тілегін мақұлдайды. Бірақ екі тілді бірдей білетін мұғалімнің жоқ екенін айтып, тобықты еліндегі тілмәшті қызметтен бос уақытында еңбекақы төлеп, бала оқытуға пайдалануға кеңес береді.

Меккеге қажылық

Бұдан кейін Құнанбай «Ескі там» деген жерде мектеп ашып, онда орысша сауатты Ғабитхан Ғабдыназарұлы деген ноғайды мұғалім етіп тағайындайды. Сөйтіп, өз балалары мен руластарының балаларын оқыта бастайды. Құдайберді, Тәңірберді, Ибраһим (Абай), Ысқақ, Оспан, Халиуллалар алғашқы сауатын осы мектептен ашқан. Құнанбай балаларын одан әрі оқытуға ерекше ынталы болады. Ибраһимін Семейдегі діни медресеге береді. Халиулланы 1858 ж. Омбы кадет корпусына оқуға енгізеді. Оны бітірген соң Москвадағы әскери училищеде оқуына мүмкіндік жасайды. Құнанбай 1849 ж. Қарқаралыда мешіт, 1874-75 ж. қажылық жолмен Меккеге барып, онда мұсылман елінен барған адамдар түсетін үй – Тәкие салғызған. 1900 ж. Қазан қ-ның баспасынан жарық көрген, шығарушы семейлік Әбдірахман Жүсіпұлының «Қажы Әндірбай қалпе» деген жыр үлгісімен жазылған кітабында Құнанбайдың Меккеге сапарына қатысты жолдар бар. Бұл сапар жайлы деректер 1883 ж. Қазанда басылған «Маңызды мәселелер» деген кітапта Абайдың немере інісі Шәкәрім Құдайбердиевтің кітабында да айтылады Әкесінің бұл сапары туралы Абайдың:

«Меккеде уақып үй салып,
Пәтер қып, жаққан шырақты.
Бір құдайдың жолына,
Малды аямай бұлапты», –

деген жолдарын да оқимыз. Құнанбайдың қарсылас айтыс-тартысқа түскен адамдары да аз болмаған, талай рет үстінен жазбаша шағым арыздарда түсіріп, тергеуге алынған. Ол дұшпандарын қатал жазалап, реті келгенде жер айдатып та

жіберген. Күш жұмсап, елін шауып алған. Архив құжаттарында Бежей Ералыұлының 250 жылқысын тартып алғаны үшін қылмысты іс қозғалғаны, аға сұлтан болып тұрған көзінде елден заңсыз алым жинап, оны өзі пайдаланғаны, 5000-дай адамнан қол жиып, Ералыұлының аулына шабуыл жасағаны, оның 250 жылқысын айдап әкеткені, басқа кісілердің иелігіндегі шұрайлы жерлерді өз иелігіне алып, көп адамдарды аяусыз жазалап, бірнеше кісі өлімі болғаны, ақырында аға сұлтандықтан босатылып, Омбы қаласына шақыртылып, қамауға алынғаны, патша өкіметінің заңы бойынша 156-баппен жауапқа тартылғаны жайында мәліметтер сақталған. Құнанбайдың бұл ісіне Омбыдағы Батыс-Сібір әскери губернаторының кеңесінде қазақтар жөніндегі кеңесші қызметін атқарып жүрген Шыңғыс Уәлиханов араласып, оны түрмеден босатып, кепілдікке шығарып, ісін қайта қарау деген желеумен бұздырған. Онымен қоймай, Омбыдан Қарқаралы округіне өзі әкеп салып қайтқан. Шоқан Уәлихановта сол 1854 ж. Омбыда қызметте болған.

Құнанбай – Бөжей арасы

Жер дауы «Құнанбайдың қылмысты ісінде» үлкен орын алды. Соның бастысы Бөжейдің жер дауы. Құнанбай – Бөжей арасы 1846ж. дейін жақсы болған. Құнанбай оған үнемі қамқорлық жасап, өзімен тең ұстаған. Шешуі қиын дауларды да сенім білдіріп, Бөжейге жіберіп отырған. Өзімен бірдей күміс мөр де жасатқан. Өкіметтен старшина атағын, мақтау қағаздар да алып берген. Солай бола тұрса да, Құнанбай озбырлығы асқынып, аралары ашылып, ақыры үлкен жауласушылыққа айналады. 1853 ж. Бөжей өлгеннен кейінде Қаратай Сапақұлы, Кенжалы Әйтиұлы бастаған топ арызды тоқтатпай, Құнанбайды айыптап және болысты екіге бөлуді сұрап дамыл таппайды. Бөжей балалары Жабай, Нұрмолдалар да губернатор Г.А. Колпаковскийге қайта-қайта арызданып, тартып алған жерлерін сұрайды. 1846 ж. басталған бұл дау, 1866 ж. Күшік-Тобықты болысының басқарушысы Құнанбайдың баласы Құдайберді өліп, оның орнына 20-21 жасқа жаңа толған Ибраһим (Абай) Құнанбаев болыстыққа сайланғаннан соң ғана шешіледі. Құнанбайды айыптау ісінде талай кісі өлімі туралы айтылады. Бірақ тергеушілер Құнанбайдың мойнына қоятын айғақты дәлел таба алмайды. Құнанбайға тағылатын айыптың бірі – Қодар мен Қамқаның өлімі. Бірақ ол жайында архивтерде ешқандай дерек кездеспейді.

Құнанбай Қарағанды, Семей оязының дербес кемекшісі болды деген дерек бар. Ал, 70 тен асқанда Меккеге барып, қажы атанған Құнанбай енді бұдан әрі (жалған дүние сөзіне араласпай) шымылдықтың ішінде тыныш жатып, құдайына құлшылық жасаумен өмірін өткізеді. Құнанбай жөнінде ел аузында аңыз-әңгімелер көп, оның ел арасындағы беделін жыр еткен Балта, Қуанышбай сияқты ақындардың өлең-жырлары бар. М.О. Әуезовтың сөзімен айтқанда, «Құнанбай басының қайшылығы көп болған. Ол – феодалдық дәуірдің, өз табының бел баласы, ісі мен мінезінде заманының айқын таңбасы бар».

Құнанбай жайындағы өмірлік ақиқат материалдар Әуезовтың «Абай жолы» эпопеясында көркемдік шешімін тапқан. Тобықты елінің Құнанбайынан – әдебиеттік кейіпкер Құнанбай бейнесі жасалған. Құнанбайды толық танып-білу – Абайды да мұқият оқып-зерттеуімізге септігін тигізеді [1].

Қазақ шежіресінде Құнанбай бидің арғы ата-бабалары былайша таратылады: Арғын – Қотан – Дайырқожа – Қарақожа – Кенжесопы – Тобықты – Рыспетек – Мұсабай – Сүйірбас – Сары – Кішік – Өйтек – Олжай – Айдос – Ырғызбай – Өскенбай – Құнанбай.

Ел аузындағы шежіре-ақындарға қарасақ, осы аталардың бәрі де шетінен осал кісі болмағанын көреміз. Ең әуелі «Арғынның арғы атасы – Қотан ақын» деген қанатты сөз елге жайылып кеткен.

Алашта Арғын ата туған зерек,
Өзгеден сол кісінің жөні бөлек.
Арғынның түп атасы ақын Қотан,
Өлеңге бізден ұста болса керек, –

деген Жанақ ақынның өлеңі де бар. Демек, Арғын ұрпақтарының шетінен ақын, әнші, сөзге шешен ділмар боп өсіп-өнгені көрініп тұр. Қотаннан кейінгі атасы Дайырқожа болса Әбілқайыр ханның оң тізесін басып отырған сенімді биі екен. Оның шешендік әділдігі жөнінде ел «Ақжол би» деп ұрандап кеткен. Сол Ақжол биді Қара қыпшақ Қобыланды батыр өлтіреді. Сонда Қотан ақын баласын жоқтап:

Қара қыпшақ Қобыландыда нең бар еді, құлыным!
Сексен асып таянғанда тоқсанға,
Тұра алмастай үзілді ме жұлыным!..

деген екен. Сол дуалы ауыз Қотан ақын айтқан бұл жоқтау да осы күнге дейін ел аузында айтылып келеді. Дайырқожаның бәйбішесінен Қарақожа одан Кенжесопы туады. Қанжығалы мен Тобықты осы Кенжесопыдан екен. Бұл екеуінен де кезінде ел билеген мықты кісілер шыққан. Тобықтыдан Рыспетек одан Мұсабай би туған. Мұсабай би әйгілі – Өз Жәнібек ханның белгілі, беделді шешен биі болған. Сол Мұсабайдан Сүйірбас, одан Әлі, Қожаберген, Сары деген батырлар шыққан. Олар атақты Есім ханның сенімді қолбасшы батырлары болып, талай жорық соғыстарға қатысқан. Түркістан шаһарын жаудан азат етер кезде Әлі батыр Түркістан ханы Тұрсынның Қоңырбике деген қызын алып келіп, інісі Сарыға қосыпты. Сарының бәйбішесінен Мәмбет сопы мен Кішік туады. Кішікті ел келе-келе Күшік деп атап кетеді. Сол Кішіктің тоқалынан атақты Әнет (кейін ел «Әнет баба» деп кеткен) туады. Әнет баба – көріпкел әулие абыз екен. Ол алды артын болжап айта беретін қасиетті кісі болыпты. Әнет баба 1626 жылдары туып, 1723 жылғы жоңғар басқыншылығы кезіндегі бір соғыста алты баласымен бірге жау қолынан мерт болады. Екі қабат бір келіні аман қалып, одан ұл туады. Оның атын жақсы бабасының соңғы тұяғы деп «Бақай» қояды. Сол Бақайдан Әйтек ата ұрпағы тарайды. Әйтектің бәйбішесінен Олжай, ал тоқалынан Байбөрі, Қалқаман туады. Байбөрі ел басқарған беделді кісі болған соң «Бөкең» аталып кеткен. Осы күнгі «Бөкең балалары» сол Байбөріден таралған. Ал, Қалқаман өзі сері, әрі батыр жігіт екен. Ол өзінің Мамыр деген

қарындасына ғашықтығынан жазықты боп қалады. Әнет би оны өлім жазасына кеседі. Бидің бұйрығы бойынша Қалқаман садақ кезеніп тұрған жігіттердің алдынан шауып өте бергенде, ауыр жараланып аман қалады. Қалқаман еліне өкпелеп, Алатау асып кетеді. Ол Жетісуды жайлап отырған нағашысы Үйсіндер ауылына жетіп пана табады. Осы күнгі Алматы жанындағы «Қалқаман аулы» сол Қалқаманнан қалған үрім-бұтақтар.

Ал, Әйтектің үлкен баласы Олжайдан Айдос, Қайдос, Жігітек тарайды. Жігітектің бәйбішесінен атақты Кеңгірбай би туған. Сол Кеңгірбайға билік тиген соңақ Тобықты еліне еркіндік орнаған. Оғанға дейін тобықты әр елдің талауында боп жүреді екен. Айдос момын ғана шаруа болыпты. Оның Айпара деген бәйбішесі сол ауылды билеген ақылды да, беделі асқан, ақын ана болған екен. Айпара ана жөнінде ел арасында мынадай аңыз таралған. 1723 жылдың жаугершілік кезінде Тобықты елі оңтүстікке қарай тайлы-таяғымен үдере көшеді. Жолда олар ашығып-арып әбден әбігершілік көреді. Кеше ғана көшіп кеткен бай ауылдың ескі жұртына жетсе, бір ақсақ түйе шөгіп жатады. Ауыл адамдары ол түйені союға бата алмай жүреді. Айпара «іздеп келгендерге өзім жауабын беремін» дейді де, түйені сойғызып, қырық жілік қылып, ашығып келе жатқандарға бөліп бермек болғанда «іздеушілер келе жатыр» дегенді есітіп еді. Айпара дереу түйенің етін терісіне орап, ошақ басына көмеді де, оның үстіне күрке тігіп алады. Күркенің оң жағына шалын өлген адамға ұқсатып жатқызып бүркеп тастайды. Іздеушілер келе бергенде, шалын жоқтап дауыстайды. Әлгілер қаралы үйді тінтуге батылы бармай, басқа үйлерді қарап, түйесінің етін таба алмай қайтып кетеді. Сөйтіп Айпараның ақыл-айласымен ашыққан ауыл адамдары түйенің етін бөлісіп жеп, аштықтан аман қалыпты деседі. Сол Айпара анадан Ырғызбай, Торғай, Көтібақ, Толай туады. Бұлардың ішінде Ырғызбай айбынды Абылай ханның айтулы биі болады. Ырғызбай биден Өскенбай, Өсер, Мырзатай, Жортар туады. Өскенбай бес әйел алып, өсіп-өнген ата болған. 1-ші әйелі Зереден - Құнанбай, Құтпанбет, 2-ші әйелі Таңшолпаннан – Төлепберді, Шыбар, Елеусіз, Ақмағамбет, 3-ші әйелі Мақыптан Жақып, 4-ші әйелінен Майбасар, 5-ші әйелі Күншеден Бейсенбі, Сұлтанбек, Кенжебай тарайды. Өскенбайдың Тобықты еліне би сайлануына әсіресе Кеңгірбай би себеп болған деседі ел. Кеңгірбай би қартайған шағында өзінің Ералы, Төлеу, Қотанбұлақ, Қалбай деген балаларына сенбей Тобықтыны билеуге ел қамын ойлайтын ақылды, әділ, әрі парасатты адамгершілігі мол деп Өскенбайды ұсынады. Бұл ұсынысты халық құптап, Өскенбай Тобықтыға би болып бекітіледі. Өскенбай Кеңгірбайдың ойынан шығады. Елді мейлінше адал, әділдік жолымен басқарады. «ісің адал болса, Өскенбайға бар, арам болса, Ералыға бар» деген нақыл содан қалса керек. Өскенбай би 1850 жылы қайтыс болған соң ел-жұрты оның орнына баласы Құнанбайды би етіп сайлайды. Жастайынан әкесінің жанында жүріп ел билеу ісіне араласып жөн-жосық көріп қалған Құнанбай билік жұмысын тез игеріп ілгері алып кетеді. Оның ел билеу әдістері әкесі Өскенбайдан ерекшелеу болады. Кейбір мінез, билік, кесімдері әкесінен асып түседі. Қайсар, қатал мінезді Құнанбай би әрдайым алған бетінен қайтпайтын, алысқанын алып жықпай қоймайтын, жер дауы жесір дауы, күн дауы және сондай ел арасындағы

дау-жанжалдарға билік айтарда бұлтармай, жалтақтамай билікті кесе-кесе батыл айтатын адуынды да қатал би болған.

Көрші елдердің жерін иелену үшін Құнанбай би әртүрлі айла әрекеттер қолданған. Өзінің тартып алған жайылым, қыстауларына найман, керей, уақ елдерінің қара шаруа малшы, жалшыларын, өзінің сөз сөйлер, сойыл соғарларын орналастырады. Қожа, молдаларды жинап, дін уағыздарын елге таратуды қолға алады. Өзінің балаларын ертерек үйлендіріп, оларға көп әйел әпереді. Ол балаларының малын бағатын жалшы-жақыбайлар ұстайды. Олардың әрқайсысын өз алдына ауыл етіп, жеке-жеке қоныстандырады. Міне, Құнанбай өзіне қажетті жерді осылайша кеңейтіп игеріп отырған. Құнанбайдың осындай әрекеттеріне шамасы келмеген өзге елдер одан ығысып, іргесін аулақ салып, тіптен кейбірі басқа ру-тайпаларға көшіп барып сіңісіп кеткен. «Құнанбай тұсында тобықты ішінде мұнымен тең түсетін басты адамдар: Бөжей, Қаратай, Байсал, Сүйіндік, Байдалы, Түсіп сияқты кісілер болған. Мұның көбімен Құнанбай бірде дос, бірде араз боп өтеді. Қатты жұлқысқан кісілері де осы топтың ішінде». Тобықтының бұл айтылған белді-белді адамдарымен айтыс-тартыстары ұлы жазушы Мұхтар Әуезовтың «Абай жолы» эпопеясында да жан-жақты суреттелген. Бұдан Құнанбайдың көрші ауылдарға зорлық жасап жайлау, қыстау өрістерін тартып алуы, қарсы келгендеріне дүре соқтыруы, Қодар сияқты жазықсыз жандарды өлім жазасына кесуі, осы тәрізді қаталдық пен өктемдіктерді атасақ та жеткілікті. Сондықтан да одан зәбір-қорлық көрген ел-жұрт: «Оның аты Құнанбай, жүйріктігі құнандай, шұбарлығы жыландай,...» деп, мақалдап кеткен.

1822 жылы Ресей патшалығы «Сібір қазақтарын басқарудың уақытша ережелері» деген заң шығарды. Осы заң бойынша қазақ даласында хандық жойылып, оның орнына аға сұлтандық билігі орнады. Аға сұлтандар тек қана хандар, төрелер тұқымынан белгіленуге тиісті еді. Бұл кезде тобықты елінің ауқымы кеңейіп, оған Қарқаралы округі де қарайтын. Осы округке дуан басы аға сұлтан болып Құнанбай сайланады. Сайлау кезінде айтыс-тартыс аз болмаған. Құнанбайдың аға сұлтан боп сайлануына ең алдымен өзінің ықпал-абырой, беделі себеп болады да, екіншіден оның сөзін сөйлеген демеушілері де осал болмаған. Сондықтан да оның аға сұлтандық дәрежеге қолы жеткен. Халық «қарадан сайланған хан» деп Құнанбайдың атақ, даңқын бұрынғыдан да асқақтата көтеріп әкеткен. Қарқаралыдан Құнанбай аға сұлтан болып еліне келген соң, оған қошемет көрсетіп құтты болсын айтушылар көбейді. Құнанбай қатар-қатар ақ боз тіктіріп, келім-кетімдерді бірнеше күн күтіп, сыйлап той өткізеді. Бұл жиынның аяғы басылған соң жігітек елінің ру басы, атақты Кеңгірбай бидің ұрпағы Бөжейді болыстыққа ұсынады. Бөжей болмаймын деп, ол орынға Өскенбайдың тоқалынан туған, Құнанбайдың інісі өзінің досы Майбасарды атайды. Осы арада біраз айтыс-тартыс шиеленіседі. Ақыры Бөжей жағының ұсынысы қабылданып Майбасар болыс болып сайланып кетеді. Майбасар, ұрдажық, дөрекі, зорлықшыл, әпербақан мінезді екен. Қарамағындағы ауылдарға жайсыз боп шығады. Одан зәбір көрген ел Құнанбайға барса, ол «оны болыс етіп сайлаған Бөжей, соған барындар» деп сылтау айтады. Ал, Бөжейге

барса, «Құнанбайдың інісі ғой, ол мені тыңдамайды, Құнанбайға барыңдар» деп жұртты әрі-сәрі әуре қыла беріпті. Бұл істің ақыры Құнанбайға барып тіреледі. Майбасар інісінің кесірінен және оған қоса Құнанбайдың қаталдық, зорлығынан зәбір көріп жүрген Көтібек, Байсал, Қаратай, Пұшарбай, Түсіп сияқты куәгер ел басшыларының арыз-шағымымен істі болып Омбы губернаторына шақырылады. Бір жылдай тергеу астында жүріп әбігерге түседі. Дәл сол жылы тағы мынадай оқиға болады: Семей мен Верный арасында жүріп тұрған губернатордың почта таситын офицерін өлтіріп, ақша, заттарын тонап кетеді. Оны істеп жүрген әлгінде аттары аталған Құнанбайдың үстінен арыз жазып жүрген қастас ағайындарының адамдары болып шығады. Мұны Құнанбай жақсы біледі екен. «Құланның қасуына, мылтықтың басуы» демекші ол дереу бұл оқиғаны пайдаланып губернаторға барады.

Тақсыр, мен ол адамдарды білемін. Мені осы істен құтқарсаңыз, почтавойыңызды өтірген қылмыскерлерді көрсетіп беремін, – дейді. – Губернатор уәде береді. Құнанбай өзінің қастасын, айтысып жүрген адамдарын ұстатып түрмеге жаптыртады. Губернатор Құнанбайды тергеуден босатып, оязға дербес көмекші етіп алады. Міне, бұл жерде де Құнанбай өзінің тапқырлығы мен айлакерлігін танытып шығады.

Аға сұлтан болып тұрған жылдары Құнанбай Қарұаралы қаласына мешіт-медресе тұрғызады. Өзінің қол астындағы ауылдардың үлкен-кішісін сол мешіт-медресеге тартады. Жас балаларды оқытып мұсылмандыққа, имандылыққа баулиды. Жасы 70-тен аса бастағанда ел басқаруды, билікті балаларына тапсырып, өзі Меккеге қажылыққа барады. Қазақ елінен, өзге мұсылман жұртынан түсіп, қонып тұрсын деп өз қаражатына Меккеден «Тақия» деген тұрғын үй салдырады. Сөйтіп, сол кезден бермен көптеген келім-кетім мұсылмандардың сауабын алады.

Құнанбаймен бірге Омбыға айдалып барған Тоқсан бидің туысы Торқан деген кісі екі жылдан кейін қашып Құнанбайды паналап, арып-ашып келіпті. Құнанбай Абайды шақырып алып, «мына Торқанды тәрбиелеп, бақ» депті. Абай: «Тәте, бұл адам неңіз еді?» – дегенде, Құнанбай:

Қажымас, қате баспас хан бола ма,
Таусылмас, табан таймас жан бола ма.
Бәйгеден қосқан сайын келсе дағы,
Тұлпарда арықтаса сән бола ма? –

деп, «бұл кісі қиын жағдайда бірге қиналған жолдасым еді», – депті.

Аға сұлтан Құнанбай Абақ – Керейге келіпті дейтін әңгіме бар. Сонау Семейден шығыстағы Абақ еліне арыстың аға сұлтаны Құнанбай келе жатыр деген хабар қалың қазақ пен моңғолдар арасында жаппай таралып кетсе керек. Сонымен қабат, Құнанбайдың еліне бару орайында Керейден бітім аламыз дейтін жұрт түгел тұс-тұсынан аттаныпты. Ел ағалары бас-аяғы жиналып Қаба өзенінің бойында оны үй тігіп қарсы алыпты. Абақтың ел ағалары Шабу би, Шегетай батыр, Шал, Жантөре би, Байқан, Көкен бас қосып, кеңес құрыпты:

Елімізге дақ келтірмей күтеміз, айтысқа түсіп, есеге есе көрсетеміз, тендікте тұрып, тартысқа тартыс береміз, сайысқа түсіп сөзге сөз сынасамыз, деп сілкініпті. Сауынға тігілгендей қатарласқан оюлы ақ отауларға қонақтар толған соң, ортадағы орда кеңес үйге билер лық толса керек. Ру шонжарлары тиесілі орнына жайғасын болғаннан кейін қонақ иесі Шабу би сөз бастайды. Билікті рудың төрелері немесе ел ағасы билер айтуға тиісті. Сонымен бір-біріне ұсынып отырғанда, төрден орын ала алмаған, есік жақтағы бір шешен сөз бастапты. Қара құлын терісінен тігілген тайжақы кіреуке жамылып, құлын терісінен жасатқан белбеуіне сапы асынған жас жігіт Құнанбайға қарсы жүгініп:

– Біз сөзді қалай бастаймыз?! Ортамыз ойылып, ордамыз бұзылып, қоныс ауып, мекен қуып көшіп жүрген елміз. Тұрған жеріміз қалың дәрсет пен ұранқайдың ортасы. Бұлардың бесік белгісі, төсек үлгісі жоқ, «алса бітім, берсе бітім» дегенді ғана біледі. Ортасы ойылып, ордасы бұзылмаған, жаны бір, заңы бір ағаның баласы өзі бастамай ма? – депті.

Сонда аға сұлтан Құнанбай шынтақтап жатқан жастығынан басын көтеріп, Бейсенбіге барлай қарапты.

– Болар, болар, өзі болар. Болғалы тұр екен ғой, аузының жұрт айналар икемі бар, көмейінің жау айбынар сұр жыланы бар жігіт екен. Жиын өзі де басталды емес пе, – депті.

Бейсенбі жас болса да осыдан бастап Абақ елі ортасында таныла берген. Кейінгі кезде Абақ елі төре билік айтар төбе би сайлағанда: «Аға сұлтан Құнанбай келгендегі үлкен жиында қазақ пен монғолдың, Найман мен Уақтың төресі мен билері, шешендері мен шенділері бас қосқанда топ жарып сөз бастаған ата сұлтан Құнанбайды Аузы дуалы, сөзі куәлі, қара қылды қақ жара сөйлейтін білікті, қайсар, би, айтулы шешен» екен деп, ел зор құрмет көрсетті. Сол отырыста Бейсенбі оны ұстаз тұтып батасын алыпты.[2]

Аңыз

Құнанбай биді кейбіреулер қатал, мейірімсіз дейді. Тіптен олай емес, оның кешірімшіл, мейірімді кездері де аз болмаған. Оған мына бір болған оқиға дәлел: Тобықты елінде оның ішінде Жуантаяқ руынан шыққан, жортуылшы батыр Бәзіл деген болыпты. Бәзіл үнемі бойынан қаруын тастамайтын, көбінесе ат үстінде жортуылда жүретін ержүректі, қайтпайтын, қимылына көз ілеспейтін өте әбжіл адам болған екен. Қыс түсіп жерге алғашқы қар жауған күні жылқы ішінен жайылымда жүрген Құнанбайдың үлкен қара ала аты жоғалыпты. Денесі ауыр Құнанбай қыста мінуге шыдайтын ат сол ғана екен, жануар сондай зор ат болса керек. Жылқышылар аттың жоғалуын еріксіз Құнекеңе хабарлапты, Құнанбай жылқышыларға:

– Сырттан келгенсіз бар ма? Қасқыр жесе, сүйек-саяғы жатады. Ұры болса із-түзі болады, анықтап байқаңдар, – депті.

Жылқышылар іздеп қарап, ештеңе байқай алмапты.

– Еңдеше, іздеп әуре болмаңдар, мұны Бәзіл сойып алған екен, – депті де қойыпты Құнекең.

Алайда, Құнекеңнің жанында жүрген билер мен болыстар Бәзілді сізге шақырайық, қара ала аттың жәйін сұрайық, егер ұрласа оны жазалайық, – дей

беріпті. Бірнеше рет олар соны айта берген соң Құнанбай Бәзілді шақыртайық десендер шақыртыңдар деген екен. Айтқандай бір күнде Бәзіл келіпті. Келген бетінде төрде отырған Құнанбайға қарсы жүгіне тізесін бүгіп отыра беріп:

– Құнанбай, мені неменеге шақырттың? – депті бетіне бажырая тік қарап.

Сонда Құнанбай жәй ғана дауыспен байыппен сөйлеп:

– Бәзеке, ат үстінде көп жүресіз, біздің әлгі жоғалған қара ат көзіңізге түспеді ме? – деп қана сұрайды.

Сонда Бәзіл тайсалмай сөйлеп:

– Ол Қара ала ат көзіме түскенді қойып, менің ішіме түсті. Оны мен соғымға сойып алдым. Сен бір қыста соғымға – 50-60 қара соясың. Соятын қойдың да есебі жоқ. Сонда маған бір жылқың көп пе? – деген екен.

Мұны естіген Құнекең ләм-мим деп ештеңе де айтпапты. Басқалар ойлап қалса керек, Құнанбай Бәзілді енді құртатын болды деп. Үнсіздікті Бәзіл өзі бұзып, Құнанбайға:

– Сол ма мені шақырғаның, – депті.

Құнанбай:

– Иә, сол еді, – депті де қойыпты.

Бәзіл үйден шыға бергенде анадайда отырған біреуге:

– Ана Бәзілді аттандыр, бірақ оң жақ жеңінде не бар екенін байқашы? – депті.

Аттандырып келген жігіт айтыпты:

– Оң жақ жеңінің ішінде жалаң қанжары бар екен, – депті. Сонда үйдегі кісілер таң-тамаша қалыпты.

– Осыны көрмей білген Құнекеңдер әулиедей білгір емес пе? – дескен былайғы отырған адамдар.

Аңыз

Тобықты елімен Қаржас елі арасында жер дауы шығып, оның аяғы үш-төрт жылға созылыпты. Айтылған бітімге екі жағы келісе алмай наразы болып, жоғары жаққа шағынып, билікті бұздыра беріпті. Сөйтіп бұл дау төтенше съезге түсіпті. Съезде тобықтылар атынан Құнанбай би, Қаржас жағынан Шорманның Мұсасы сөз сайысына түсіпті. Екі би біраз салғыласып, бір бітімге келе алмапты. Басын келіп изесе, оған да қыл бостандық, аяққа салып баспаңдар. Бақ тайса ажарыңа қарамайды, біреуді біреу сырттан табалайды, Басыңа қарапайым бір іс түссе, Қылды деп білместікпен шамалайды. «Адам басы алланың добы» деген, Дәм тартса әр тарапқа домалайды. Мұса кезекті бір сөзінде: «Менің ата-бабама бақыт қонған, біздің мәртебеміз биік, салмағымыз басым, байтақ жатқан елім бай, көкорай шалғын жерім бар, шалқып жатқан көлім бар...» – деп, өзінің байлығын термелеп, мақтана беріпті. Сонда Құнанбай оған былай депті:

Пұт болдым деп мақтанба,
Пұттан ауыр батпан бар.
Биікпін деп мақтанба,
Асқар-асқар таулар бар.
Ар жағында аспан бар.

Басыма бақыт қонды деп,
Тосылмаймын енді деп,
Алдаушы жалған дүниеге,
Ғалып болып азбаңдар,
Қарсы келген дұшпаның,
Басын келіп изесе,
Оған да қыл бостандық,
Аяққа салып баспаңдар.
Бақ тайса ажарыңа қарамайды,
Біреуді біреу сырттан табалайды,
Басыңа қарапайым бір іс түссе,
Қылды деп білместікпен шамалайды.
«Адам басы алланың добы» деген,
Дәм тартса әр тарапқа домалайды.
«Бәрекелді, Қүнекең тауып айтты», –

депті ел.

Аңыз

Құнанбай би Меккеге барып, қажылыққа қол беріп келген жылдың қысында үйінде бір топ адам қонақ болып түстеніп отырады. Біреулер «шаруа қайтсе оңалады, малжан қайтсе аман болады?» деседі. Сонда Қүнекең:

Шаруаң оңға айналған шақта,
Мінген атың жүреген болады.
Асыраған итің үреген болады,
Қатының қадірлі болады,
Қызың ажарлы болады,
Малың базарлы болады,
Шөбің шығымды болады,
Малыңа жұғымды болады,
Ұлың білімді болады,
Құлың сенімді болады,

деп, бір тоқталады да, оның аяғын былайша жалғастырады:

Шаруаң солға айналған шақта:
Мінген атың шабан болады,
Асыраған итің жаман болады,
Қатының сараң болады,
Қызың ажарсыз болады,
Малың базарсыз болады,
Шөбің шығымсыз болады,
Малыңа жұғымсыз болады.
Ұлың білімсіз болады,
Құлың сенімсіз болады...

Аумин! [3].

Әдебиеттер

1. Абай. Энциклопедия. – Алматы: «Қазақ энциклопедиясының» Бас редакциясы, «Атамұра» баспасы, ISBN 5-7667-2949-9
2. Қарағанды облысы: Энциклопедия. – Алматы: Атамұра, 2006. ISBN 9965-34-515-5
3. Даланың дара ділмарлары. – Алматы: ЖІПС «Қазақстан баспа үйі», 2001. – 592 б. ISBN 5-7667-5647

ҒТАХР: 14.09.03

ҚҰНАНБАЙ ТҰЛҒАСЫ ТАРИХИ ЕҢБЕКТЕРДЕ

Алымова Х.Ә., 3 курс студенті
Астана Халықаралық университеті
(ҚР, Астана қ.)

Білім мен мәдениет қатынасындағы маңызды қайраткерлердің бірі, Қазақстанның танымал жазушысы, Көктем Әлемінің білім адамы – Құнанбай Өскенбай. Абайдың әкесі, аға сұлтан, қоғам қайраткері. Әкесі Өскенбай Ырғызбайұлы Тобықты елін билеген беделді адам болған.

Құнанбай Өскенбайұлы – өз заманында да, тарихымызды бұрмалаған коммунистік танымдағы кеңес өкіметі кезінде де, тәуелсіздік алған жылдары да қызығушылықта тұрған дара тұлға. Оның ғұмырнамасы туралы айтқанда ең бірінші негізге алынатын материалдар замандастары мен туыстық айналасы өкілдерінің естеліктері екендігі даусыз. Құрбанғали Халидтың «Тауарих Хамсасы», Әрхам Ысқақовтың «Абайдың өмір жолы», Турағұлдың «Әкем Абай туралы» естелігі, Көкбай ақынның жазғандары, Әрхам Ысқақов пен Ниязбек Алдажаровтың шежірелері, әсіресе Ахат Шәкәрімұлының «Құнанбай туралы» және «Менің әкем, халық ұлы – Шәкәрім» естеліктері Құнанбай жөніндегі алғашқы дерек көздері. М.Әуезовтің еңбектері, ғалымның архивінде кездесетін жазбалар және «Абай жолы» роман-эпопеясындағы оқиғалар дара тұлға туралы көптеген мәліметтерді береді.

Құнанбай Өскенбайұлының өмірбаянына қатысты келесі бір бай дерек көзі – архив құжаттары. Омбы мемлекеттік тарихи архивінде сақталған Құнанбайдың, Майбасардың қылмысты ісі жөніндегі деректері Мәскеудің әскери-тарих архивінде сақталған деректер; Петербургтегі юстиция министрлігіне Құнанбай жөнінде келіп түскен жазбалар; Семей әскери-губернаторы жазбалары; Орыстың Географиялық қоғамы архивтеріндегі, кітапханалардағы, ғалымдардың жеке архивтеріндегі сақталған жазбалар; Абай Құнанбаев жайындағы деректер ішінен Құнанбай турасында кездесетін жазбалар; Қазақстанның, Омбының, Петербургтың, Мәскеудің архивтеріндегі Тобықты елінің жай-күйі баяндалатын деректердегі Құнанбай туралы жазбалар [7].

Көрсетілген дерек көздері Абай қорық-мұражайының қорына әр жылдары жинақталып, ғылыми айналымға кірген болатын. Құнанбай жайлы ізденіс жасаушыларға Абай музейіндегі дерек қоры молынша көмек берері анық.

Ахат Шәкәрімұлы: «Құнанбайдың денесі өте сымбатты, толық, бойы зор, жүзі нұрлы, бота көз, маңдайлы, қыр мұрын, сұлу болған. Балғын зор денесі – балуандыққа, өткір көзі – ерлікке, басы – ақылдылыққа сәйкестене біткен», – деп жазады.

Құнанбай жастайынан өздігінен оқып, шағатай тілін меңгеріп, түрікше жаза да білген. Кейін заманының талабына сай орыс тілін де барынша меңгеріп, қара жаяу болмаған деген де деректер кездеседі.

Зерек, алғыр, өте ұғымтал, сонымен қатар қатал, пысық, еті тірі Құнанбай жастайынан өзіндік қасиеттерімен көзге түсіп өседі. Атасы Ырғызбай сияқты 15 жасынан бастап күреске түсіп, ел арасындағы өзі шамалас балуан дегендерді жығып, балуан атанған. Көкірек көзі ашық, әрі батыл Құнанбай әуел бастан найза ұстап, батырлық пен балуандықтың майданына қатар бел шеше кіреді. Айтулы ұрыстарда да қорқып-қаймықтастан бір шетінен түре тиіп, мықты, ер, найзагер атанады. «... одан шығып, сөзге, шешендікке, билікке араласып, айтқыш, өткір тілді, алғыр екендігін көрсетеді», – дейді Жиреншин.

Міне, жастайынан балуан, найзагер болған, қатал да әділдігімен ерекшеленген Құнанбай Өскенбайдың тәрбиесімен ел билігіне араласып, әке мұрасы, ата тізгінін ұстайды. 20-25 жастағы Құнанбайдың Тобықты елі қоныстаған Шыңғыс тауының іші-сыртын қалай қорғап-қорғаштап жанұшырғанын архив деректері, М.Әуезов жазбалары, абайтанушы ғалымдардың еңбектері айғақтайды.

Жастайынан әкесінің жанында жүріп ел билеу ісіне араласып жөн-жосық көріп қалған Құнанбай билік жұмысын тез игеріп ілгері алып кетеді. Оның ел билеу әдістері әкесі Өскенбайдан ерекшелеу болады. Кейбір мінез, билік кесімдері әкесінен асып түседі. Қайсар, қатал мінезді Құнанбай әрдайым алған бетінен қайтпайтын, алысқанын алып жықпай қоймайтын, жер дауы, жесір дауы, күн дауы және сондай ел арасындағы дау-жанжалдарға билік айтарда бұлтармай, жалтақтамай билікті кесе-кесе батыл айтатын адуынды да қатал би болады. Ел билеуі 1831 жылы әкесінің орнына Күшік-Тобықты болысының старшындығына сайланудан басталады. Осыдан 1856 жылға дейін билік тізгінін қолынан шығармаған.

1844 жылы 30 шілдеде – Күшік-Тобықты болысының управителі болып сайланады.

1846 жылы 11 маусымда Кенесары Қасымовтың қозғалысына қатысты хорунжий атағы берілді.

1846 жылы генерал Вишневскийдің арнайы экспедициясына қатысады.

Құнанбай өз заманында білім беру ісіне де ерекше мән берген. «Ескі там» деген жерде мектеп ашып, онда орысша сауатты Ғабитхан Ғабдыназарұлы деген ноғайды мұғалім етіп тағайындайды. Сөйтіп, өз балалары мен руластарының балаларын оқыта бастайды. Өз балалары Құдайберді, Тәңірберді, Абай (Ибраһим), Ысқақ, Оспан, Халиоллалар алғашқы сауатын осы мектептен ашқан.

1847 жылы бір топ ел басшылары Омбы генерал-губернаторына барып, Қарқаралы мұсылмандары үшін мешіт салуға рұқсат сұраған. Акт жасап, қол қоюшы 16 адам болған. Оның ішінде мына адамдар бар:

Әйтеке-Сарым болысы – Жанқұтты Ботантаев

Нұрбике-Шаншар болысы – Тәтімбет Қазанғапов

Кәрсөн-Керней болысы – Есберген Садырбаев

Күшік Тобықты болысы – Хорунжий Құнанбай Өскенбаев т.б.

Мешіт салуға рұқсат сол жылы алынғанмен 1851 жылы Құнанбай Өскенбайұлы Қарқаралы дуанына аға сұлтан болып тағайындалған соң мешіттің салынуын ұйымдастырған. «Осы мешітке бірінші имам Хасан Сайфуллаұлы Сарытаулық тағайындалған еді...», – деп жазады Құрбанғали Халид. Бұл мешіт мұсылмандардың діни орталығы болып көп жылдар қызмет етті. Мешіт ашылғаннан бастап, Кеңес үкіметі орнағанға дейін халыққа қызмет көрсетіп, тарихи орындардың бірі ретінде мұсылман қауымның уағыз-насихат айтып, әдептілік, әдет-ғұрып пен дінді қатар жетектеп келген қасиетті орны болған. Қазіргі таңда да осы мешіт имандылық пен адамгершіліктің ұйтқысына айналып отыр.

Құнанбай өз елін отаршылыққа, егіншілікке үйрету мақсатында, ел арасын жайлаған апат-шешекке қарсы егін жұмысын жүргізуге, кедей жатақтарға зекет-жәрдем жиып, бөліп, беріп көмектесуге ниет еткен алғашқы қызметтері де архив қағаздарында көрініс беріп отырады. Сонымен қатар:

1850 жылы ел арасында жоқшылық жайлап, қайыршы-аштар көбейіп кеткенде зекет-жәрдем жиғызған;

1851 жылы Батыс-Сібір генерал-губернаторына хат жазып, Қарағайлы деген жерге кедей-жатақтарды орналастырып, оларды егіншілік кәсіппен шұғылдандыру үшін рұқсат сұрап алған;

1850 жылы әр болыстан бір ұл баладан жинап алып, шешек ауруына қарсы егу оқуына жіберген;

Омбыдағы Батыс-Сібір әскери-губернаторы ұйымдастырған жиналыстарға қатысып жүрген. Тәтімбет Қазанғаповпен бірге қатысқан деген деректер бар.

Құнанбай 1849-1853 жылдары Қарқаралы округінің аға сұлтандығына сайланады. Қарқаралы округі 1824-1868 жылдар аралығында құрылған 8 округтің ішіндегі ең үлкені. Округтің ашылу қарсаңында оның құрамында 20 000 аса шаңырақ және 80 000 аса халық болады. Кейін, яғни 1868 жылы Қарқаралы Семей облысының құрамындағы уездік қала болып бекітіледі. [7].

Ұлы қалагер М.Әуезовтің Абайдың әкесі Құнанбайдың тарихи тұлғасын «Абай жолы» роман-эпопеясында жан-жақты суреттеп, қыры мен сыры мол теңдесі жоқ типтік бейне етіп мүсіндегені белгілі. Құнанбай бейнесі романда басқа көркем бейнелерден биік тұрған тағылымы мол, бойында адамға тән жақсылық қасиет заманнан заманға үлгі боларлық, ұлттық сананы саналылықпен сақтап қалған тұлға. Оның Абайға жасаған әкелік борышы, қазақ үшін, бүкіл ұлтымыз үшін мақтан тұтарлық әке екендігі архив беттерін ақтарғанда айқын көрінеді. Балалардың дүниеге келуі мен өсуіне, олардың жастайынан бітім – болмысының жетілуіне көреген әке көп мән берген. Олардың рухани танымына

бағыт берумен қатар, мінез – құлқының қалыптасуына қарай жағдай жасап, ақыл-кеңес беріп отырған. Көп әйел алған Құнанбай балаларының татулығына, бауырмалды болып өсуіне мүмкіндік жасап, бір әйелден туған баланы басқа әйелдерінің бауырына салып, әйелдерінің де ауыл мен ауыл арасында беделді, абыройлы ана екендіктерін көрсете алған.

Құнанбай образына қатысты тарихи шындық пен көркем шындықтың «Абай жолы» роман – эпопеясындағы бейнеленуіне байланысты архив деректеріне сүйене отырып, жаңаша пікір қалыптастыруға Ә.Марғұлан, Л.М.Әуезова, Т.Жұртбай айтулы еңбек сіңірді. Кейіпкер Құнанбай мен тарихи тұлға Құнанбайдың өмірі, жеке басына қатысты оқиғалардың өзі өмір сүрген заманының тарихи шындығымен салыстыра талдау ұлы шығарманың түпкі көркемдік мақсатын терең түсінуге мүмкіндік береді [5, 6].

Әуезовтің «Абай жолы» роман-эпопеясы 20 ғасырдағы қазақ және әлем әдебиетіндегі ерекше көркем құбылыс. Суреткер өзінің роман-эпопеясында қазақ халқының рухын, ұлттық болмыс-бітімін жан-жақты ашып көрсеткен. Қазақтың дана ұлы Абайдың мәңгілік тұлғасын сөз өнерінде өзгеше даралық таныммен сомдаған. «Абай жолы» эпопеясын суреткер шебер композицияға, сюжетке құра білді.

Романның сол сюжеттік желісі жазушыға қайталанбас сом характер жасауға мүмкіндік береді. Сондай кесек, ірі сомдалған тұлғалардың бірі – Құнанбай. Жазушы романда қажы бейнесін сан-алуан оқиға үстінде әр түрлі мінез-қылығымен көрсеткен, тұңғық сыры терең, қалтарысы, бұрылысы, сұмдығы мен жауыздығы, қайраты мен қажыры, шешендік алғырлығы мен ақыл-айласы бойына тұтаса біткен жан бейнесінде өрнектелген. Оның сырт пішінінен ішін тану қиын. Қатпары көп ішкі жан дүниесінде бұғып жатқан сырлар сыртқа бірден теппейді, бергісін көрсетіп, әріде, тереңде, қалтарыста жатқанын ішінде бүгіп қалады.

Ол ескі өмірдің қаймағы шайқалмауын, заман тізгінін қолынан кетірмеді, әкімшілік-биліктен айрылмауды, елге Құнанбайлық әмірін жүргізуді көздейді және осы ниетінен қайтпайды. Өз қарауындағы елді құрығында ұстап, көнбегендерге Құнанбайлығын істейді, тізесін батырады. Мұның барлығын өз қолымен емес, басқалар арқылы істейді, өзі тасада қалады. Ол азуы кере қарыс Алшынбайды да «Алшеке» дей отырып, өз керегіне жаратады. Ол шарифатты да, «құдайшылықты» да дегені үшін құрбандыққа шалады. Құнанбай уысынан шығар пенде жоқ, өйткені онда әкімдік бар. Сыртқа да, ұлыққа да жақындық бедел бар. Әрі қолы ұзын, малды, сөзге жүйрік. Мінез бен іске де алғыр. Осылардың бәрі өз ортасын бойымен басып жығып беруге себеп болды. Демек, романда Құнанбай қулығына құрық жетпес, ақылы мен тұлкілігі, айласы мен амалы астасып жатқан терең шыңырау болып бейнеленген. Жазушы оның сол әрекетін нақтылы оқиғалар арқылы шығарманың бүкіл бейнелі құрылымында образдар жүйесінде көрсеткен.

Құнанбай айла-амалы, өзгенің қолымен от көсейтіні ру басшыларын да осы қылмысқа ортақ етуінен анық танылады. Ол «күнәһар» Қодар мен Қамқаға қандай жаза қолдану керек, оны да өзі жеке дара шешпеген, ру басшыларының

сарабына салған болады. Бірақ бұл жерде Құнанбайлығын жасады. Өлтірткен ол емес, солардың өздері: «Адам өлтіріп отырсың, не бетіңмен үн шығарасың?» дейді Бөкей Қаратайға. Құнанбай шарифатты өз кәдесіне жаратады. Мұндай «ел қорлаған сұмдыққа, ел көрмеген жаза керек» деп шарифат атымен үкімін шығарады [8].

Құнанбай тұлғасының жасалу шеберлігі бүкіл дүниежүзілік әдебиет тарихында сирек ұшырасады. Әдеттегі түсінікпен атасақ, Құнанбай – жағымсыз кейіпкер. Дұрысында да солай, кері кеткен кер заманның жанкешті жақтаушысы, рулық-феодалдық жүйенің бір тінін үзгісі, бір өрімін ыдыратқысы келмейтін шынжырлы шонжар – жаңаның жауы, күні өткен, тозығы жеткен көненің жамап-жасқаушысы...

«Абай жолы» романында Мұхатар Әуезовтің айтуында да Құнанбай тұлғасы идеялық жағынан алып қарағанда, сол дәуірде қазақ даласына енді-енді еніп келе жатқан жаңаның жолындағы кедергіні – ескіні көрсету нәтижесінде туған. Әдетте осындай ұнамсыз типтер бізде (тек бізде ғана емес) бірыңғай қара бояумен атастырыла, ылғи жамандық жағы қазбаланып, кейде тіпті іске алғысыз дөкір, дөрекі күйде көрсетілетін. Әрине, мұндай жағдайда да автордың идеялық мақсаты болатыны даусыз. Бірақ сол идеяның көркемдік шешімі даулы, жасанды және жалаңаш. Ал, Құнанбай ондай емес. Мейлінше шыншыл суреткер бұл образды мінездеу мен мүсіндеуге, жинақтау мен даралауға өзінің бай палитрасындағы бір (қара) емес, бірнеше (ақ, көк, сары...) бояуды қоса, қатар жұмсап, түрлі-түсті табиғи кескінде, алдымен адам ретінде барлық күнге-көлеңкесімен жан-жақты, толық, тұтас тұлғаландырған. Автор ұнамсыз кейіпкер бойындағы ұнамды қасиеттерді күзеп не тонап әкетпейді, өзіне береді, өзінде қалдырады.

Құнанбай – азулы ғана емес, ақылды: шоқпар мен сойылдың ғана емес, әріден толғайтын ойдың адамы. Көзі дара болғанмен көкірегі сара – көреген: ашуы мен қайратын қатар ұстайтын, қаталдығының арғы жағында қайсарлығы жатқан қасарма, сұғын қадағанды сілейтпей тынбайтын қазымыр, қырыс кісі. Арыстанның айбаты да, жолбарыстың жүрегі де бір өзінде; жыртқыштығы да сондай; бүргені құтылмайды, құтылса мынаның тырнағы сонымен бірге кетеді. Мұнысы да қайтпас қайсарлыққа саяды. Осыған енді амалы мен айласы қосылғанда Құнанбайдың қулығы мен сұмдығына, сұңғыла зымияндығына найза бойламай шығады. Мұнысы – ақылдан туған тәсіл. Құнанбай алыс-жұлысқа, арпалысқа ғана емес, сөзге де жүйрік, шешен, тілі өткір, тиген жерін тіліп түседі. Осылардың бәрі Құнанбайдың өз ортасынан биік, оқшау тұрған жоталы тұлға екенін көрсетеді және оның осындай өзгеше бөлек бітімін өз ортасы да әбден мойындап болған. Құнанбайдың көп қырлы қасиетін досы түгіл дұшпаны да жоққа шығара алмайды. Дәлел ретінде романның 1-кітабынан Абайға Байдалы айтып берген бір қызық жәйтті мысалға келтірелік. Байдалы Абайға: «Тап соның ішінде көп қойма жатыр, не керек», – деп Қаратайды мақтай отырып былай дейді: «Әне бір күндерде Қаратай, Бөжей, Байсал бар – барлығымыз Қаумен үйінде түстеніп отыр едік. Жиын бір сөзден бір сөзге түсіп, шалқып отырып, ақыр аяғы «Жә, өзіміз көргенде мырза кім?» дегенге келді. Жұрт ойланып қалды. Байсал

күншуақта жатқан тағыдай көзін бір ашып, бір жұмып, бүк түсіп сырт қарап жатқан. Жаңағы сөзге ол қатысқан жоқаласты. «Мырза кім?» дегенге Қаратай жауап беріп, «Мырза – Құнанбай» – деді. Тағы біраздан соң ол жиын: «Шешен кім? – деді. Тағы Қаратай жауап беріп, «Шешен – Құнанбай» – деді. Екі бел асты. Аздан соң және бір оралып кеп: «Жақсы кім?» десті. Әлгі Қаратай және жауап беріп: «Жақсы – Құнанбай» – деді. Сол кезде Байсал басын жерден жұлып алып, саңқ етіп: « – Уай, Көкше, не оттап отырсың өзің?» – деп, Қаратайға қадала түсіп. Мырза Құнанбай екен, шешен Құнанбай екен, жақсы Құнанбай екен! Ендеше не көкіп алысып жүрміз онымен? – деді. Соған Қаратай іле жауап беріп: «Әй, тәйір-ай, мен Құнанбайдың өзге жағынан мін тауып алысып жүрмін бе? Жалғыз-ақ «не қылайыны» жоқ қой, сондықтан кетіп жүрген жоқ па?» – деді [2, 3]. Құнанбайдың кім екенін бұдан дәл Іһәм әділ айту қиын. Құнанбай – тек өзі билеп отырған қазақ сахарасын ғана емес, осылардың бәрін бақылайтын, патша әкімдерін де мысын құртып, уысына алып алған жұмулы жұдырық. Мәселен, піскен бас Майырдың өзгеге илікпейтін қырсықтығы Құнанбайға келгенде бұлтындап кетеді. «Майыр, сенің атаңның аты Тобықты емес еді. Осы Қарқаралыға келіп бауыр тапқаннан аманбысың? Бөжейді айдату керек, қағазын дұрыста деп ем, сары аурудай создың да кеттің ғой. Соның жан күйері сен болып, бауыр тартып, бауырың езіліп жүр ме осы, немене?!» Осылайша өзібилік жүргізген атыраптағы қазақты бұқтырып, орысты ықтырып, бәрін өз алдында құрдай жорғалатқан Құнанбайдың философиясы да, дипломатиясы да бір басына жетерлік. Құнанбай осындай кесек кейіпкер, қия жартастай мықты тұлға болмаса, онымен күреске түскен Абайдың да ірілігі көрінбеген болар еді. Абай осындай алынбас қамалды алған алып боп шығуы да жазушының ұнамсыз тип жасау тәсіліндегі нұсқалы шеберліктің нәтижесі. Құнанбай жалғыз емес. Оның маңында әр рудың басы, әр ауылдың ақсақал-қарасақалдары – Бөжей, Байдалы, Сүйіндіктер бар. Өз іргесіндегі Майбасар, Ызғұтты, Тәкежан, Жиреншелер бар. Оразбай, Шұбар, Әзімбайлар бар. Дәуірлік белестен алып қарағанда осылар – бір лагердің адамдары. Абайдың қарсыластары, Абай бастаған жаңаның ата дұшпандары. Сонымен қатар осылар өзара да ыри-тыри: бақастар, бәсекелестер, бақталастар. Қарақан бастың қамына келгенде булар бірін-бірі аямайды, біріге бере талап тастап, бөліне бере түтіп жеп жүргендері...

Бұл – адам адамға дос емес, қасқыр болған Құнанбай заманының заңы. Майталман суреткер Құнанбай маңындағы бар адам және әр адам арқылы солар өмір сүрген заман кескінін де зергерлікпен бейнелеп көрсеткен. Байлар мен билер тепкісіндегі қазақ қоғамының «алтыбақан алауыздығын» патша отаршыларының қалай пайдаланғанын да ұтымды аңғартады. Бірінің тізгініне бірі жармасып, бірінің шалғайынан бірі тартып, бірінің аяғынан бірі шалып орға жығып, көрге тығып жатқан Құнанбайлар, әрине, өз заманымен бірге тарих сахнасынан кетеді. Бірақ ең қауіпті жері – «құнанбайшылдық» қалып қояды. Бұдан арылу үшін адамдарды ұзақ уақыт шомылдыру, тазалау, қағып-сілку, тіпті кейбір кеселді денеден сыдырып алып тастау керек, Құнанбай тұлғасын жасау арқылы автордың оқырманға берер сабағы осындай [7, 8].

Әдебиеттер

1. Абай Құнанбаев. Шығармаларының бір томдық толық жинағы. Қазақтың Мемлекеттік Көркем Әдебиет Баспасы. – Алматы, 1961.
2. Жолдасова Т. Құнанбай бейнесі: Тарихи шындық пен көркем шындық // Қазақстан Жоғары мектебі. – №2. – 2003. – 210-215 б
3. // Қазақ тілі мен әдебиеті. – № 10. – 1999. – 55-58 б
4. Жолдасова Т. Құнанбай және Оспан (аңыз бен ақиқат) // Ізденіс. – №4-5. – 1999. – 22-24 б.
5. // Абай. – №1. – 2004. – 2-11 б.
6. // Қазақ әдебиеті. – 7 сәуір, 2000.
7. // Ізденіс. Stud.kz Рефератынан үзінді

МРНТИ: 14.25.09

КУНАНБАЙ В ИСКУССТВЕ И ЛИТЕРАТУРЕ: ОТРАЖЕНИЕ ЖИЗНИ И ОБЩЕСТВА XIX ВЕКА В КАЗАХСТАНЕ

Бактанова Д.Е., студент 3 курса
Международный Университет Астана
(РК, г. Астана)

Кунанбай Ускенбаев (1804-1886) – одна из ключевых фигур казахской истории XIX века. Его деятельность как бия, старшины и главы рода Тобықты оказала существенное влияние на политическую и социальную жизнь казахского народа. В литературе и искусстве образ Кунанбая нашел свое отражение в многочисленных произведениях, где он предстает как символ патриархальных устоев и традиционных ценностей. Данная статья посвящена анализу образа Кунанбая в казахской литературе и искусстве, с акцентом на его сложность и многогранность.

Литературные интерпретации образа Кунанбая «Путь Абая» Мухтара Ауэзова

Роман-эпопея «Путь Абая» Мухтара Ауэзова является одним из наиболее значительных произведений казахской литературы, где образ Кунанбая занимает центральное место. В этом романе Кунанбай представлен как строгий и волевой отец, чьи методы воспитания и взгляды на жизнь вступают в конфликт с прогрессивными идеями его сына Абая. Ауэзов создает многослойный образ, который отражает противоречия между традицией и модернизацией. Кунанбай в романе – это не просто авторитетный лидер, но и человек, глубоко преданный своему народу и его обычаям, что делает его характер сложным и многогранным [1].

«Кунанбай» Сакена Сейфуллина

В произведении Сакена Сейфуллина «Кунанбай» акцент смещается на политическую и общественную деятельность Кунанбая. Автор изображает его

как влиятельного и умелого политика, чьи действия направлены на укрепление позиций казахского народа в условиях давления со стороны Российской империи. Сейфуллин подчеркивает способность Кунанбая лавировать между традиционными ценностями и необходимостью адаптации к новым условиям, что делает его фигуру центральной для понимания социально-политических процессов того времени [2].

Изобразительное искусство

Образ Кунанбая нашел свое отражение и в изобразительном искусстве. Художники, вдохновленные его личностью, создавали портреты, в которых подчеркивались его сила, мудрость и авторитет. Эти изображения обычно представляют Кунанбая в традиционной казахской одежде, что символизирует его приверженность культурным традициям. Одним из наиболее известных изображений является картина Абильхана Кастеева, где Кунанбай предстает как величественная и решительная фигура [3].

Киноискусство

Киноискусство также внесло свой вклад в популяризацию образа Кунанбая. В 2015 году вышел фильм «Абай», в котором роль Кунанбая исполнил Болат Абдилманов. В этой киноленте образ Кунанбая раскрыт через призму его отношений с сыном, что позволяет зрителю глубже понять внутренние противоречия и моральные дилеммы, с которыми сталкивался этот выдающийся лидер. Игра Абдилманова передает всю сложность характера Кунанбая, его борьбу между необходимостью сохранить традиции и стремлением к прогрессу [4].

Образ Кунанбая Ускенбаева в литературе и искусстве отражает многогранность и противоречивость этой исторической фигуры. Будучи символом традиционных ценностей и патриархальных устоев, Кунанбай также является воплощением мудрости и политической дальновидности. Его образ, многократно воспетый в литературе, живописи и кино, продолжает вдохновлять новых авторов и художников, внося ценные вклад в культурное наследие казахского народа. Анализ произведений, посвященных Кунанбаю, позволяет глубже понять исторические и культурные процессы, происходившие в Казахстане в XIX веке, и его роль в этих событиях.

Литература

1. Ауэзов М. Путь Абая. – Алматы: Казахское государственное издательство художественной литературы, 1942-1956.
2. Сейфуллин С. Кунанбай. – Алматы: Жазушы, 1934.
3. Кастеев А. Избранные произведения. – Алматы: Онер, 1976.
4. Абдилманов Б (актёр). Абай (фильм). – Реж. Сакен Жолдас, Казахфильм, 2015.

2-СЕКЦИЯ: ӘДЕБИЕТ ПЕН ӨНЕРДЕГІ ҚҰНАНБАЙ БЕЙНЕСІ

СЕКЦИЯ 2: ОБРАЗ ҚҰНАНБАЯ В ЛИТЕРАТУРЕ И ИСКУССТВЕ

ҒТАХР: 17.82.09

ӘДЕБИ ШЫҒАРМАЛАРДАҒЫ ҚҰНАНБАЙ ӨСКЕНБАЙҰЛЫНЫҢ КӨРКЕМ БЕЙНЕСІ

Безаубекова А.Д., ф.ғ.к., қауымдастырылған профессор, аға оқытушы

Аубакирова Ю.Д., магистр, аға оқытушы

Ахмет Байтұрсынұлы атындағы Қостанай Өңірлік университеті КеАҚ
(ҚР, Қостанай қ.)

Қазақ халқы бір ауыз сөзге тоқтаған берекелі халық екендігін тарих та, әдебиет те дәлелдейді. Құнанбайдың ділмарлығы мен шешендігі әр түрлі дау – дамайларда көрініп отырған. Ел мен ел арасындағы бітімін таба алмай жүрген даулардың басын қайырып, әділ баға, орынды сөз, ел достастыраар шешімін айтып, бейбітшілік орнатып отырған.

Мұхтар Омарханұлы Әуезов өзінің жазбаларында былай деген екен: «Абай кезіндегі қазақ даласында күні өтіп бара жатқан, бірақ тамыры әлі де тереңдегі ескіні мен Құнанбай образына жинақтадым. Ал, оның баласы Абай бойында енді туып келе жатқан жаңа бар. Сондықтан, ақын Абайдың қалыптасуын көрсету арқылы мен үлкен қоғамдық шындықты – ескі мен жаңаның диалектик, қарама-қарсылығын, күрес нәтижесінде ескіні жаңаның жеңуін ашуға тиіс болдым» – деп көрсеткен екен. Заңғар жазушының бұл сөздерінен-ақ кезінде тура бағасын ала алмай келе жатқан образдарға бүгінгі күнгі көзқараспен жіті бақылап, зерттеулер жасау керектігін аңғарамыз. Аға сұлтан болып, еліне әділдігі мен даналығы мәлім болған қоғам қайраткері өз дәуірінде «Құнанбайға жан жетпес, Тірі жан аттап оны өтпес» деген бағаға ие болған. Ең әуелі, Құнанбайды ескінің көлеңкесінен алып шығу қажет. Кертартпа Құнанбай деген пікір айтар болсақ, Ескі тамда мектеп ашып, балаларын оқу – білімге жетелеген әрекетіне не демекпіз? Абайды Семейге әкелуі ғылым мен білім жолына түсіріп, білім алуына жаққан шырағы емес пе? Жаңа заман басшысын Абай деп танитын болсақ, сол игі жолдың ең басында Құнанбай тұрғанын ұмытпалық [1].

М.Әуезовтің романы нақты тарихи шындықтар кеңестік социализмдік реализмнің қатаң талабы бойынша көркем жинақталса, Р.Тоқтаров романында Абай өміріне, ол өмір сүрген заманға бүгінгі азат идея, жаңа заман көзқарасы бойынша келіп, барынша өмірлік шындыққа жанастыра білді. Р.Тоқтаров «Абайдың жұмбағы» еңбегін «Роман-хамса» деп атауының өзіндік мәні бар. Онда Абайдың балалық шағынан тұлға ретінде қалыптасу жолындағы елеулі оқиғалар мен тарихи адамдарды бес кітапқа бөліп баяндау арқылы Абай өмірінің әр кезеңінің тарихи шындығын ашуға құлшыныс жасайды. Романның «Толғақ»

деп аталатын 1-кітабында Кенесары, Құнанбай, Қодар осы үш кейіпкерді өзек етіп, дәуір шындығын, ұлт болымысын бедерлейді. Үлкен жағынан айтсақ, үшеуі де сол замандағы қазақ халқының басындағы хал мен заман шындығын бір қырынан көрсететін көркем образ [2].

Поляк қайраткері Адольф Янушкевичтің жазбаларына үңілсек: «Құнанбай – өңірге аты жайылған адам, қарапайым қазақтың баласы. Ғажайып ақыл – ес және жүйрік тілдің иесі. Іскер, аталастарының игілігі туралы қам жейді, дала заңдары мен Құран қағидаларының жетік білгірі, қазақтарға қатысты ресейлік жарғыларды бес саусағындай біледі, қара қылды қақ жарған би және өнегелі мұсылман. Жұрт пайғамбардай сыйлайды. Одан ақыл сұрауға жас та, кәрі де, кедей де, бай да шалғай ауылдардан келіп жатады. Тобықты руының сеніміне ие болып, болыстыққа сайланған, әділетсіздік пен дәулеттілердің зорлығына қарсы қалқан болған», – деген деректер келтіреді [3,10].

Тұрсын Жұртбай. Өзінің «Үш қиян» газетіне берген сұхбатында мынандай деректер келтіреді: Біз Құнанбайды өз заманының оқымыстысы, ғұламасы, қайраткері деп білеміз. Ол жастайынан билікке, дүние ісіне көп араласады. Сондай тұлға өмірінің соңында тіршіліктен баз кешіп, тақуа болып, ілімге бас ұрады [4,12].

Ал С.Әштарұлының еңбегінде А.Янушкевичтің мына бір пікірі де тоқсан ауыз сөздің тобықтай түйінін айдан анық көрсетеді. Ол: «Кезінде Құнанбаймен танысып, істес болған поляк жазушысы Адольф Янушкевич 1832 жылы Сібірге жер аударылып, келіп жүріп, қазақтың елі-жері, әдет-салты, атақты адамдары туралы жазған кітабы 1861 жылы Парижде, 1875 жылы Берлинде поляк тілінде басылады. Ол кітаптағы көптеген деректерді Құнанбай Өскенбайұлының аузынан алғанын айта келіп, Құнанбай туралы да мәлімет берген: «Құнанбай қарапайым қазақтың баласы, табиғат оған кесек ақыл, ғажайып ес, жүйрік тіл берген. ол құран қағидалары мен дала заңдарының жүйрік білгірі, қазақтарға қатысты патшалық Ресейлік жарғыларды бес саусағындай біледі. Қара қылды қақ жарған би және өнегелі мұсылман. Қарапайым Құнанбай әулиенің даңқына бөленген. Одан ақыл сұрауға жас та, кәрі де, бай да, кедей де шалғай-шалғайдағы ауылдардан келіп жатады, олар жанған жұлдыз секілді даладағы барлық тайпаларға нұр төгеді» – деп жазған» [5, 9].

Құнанбай оқу оқып, білім алуды ерекше бағалаған адам. Ол өзіне біткен баланың бәрін бірдей оқытумен қатар, еліне, қоғамына білім таратып ұстаздық ететін өзге ұлт өкілдерін жанына жинады. Татардан шыққан Ғабитхан, Кішкене молда, Ысқақ тұқымы, Түркістаннан келген Бердіқожа, Кавказдан келген Ғабдолла (Қазапай атанып кеткен) сияқты, қырғыздан келген Бәшібектей жандар бар. Осының бәрі болмаса да көпшілігі бала оқытып, ұстаздық құрып, тобықты ішіне оқу-білім таратқан жандар.

«Қажы марқұм бұл елдің бек надан кезінде туып, шала хат танып қалса да, Өскенбай биге әр жақтан келген хаттарды оңашаға алып барып, біріне-біріне салыстырып өздігінен хат танып, түркі кітаптарын оқитын болыпты. Және ноғай молдаларын сақтап, елсізге үй салғызып, қазақтың балаларын жиып алып, бұл жақтағы қазаққа оқу оқытып, хат танытқан сол қажы марқұм еді. Осы күнгі біздің

күзеу қорамыз «Ескі там» деген сол мектептің орны еді. Қажы марқұмның алдына келген қазақ бұрын намаз оқымай жүрген болса да, намаз оқушы еді. Насыбай харам деп бір молда айтқан соң, насыбайшыларды тиып еді. Бұрын зекет бермейтұғын қазаққа зекет бергізген сол кісі еді» [6].

Мақтаудан бөлек даттаулар да жетерлік. Құнанбай образын біршама еңбектерде қатігез тұлға ретінде көріп, ел арасында негізсіз жала жауып жүргендер де кездесіп жатады. Соның бірі мына бір талқылаудан үзінді: «Өсектен өршіген өрт 1943 жылы наурыз айында, атақты Ленинград қоршауы бұзылысымен лап ете қалды. «Абай» романының тағдыры талқыға түсті. Басты қарауылға Құнанбай образы ілікті. Шабуылға шығушылар-жоғарыдағы бай баламан қайталады. Романда «трагедия, драма жоқ», «таптық тартыс жоқ», «шығарма ешқандай үлгіге сай келмейді, феодалдық роман», «кедей кейіпкер жоқ», «рушылдықты қоздырады», «Құнанбай солардың көсемі!» десті. Буларға дау айтқан «Абайдың» жақтаушылары да дауды дабырайтып, дәл сол тұста сақтанып-ақ айтатын екінші бір жаққа езулей сыңар тартты. Олар Құнанбайды «мемлекеттік адамы», «феодализмнің қатал қайраткері ретінде бағалады». Тіпті, эпизодтық кейіпкер Сары апаңның өзі де Сәбит Мұқановтың пайымдауынша сол «мемлекеттік адамның» қатарына қосылып кетті. Айтысушы екі жақ та тек жалаң социология мен таптық мүддені тілге тиек етті де, көркем шығармадағы көркем образды талдап отырғандарын ұмытып, әр кейіпкердің өмір-тарихын қуалап кетті. Леторлық позиция, өмір мен опер шындығы, философиялық-психологиялық желілер, көркем шешімдер жайына қалды. Романның жанрына да сол тұрғыдан тәжікелесіп: «Абай» тарихи салт-ғұрыптың романы ма, тарихи-қоғам құрылысының романы ма? деген сұрау қойып, «тарихи салт-ғұрыптың романы» деп жауап берді. Осыған байланысты аты «Құнанбай» болуы керек еді [6, 13].

Бұл ең қауіпті байлам еді. Егер де Мұхтар әлгі сыншының ығына жығылып, дегеніне көнсе бітті, одан арғы романның да, өзінің де тағдыры Зоценко мен Ахматованың кебін құшары айдай анық. Өзі «тарихи салт-ғұрып романы», аты «Құнанбай» болса – жалған жала іздеудің қажеттілігі де жоқ, өзін-өзі жарға сүйреп апарар еді.

Екінші қауіпті баға – романның бар қасиетіне сүйене келіп, қолындағы құрығын қарсыласының басынан асыра сілтеген, әсірешіл-әсірешілдік, дәлірек айтсақ «құнанбайшылық» еді. Құнанбайдың жеке басын дәріптеуден, оны шын мәніндегі қазақ елінің «мемлекеттік адамы» етіп көрсету ниетінен туған үстеме баға болар еді. Бұл пікірді роман хақында баяндама жасаған сыншы Есмағамбет Ысмайылов барынша түсіндіруге тырысты. Ол: «1) Құнанбайдың Қарқаралы қаласына мешіт салдыруы прогрессивті әрекет, сондықтан Абай ол ниетке қарсы шықпай, қайта қостау керек. 2) Алшынбай ел қамын жеген, ел арасының дәнекері, жалпы қазақтың мұңын жеген адам. 3) Құнанбай – қазақтың Иван Грозныйы. «Ел бірлігін сақтау үшін қаталдыққа сүйенген», – деді [6, 13-14].

АҚШ аудармашылары М. Әуезовтің әйгілі романын ағылшын тіліне тәржімалағанда «Абай жолы» деп емес, «Құнанбай» деген атпен жариялауы нені байқатады? М. Әуезов Құнанбай образын қалағанынша көрсете алмады десек те,

бәрібір, Құнанбай бейнесі кесек шыққан. М. Әуезовтің қолданған әдісі Э. Хемингуэй айтқан мұзартты еске түсіреді. Әдетте, мұзарттың 9 бөлігі су түбінде көрінбей жатады екен. Құнанбай бейнесі де осы мұзарт сияқты. Романды үстірт оқыған адам мұзарттың су бетіндегі бір бөлігін ғана байқап, су астындағы 9 бөлігін көре алмайтыны тәрізді, жазушының күрделі конструкциясын ажырата алмайды. М.Әуезов «Абай жолы» роман-эпопеясында Құнанбай бейнесін «неғылайыны жоқ» қатыгез етіп көрсеткенімен де, шығарма ішіндегі кішкентай детальдар арқылы оны қайта жоққа шығарып отырады [7, 1087]. Осылайша, «Құнанбай образы» шығармаларда жұмбақ әрі көркемдігімен ерекшеленеді.

